- 24 Isin, A.I. (2005). Russkie istochniki XV–XVII vv. o Kazakhstane. Materialy po mezhdunarodnym sviaziam Moskovskogo gosudarstva [Russian sources of the 15 th–17th centuries. about Kazakhstan. Materials on the international relations of the Moscow State]. *Posolskie materialy Russkogo gosudarstva (XV–XVII vv.)*. Tom I. Sostavlenie, transkriptsiia skoropisi, spetsialnoe redaktirovanie tekstov, vstupilnaia statia, kommentarii, sostavlenie slovníkov, ukazatelei A. Isina [Ambassadorial materials of the Russian state (XV–XVII centuries). Vol. I. Compilation, transcription of cursive writing, special editing of texts, introductory article, comments, compilation of dictionary indexes by A. Isin]. Almaty: Daik-Press, 17–32 [in Russian].
- 25 Isin, A. (2005). Posolskie materialy Russkogo gosudarstva (XV–XVII vv.). Tom I. Sostavlenie, transkriptsiia skoropisi, spetsialnoe redaktirovanie tekstov, vstupilnaia statia, kommentarii, sostavlenie slovníkov ukazatelei A. Isina [Ambassadorial materials of the Russian state (XV–XVII centuries). Vol. I. Compilation, transcription of cursive writing, special editing of texts, introductory article, comments, compilation of dictionary indexes by A. Isin]. Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 26 Erofeeva, I.V. (2005). Svedeniia o kazakhskom narode i Kazakhstane v rossiiskikh letopisnykh i diplomaticheskikh istochnikakh [Information about the Kazakh people and Kazakhstan in Russian chronicles and diplomatic sources]. *Russkie letopisi i ofitsialnye materialy XVI — pervoi treti XVIII v. o narodakh Kazakhstana* [Russian chronicles and official materials of the 16th — first third of the 18th century. About the people of Kazakhstan] / Sostavlenie, transkriptsiia, kommentarii, vstupilnaia statia I.V. Erofeevoi. Vol. 2. Almaty: Daik-Press, 5–30 [in Russian].
- 27 Russkie letopisi i ofitsialnye materialy XVI — pervoi treti XVIII v. o narodakh Kazakhstana (2005). [Russian chronicles and official materials of the 16th — first third of the 18th century. About the people of Kazakhstan] / Sostavlenie, transkriptsiia, kommentarii, vstupilnaia statia I.V. Erofeevoi. Vol. 2. Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 28 Erofeeva, I.V., & Zhanaev, B.T. (2007). Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI–XX vekov. Putevye dnevniki i sluzhebnye zapiski o poezdakh po yuzhnyim kazakhskim stepiam. XVIII–XIX veka [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI — XX centuries. Travel diaries and service notes on trips to the southern Kazakh steppes. XVIII–XIX centuries]. Almaty: Daik-Press, 6 [in Russian].
- 29 Kireev, F.N., Aleinikova, A.K., Semenyuk, G.I., & Shoinbaev, T.Zh. (1961). Kazakhsko-russkie otnosheniia v XVI–XVIII vekakh: sbornik dokumentov i materialov [Kazakh-Russian relations in the XVI–XVIII centuries (collection of documents and materials)]. Alma-Ata: Izdatelstvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR [in Russian].

Г.У. Ахметшина^{1*}, С.К. Кабылтаева², Н.Е. Сайлаубаева²

¹Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Қазақстан
²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: guldena_82@mail.ru; uteubaeva81@mail.ru; n761@mail.ru)

Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорларының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы идеяларын іске асыруға қосқан үлесі

Мақалада Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің тәуелсіздік алған жылдардан бері ел тарихын қайта жаңғыртуға бағытталған жұмыстары сараланған. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көтерілген мәселелерге байланысты ел архивтерінің қосқан үлесі зерттелген. Мемлекеттік тұрғыдан архив ісін жаңғыртуға байланысты қабылданған бағдарламалардың жүзеге асырылу барысы баяндалған. Авторлар Қазақстан архивтерінің тәуелсіздік алған жылдардан бергі атқарған іс-шараларын саралап, кезең-кезең бойынша жіктеп қарастырған. Мысалы, 1990 жылдар мен 2000 жылдар аралығында республикалық архив қорларындағы сақтау бірліктері, қабылдап алынған істердің жай-күйіне тоқталған. Аталмыш күндерді атап өту барысында ел архивтерінің атқарған істері, өткізген көрмелері, жинастырған құжаттарының сипаттамасы баяндалған. Облыстық архивтердің Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерін ашу мақсатында ХХ ғасырдың нәубетті жылдарында шетел асып кеткен қазақтар туралы, аштық, қуғын-сүргін қасіретіне арналған құжаттарды жинақтап, Бас архив қорына тапсыруы, осы құжаттар негізінде «Алаш-Мирас» деп аталған ғылыми альманахтар шығаруы өте ауқымды істердің бірі болып саналады. 1995 жылы еліміздің архив ісіне 200 жыл толуына байланысты өткізілген халықаралық конференция жұмыстарының да хаттамаларына көз жүгіртіп, сараланған. Бұл конференцияға ТМД елдерінің архив басқармаларының өкілдері келіп қатысқан. Бұдан өзге, ТМД елдерінің барша архив мекемелері жұмылып кіріскен, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан және із-түзсіз жоғалып кеткен жауынгерлерді іздестіру мақсатында Қазақстанның әр облысынан майданға аттанған азаматтардың тізімін жасау сынды ауқымды шара жүргізілген. Осы жұмыстың нәтижесінде әр облыстың «Еске алу кітабы» шығарылған. Архивтердің осы бағытта жүргізген іздестіру жұмыстары мәселелеріне авторлар тереңінен тоқталуға тырысқан. 1997 жылы «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылында» ел архивтері ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін кезінде жазықсыз атылған асыл азаматтарды ақтау мақсатында архивтердің шаң басқан сөрелеріндегі құжаттарды көтеріп, осынау бір игі іске қомақты үлестерін қосқаны белгілі. 1998 жылы «Ұлттық архив туралы заңның» бекітілуі ел архивістері үшін бұл жылдың ерекшелігін айқындай түсті. Осы жылы бір жағынан «Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жарияланғандықтан, ғылыми-теориялық конференцияларды, архив материалдарын негізінде жарияланған отан тарихына қатысты іргелі еңбектер, ғылыми мақалалар кеңінен жарық көрді. Авторлар 2000 жылдары қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды, «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Архив–2025» сынды бағдарламалар негізінде атқарылған кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижесін зерделеуге тырысқан.

Кілт сөздер: ұлттық архив, архив қорлары, мемлекеттік бағдарлама, бағдарламалық мақала, тәуелсіздік, күнтізбе, альманах, жеке тектік қор, рухани жаңғыру, архившілер.

Кіріспе

2017 жылғы 12 сәуірде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарық көргені баршамызға белгілі. Мақала қоғам өміріне тың серпілістер әкеліп, жаңа бастамаларға мұрындық болды. Елбасы көтерген негізгі көкейкесті мәселелерді қоғам қайраткерлері талқылап, сол идеяларды жүзеге асыруға жаппай ат салысты.

Елбасы өзі атап өткеніндей, «Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес» [1]. Бұл бағытта тәуелсіздік алған кезеңнен бері бірнеше ауқымды мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, біраз шаралар жүргізілді. «Рухани жаңғыру» — «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламаларының жалғасы.

Біз мақаламызда ел архивтерінің осы жоғарыда аталған бағдарламалар қабылданбай тұрған кезінде–ақ, тарихымызға үлес қосар қомақты іс-шаралар жүргізгендігі туралы баяндамақпыз.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: guldena_82@mail.ru

Мақаланың мақсаты — тәуелсіздік алған жылдардан бергі ел архивтерінің қоғам санасын рухани жаңғыртуға қосқан еңбегін, үлесін зерттеп, саралау.

Мақсатқа жету үшін алдымызға мынадай міндет қойдық: ел архивтерінің атқарған іс-шараларын кезең-кезең бойынша жіктеп қарастыру, зерттеу, зерделеу.

Мақаланың өзектілігі: тәуелсіздік жылдарында ел тарихының «ақтаңдақ» беттерінің сырын ашуға үлес қосқан архившілердің, тарихшы-зерттеуші мамандардың еңбегіне баға беру бүгінгі күн талабындағы мәселелердің бірі болып саналады. Мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалардың ұлттық тарихымызды ұлықтап, кем-кетігін толтырып, ұлттық санамызға сілкініс жасап, жас ұрпаққа шынайы тарихымызды ұсыну мақсатына жету үшін қолайлы сәттер туғызғаны шындық. Тарихшы қауым осы бағдарламалар негізінде іргелі тарихи еңбектерді дүниеге әкелері сөзсіз.

Зерттеу әдістері

Әрбір тарихшының архив материалдарымен жұмыс істеу барысында қиындық туғызатын басты мәселесі бұл — зерттеудің нақты жолын анықтау болып табылады. Іздеген материалдың барлығы архивте әрқашан жинақталып тұрмайды. Сондықтан да, зерттеуші іздеу жұмыстарын түбегейлі жүргізуі қажет. Осы орайды, біз ең алдымен архивтік эвристика әдісін қолдандық.

Архивтік эвристика әдісі бұл – архивтегі іздеу жұмыстары ғылыми тұрғыда дәлелденген, бір мақсатқа жетуге бағытталған, жоспарлы түрде жүргізу жұмыстары. Мақаланы жазу барысында, тақырыпқа орай құжаттарды ең алдымен архивтік эвристика әдісі арқылы іздестіру жұмыстарын жүргіздік, яғни тақырыпқа байланысты архив қорларында кездесетін барлық материалдарды сараладық.

Келесі қолданған әдісіміз — атрибуция әдісі, яғни табылған құжаттардың түпнұсқалығы, шыққан жері мен уақыты, авторлары туралы анықтау жұмыстарын жүргізу. Атрибуциясыз құжатты дұрыс түсініп, бағалап, қолдануға болмайды. Сонымен қатар, атрибуция әдісі нақты есімдер, ұйымдар, баспалар туралы анықтама жүргізумен тығыз байланысты. Архивте іздеу жұмыстарын жүргізу — зерттеушіден тарихи терең білімді қажет ететін күрделі процесс.

Жазба жүргізу әдісі — мәтінмен, баспасөз материалдарымен, әдебиеттермен, кітаптармен жұмыс жүргізгенде қажетті әдістердің бірі. Мақала жазу барысында анықтамалықтар, арнайы әдебиеттердегі материалдарды оқу барысында үнемі керекті жерлерін (жоспары, мазмұны, құрылымы, терминдер мен ұғымдарын) конспектiге түсіре отырып, жазба жүргізу әдісін үнемі қолдандық.

Талқылау

Ұмытшақтықтан, ессіздіктен асқан жаман нәрсе жоқ. Егер балалар өзінің ата-анасын ұмытса, балалық кездегі достарын, туған ауылын, оқыған мектебін білмесе, бұл бақытсыздық емей немене? Адамдардың жады да архив сияқты барлығын жинап, ұзақ уақытқа сақтайды да, керек езінде еске түсіріп, жаңғыртып отырады. Адамзат тарихы тарихи дәуір мен адамзат ұрпағының сабақтастығына негізделген.

Өткен кезеңді зерттеуде құжат көздерінің рөлі мен маңызы зор екені даусыз. Адамзаттың үздік ойшылдары мұны ерте бастан-ақ түсінген. Мемлекеттік архив – тарихи білімдердің нағыз сарқылмас қоймасы. Архивтің көнені жаңғыртып, адамзаттың рухани көкжиегін кеңейтудегі үлесі зор екені бұған дейін де жазылып келді, әлі де жазылуда. Бұл мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасы архивтерінің тәуелсіздік алған жылдардан бері рухани сілкініс жасау мақсатында жүргізген игі іс-шараларына кеңінен тоқталуға тырысып, саралап көрдік.

1. ҚР ҰА қорларының 1990 жылдардағы рухани жаңғыру бағытында жүргізген жұмыстары:

Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві қорларында тәуелсіздік алған жылдардан бері архив мекемелерінің жүргізген жұмыстары жайлы деректер сақталған. Мысалы: 1992 жылғы Қазақстан Республикасындағы архив ісінің даму жоспарына көз жүгіртсек, мұнда мына мәселелерге басты назарда ұсталғанын байқаймыз: 1992 жылы республика архив мекемелерінің басты міндеті құжаттарды сақтауды қамтамасыз етуге арналған жұмыстар кешенін жүргізу, бұрынғы партиялық архивтерден келіп түскен құжаттарды мемлекеттік архив құжаттарын сақтау талабына сай рәсімдеуден өткізу, мемлекеттік архивтерде микрофотолар жасау үшін зертханалар ашу т.б. мәселелер болғанын байқаймыз [2].

Жалпы, республиканың 1992 жылғы архив ісі жұмыстарының нәтижелеріне тоқталатын болсақ, республикадағы архив мекемелері 150 сақтау бірлігі бар істерді қабылдаған, оның ішінде 9,3 мың ғылыми-техникалық және аудиовизуалдық құжаттар болып табылады, мемлекеттік сақтауға тапсыру үшін 265 мың іс дайындалған. Республиканың архив қорының мұншалықты ұлғаюын партиялық архивтердің Бас архивке берілуімен байланыстырамыз, осыған орай ақпарат қоры да молайды, ұйымдардағы партиялық құжаттарды әрі қарай демократияландыру мүмкіндігі туындады, ғылыми айналымға бұрын беймәлім болған құжаттар кешені енді.

Ұлттық архив қорында Алматы қаласындағы ОМА–нан алдырылған, 1992 жылы Тәуелсіздік күніне орай дайындалған «Біздің Отанымыз — Қазақстан» атты тақырыптық-экспозициялық сипаттағы фотоқұжаттар көрмесінің мазмұны жайлы мәлімет сақталған. Ол «Қазақ мемлекеттілігінің кайнар көзі», «Өлкені отарлау және халықтардың республиканың экономикасы мен мәдениетінің дамуындағы өзара қарым-қатынасы», «Тоталитаризм дәуіріндегі халықтардың қоныс аударуы мен олардың достығының қалыптасуы» атты 3 бөлімнен тұратын фотоқұжаттық көрме өткізілген [3]. Мұндай көрме Кеңес Үкіметі жылдарындағы бұрмаланған тарихымыздың «ақтандақ» беттерін ашуға тырысқан іс-шаралар болды десек қателеспейміз. Өшкенімізді жаңғыртып, өткенімізді білуге құмартқан, шынайы тарихқа сусап отырған еліміз үшін мұндай көрмелер ұйымдастыру — рухани жаңғыртудың бір бөлшегі іспеттес.

1992 жылы қыркүйек айында Алматы қаласында шетел қазақтарының Конгресі ұйымдастырылды. Осы іс-шараға ат салысу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Бас архив мекемесі де қажетті нұсқаулықтар алды. Бас архив осы мәселе бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, арнайы айдармен мақалалар дайындау үшін қажетті құжаттарды іздестіруге кірісті.

Бұл құжаттар 1916 жылғы көтеріліс кезінде, ұжымдастыру науқанында, 1920 жылдардағы аштық уақытында, Азамат соғысы және Ұлы Отан соғысы кезінде Қытай, Иран, Ауғанстан және тағы басқа шет мемлекеттерге ауып кеткен қазақтар туралы баяндайтын құжаттар болуы тиіс еді. Осы табылған құжаттардың негізінде жинақ шығару көзделді [4].

Республиканың облыстық, қалалық, аудандық деңгейіндегі барлық архив мекемелері деректер табу мақсатында көптеген жұмыс атқарып, нәтижесінде ХХ ғасырдағы нәубет кезеңдерінде шетел асып кеткен қандастарымыз туралы құжаттар Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Жезқазған, Қостанай, Көкшетау, Торғай, Шығыс Қазақстан, Талдықорған, Маңғыстау, Павлодар, Семей облыстық архивтерінен табылып, Бас архив мекемесіне жіберілген. Осы құжаттарға көз жүгіртіп отырып, байқағанымыз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Әлем қазақтарының алғашқы құрылтайын, шетел қазақтарының Конгресін ұйымдастыру ісінде республика архивтерінің қосқан үлесі зор.

1993 жылдың екінші жартысында Қазақстан тарихының ақтандақ беттерін ашатын, архив құжаттарын жариялау мақсатында «Алаш—Мирас», («Народное наследие») журналын басып шығару көзделді. Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Торғай, Шымкент облыстарынан келіп түскен істер тізімдемесінде, тәркілеу, аштық, «Кіші Қазан» саясаты кезіндегі зобалаңға ұшыраған қазақтар туралы көптеген деректер берілген [5].

1994 жылы да жалғасын тапқан «Алаш—Мирас» журналында Т.Рысқұловтың 100 жылдығына орай, өмірі мен қайраткерлігі туралы Оңтүстік Қазақстан облысы архивінен табылған құнды құжаттар жарияланған. Бұл әрине, Т. Рысқұловты зерттеушілер үшін таптырмас мүмкіндік болды [6]. Ақтөбе облысы архив басқармасы 1918 жылғы Азамат соғысы кезіндегі Ақтөбе майданы, ақ гвардияшылармен соғыс кезінде қолға түскен тұтқын контрреволюционерлер мен қара жүздіктер туралы мәлімет беретін құнды құжаттарды берген [7]. Солтүстік Қазақстан облысы архивтер басқармасынан «1920 жылдардағы Қазақстандағы казачество» атты материал тіркелген [8]. Мұнда, сол кезеңдегі Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс өңірлерінде орналасқан казак поселкелерінің тарихы туралы құнды материалдар кездеседі. Солтүстік Қазақстан облысының Мемлекеттік архиві өз қорларынан табылған Ақмола губерндік Кеңесінің атқару комитетінің 1921 жылы қаңтарда жүргізген аймақтағы шіркеулер мен мешіттердің, құлшылық үйлерінің алғашқы тізімін көрсеткен. Петропавл қаласындағы мешіттердің іс-әрекеті туралы деректер берілген [9].

Қостанай облыстық архивтер мен құжаттар басқармасы өз қорларынан аймақта жүргізілген «Әскери коммунизм» саясаты туралы табылған деректерді және 1920–1922 жылдары Қостанай губерниясында болған аштықтың себептері мен салдарлары туралы архив қорларынан табылған

құжаттарды жіберген [10]. Міне, осы аталған барлық құжаттардағы мәліметтер «Алаш-Мирас» альманахында жарық көрді.

1995 жылы 25–29 қыркүйекте Алматы қаласында Қазақстандағы архив ісінің 200 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілген. Аталмыш конференцияның ұйымдастырылуы мен өткізілуіне байланысты құжаттар ҚР ҰА қорында сақталған [11].

Мұнда осы конференцияның бағдарламасы, президиум мүшелерінің тізімі (президиумда Польша, Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Татарстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерінің архив басқармаларынан өкілдер келіп қатысқан) және осы конференцияның жүргізілу барысы туралы хаттамасы, қазақстандық ғалымдардың мақалалар мәтіні берілген.

1995 жылы республика архивтері Ұлы Отан соғысында Отанын қорғау жолында құрбан болып және мүлде жоғалып кеткен жандарды «Еске алу кітабын» дайындау үшін облыс–облыстардан майданға аттанған жауынгерлер туралы материалдар жинау ісімен айналысты. Бұл туралы ақпарат ҚР ҰА қорында сақталған [12].

Бұл іс-шара Ұлы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында барлық Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде жүргізілді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылы 28–мамырдағы № 338 «О дополнительных мерах по увековечению памяти советских граждан, погибших при защите Родины в предвоенные годы и в годы Великой Отечественной войны, а также выполнявших свой интернациональный долг» деген қаулысы шыққан. Республикада құжаттарды, мәліметтерді іздестіру жұмыстары жүргізілді. Әрине, мұнда соғысқа дейінгі, соғыс кезіндегі құжаттар сақталған архив мекемелері үлкен роль ойнайды.

Қазақстанның барлық облыстарының архивистері бұл жұмысқа белсене кірісіп, жергілікті әскери комиссариаттармен, ардагерлер кеңесімен тығыз қарым-қатынас орнатты. Әскери комиссариаттың, әскери госпитальдардың, баспасөз құралдарының қорларымен, шаруашылық кітаптарындағы барлық мәліметтер қарастырылды. Осы жұмыстардың нәтижесінде әр облыстың «Еске алу кітабы» шығарылды.

Іздестіру топтарының құрамында болған архивистер жақын шетелдердің мемлекеттік архивтерінде де іздеу жұмыстарын жалғастырды: Санкт-Петербург, Минск, Подольск, Витебск, Рига және Қырым, Донецк, Курск, Орлов, Смоленск, Новгород облыстарында болды. Жұмыс барысында құрбан болғандар мен жоғалып кеткендердің тізімі құрастырылды. Бұл тізім үнемі «Индустриальная Караганда», «Целиноградская правда», «Знамя труда», «Семей таңы» және басқа да көптеген облыстық газеттердің бетіне жарияланып отырды. Архивистер тарихи анықтамалар, алғышарттар, аннотациялар жазды.

Ұлы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында ел архивистері қыруар жұмыс атқарды. Осы тақырыпқа байланысты облыстық және аймақтық ғылыми-практикалық конференциялардың ұйымдастырылуына, баяндамалар, фотоқұжаттық көрмелер әзірлеуге ат салысты.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Архивтер мен құжаттар бас басқармасы Қазақстан Республикасының ерекше айтулы күндерінің күнтізбесін жасады [13].

Мұндай күнтізбелер жасауда архив құжаттары мақсатты түрде пайдаланылды. Республиканың барлық облыстық мәселелері жинақтаған Қазақстан тарихының маңызды оқиғаларын бейнелейтін, республиканың қоғамдық, саяси, мәдени өмірінен хабардар ететін, қоғам, ғылым, мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері туралы мәліметтерді топтастырып, күнтізбе жасалынды. Мұндай күнтізбе Қазақстан тарихының нақты бір мәселесін зерттеумен айналысатын зерттеушілер үшін жұмыстарын жоспарлап, құжаттарды жариялауда көп көмегін тигізді.

Сонымен қатар ҚР ҰА қорында 1996 жылы ұлы ақын Ж. Жабаевтың 150 жылдығын атап өтуге байланысты іс-шараны дайындауға қатысты құжаттар сақталған [14].

1997 жылы Президент жарлығымен «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жарияланды. Ел тарихының қасіретті беттерінің бірі — ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін екені белгілі. Сол кезеңде халқымыздың басым бөлігі қасаң да қатаң мемлекеттік саясаттың құрбанына айналды. Тарихшылардың мәліметі бойынша, 1937–1938 жылдары кеңестік Қазақстанда 118 мың адам сотталған. Олардың 25 мыңына ату жазасы кесілген. Міне, тарихымыздың ақтандақ тұстарын айқындап, жазықсыз жазаланып, зұлматты жылдары саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған асыл азаматтарымызды ақтап, жыл сайын оларды еске алу дәстүрін енгізу — Елбасымыздың сарабал саясатының бір көрінісі екені анық. Әрине, халық бұл бастаманы ыстық ықыласпен қарсы алды.

Қазақ халқының даму тарихының елеулі кезеңдерінің бірі болған саяси қуғын-сүргін кезеңін кейінгі ұрпаққа бүкпесіз, бояусыз шынайы түрде жеткізіп, өмірде кедір-бұдырсыз, теп-тегіс болмайтын нақты мысалдармен өлке тарихына ұсынып, оны толықтыра түсу ғалымдардың міндеті.

1998 жылы 22 сәуірде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты «Архивтер: Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» атты ғылыми-теориялық конференция өткізді.

Архивистер үшін де бұл жыл ерекше болды. Қазақстанның мемлекеттік архив қызметі өз жұмыстарын әрі қарай дамытып, жалғастыру үшін «Ұлттық архив қоры мен архив туралы» Заңның бекітілуі мемлекеттілік атрибутын әрі қарай толықтыра түсті.

Халықтар бірлігі мен Ұлттық тарих жылындағы архивистердің заңды қабылдаудағы еңбектері орасан зор. Бұл жыл көп ұлтты мемлекеттің дамуы мен қалыптасу тарихын зерттеу мәселелерінде архивтердегі ретроспективті құжаттардың маңыздылығын тағы да дәлелдей түсті.

Қазақстанның мемлекеттік архив қызметінің тарихында тұңғыш рет архив мекемелері «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» өткізудің негізгі іс-шаралар жоспарын орындауға кеңінен қатысты.

Архивистер Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен, Білім және ғылым министрлігінің Ғылым академиясы, т.б. ведомствалық мекемелерімен бірлесе отырып, архив құжаттары жарияланатын халықаралық ғылыми «Отан тарихы» журналы беттеріне шығару; «История Казахстана: литературная хроника» кітаптар сериясын; «Алаш Орда» құжаттар жинағын; «Академик К.И. Сатпаев»; «Тоталитаризм и национальная интеллигенция Казахстана»; «Эпистолярное наследие казахской элиты XVII–XIX вв.» жинақтарын жарыққа шығаруға ат салысты.

Ел архивистері тарихи білімді насихаттау бағытында тек іргелі басылымдарды жариялауға ғана қатысып қоймай, сонымен бірге, республикалық, облыстық, аудандық, ғылыми-практикалық конференциялар, көрмелер, дәрістер, экскурсиялар, ЖОО-мен, ұлттық-мәдени орталықтармен, қоғамдық ұйымдармен басқа да мекемелермен бірлесіп жұмыс атқарды.

2. ҚР ҰА қорларының 2000 жылдары рухани жаңғыру бағытында жүргізілген жұмыстары:

Ұлттық архив қорлары төл тарихымызды қайта жаңғырту мақсатында тәуелсіздігіміздің екінші онжылдығында да көптеген іс-шаралар атқарды. 2004–2006 жылдары «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы, архивтанушылар мен тарихшыларға тың серпіліс әкелді. «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты — рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени, мұрағаттық мұрасының сақталуы мен тиімді пайдалануын қамтамасыз ету.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мәдениетіміз бен төл тарихымыз ғылыми құндылығы жоғары жәдігерлермен байытылды. Ресей Федерациясының Астрахань, Орынбор, Уфа, Қазан, Омбы, Москва, Санкт-Петербург, Томск, Саратов және т.б. қалаларында, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қытай, Иран, Египет, Түркия, АҚШ, Франция және басқа да елдердің мұрағаттарында қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты сан мыңдаған құнды жәдігерлер сақталғаны белгілі. Оларды отандық мұрағат және кітапхана қорларына алдыру өзекті мәселеге айналып, осы бағытта архившілер мен тарихшылардың іссапарларының нәтижесінде шет мемлекеттерде сақталған қазақ тарихына қатысты құнды жәдігерлердің көшірмелері әкелінді. Қазіргі уақытта осы көшірмелерді біртіндеп жариялап, ғылыми айналымға енгізу мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

2006 жылы 19 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 692 қаулысымен елордамыз Астанадан Қазақстан Республикасының Ұлттық архивін ашуға қол қойылып, архивтің әсем ғимаратының ашылу салтанаты сол жылдың 14 желтоқсанында өтті. Бұл архив қорларында тәуелсіздік кезеңінің құнды құжаттары сақталуда.

2007 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві халықаралық «ЕВРАЗИКА» қауымдастығына мүше болғаннан бері, алыс-жақын шетелдік архивтермен ынтымақтастық байланыс жолға қойылды. Еліміздің көрнекті тарихшы ғалымдары шетел архивтерінде ғылыми ізденістерін жасауға мүмкіндік алды.

Еліміздегі архив ісін әрі қарай өркендету мақсатында қабылданған тағы бір маңызды мемлекеттік бағдарламалардың бірі – 2018 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы «Архив-2025» бағдарламасы болып табылады. Өз кезегінде бұл бағдарлама «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы десек те болады.

2019 жылы осы бағдарламаның аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві директорының орынбасары Тұрсынгул Құсайынова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми-зерттеу тобымен бірлесіп шетел архивтері мен кітапханаларында, ғылыми орталықтарда археографиялық жұмыстар жүргізу,

елімізге қатысты бірегей құжаттарды іздестіру мақсатында ұйымдастырылған «Шетелдік архивтердегі археографиялық жұмыстар және Ұлы даланың тарихы мен мәдениеті туралы қорлар (анықтау, талдау, цифрландыру)» жобасы бойынша Ресейдің Мәскеу және Санкт-Петербург, Қазан, Омск, Орынбор, Астрахань және т.б. қалаларының архивтерінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы іссапар нәтижесінде табылған қазақ тарихына қатысты құнды деректер Ұлттық архивтің «Шетел мемлекеттерінің архивтері, кітапханалары және ғылыми мекемелерінен алынған құжаттар көшірмелерінің коллекциясы» деп аталатын № 83 қорын толықтырды. Қорда қазақтардың тұрмысы, ислам дінін ұстануы, қазақтарды отарлау саясаты, күштеп отырықшыландыру шаралары, әскери линиялардың салынуы, орыс зерттеушілерінің қазақ даласы туралы мәліметтері сынды тарихи құжаттар топтастырылған.

2021 жылы 11 маусымда ҚР Президенті Қ.–Ж.К. Тоқаевтың жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауға» қатысты ҚР Президенті әкімшілігінің саяси қуғын-сүргінге қатысты архив құжаттарын, фото және бейнематериалдарды көрнекі көрсету тапсырмасына сәйкес ҚР ҰА дайындаған электронды құжаттық көрмесі «Аштық алапаты» деп аталған бейнеролик арқылы ұсынылды.

Осы бағыттағы іс-шараларды атқару барысында ҚР ҰА директоры С. Нұрланова 01.06.2021 жылы «Хабар» телеарнасындағы «Бүгін» бағдарламасына 1931–33 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық туралы «Ел тарихындағы ең азалы кезең» деп аталған тақырыптық түсірілімге қатысты. Ел президенті Қ.–Ж.К. Тоқаевтың жарлығымен құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшелері – еліміздің белгілі тарихшы ғалымдары қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, нәубетке қатысты тың мәлімет беретін архив құжаттарын құпиясыздандыру қажеттілігіне тоқталды.

Өткен 2021 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің құрылғанына 15 жыл толды. Қастерлі тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына тұспа-тұс келген бұл айтулы күнді атап өту үшін ҚР ҰА «Тәуелсіздік және Елбасы: жасампаздықтың жаңа тарихы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырып, өткізді.

«Abai.TV» телеарнасында осы мерейтойға орай ҚР ҰА жұмысынан хабар беретін «Архивтегі аманат» бағдарламасы жарық көріп, көрермендердің назарына ұсынылды.

Сонымен қатар архив қорларында сақталған көрнекті ғалымдарымыздың жеке тектік қорларындағы материалдармен де жұмыс жасалуда: атап айтсақ, 2021 жылы 27 тамызда Ақселеу Сейдімбектің жеке тектік қорындағы материалдарына сүйене отырып, «Ақселеудің асыл мұрасы» атты құжаттар жинағының тұсаукесері өткізілді.

Қорытынды

Мақалада біз Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің тарихи санасын сілкініп, рухани жаңғыртып, тарихтағы «ақтандақтарды» зерделеу бағытында атқарған жұмыстарын кезең кезең бойынша саралауға тырыстық. Әрине, архивтерде сақталатын ақпараттар — мемлекеттің қоғамдық—саяси, экономикалық—мәдени дамуында ерекше орын алатын ұлттық стратегиялық байлық болып есептеледі.

Сонымен бірге, архив ісінің әр кезеңдердегі өсіп—өркендеу ерекшеліктері мен қоғамдағы орнын зерделеудің тарихи сананы қалыптастыруға тигізер ықпалын қоса айтуымыз керек. Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві қорларындағы тәуелсіздік тарихы мәселелерін жүйелі түрде зерттеудің архив ісінің де, тарих ғылымының да дамуына қосар үлесі мол. Сондықтан да, бұл бағыттағы игі істер әлі де жалғасады, келешек ұрпаққа аманат етіп қалдырар асыл мұрамыз тың деректермен толығыады деп кәміл сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» / Н.Ә. Назарбаев // «Егемен Қазақстан». — 2017. — 12 сәуір.
- 2 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 34. — Л. 2.
- 3 НА РК. — Ф. 47. — Оп. 1. — Д. 36. — Л. 10.
- 4 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 74. — Л. 2.
- 5 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 74. — Л. 12.
- 6 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 123. — Л. 17–38.
- 7 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 123. — Л. 47–62.

- 8 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 123. — Л. 89–99.
 9 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 123. — Л. 100–105.
 10 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 103. — Л. 105.
 11 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 167. — Л. 96.
 12 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 170. — Л. 121.
 13 НА РК. — Ф. 41. — Оп. 1. — Д. 220. — Л. 26.
 14 НА РК. — Ф. 110. — Оп. 1. — Д. 43. — Л. 36.

Г.У. Ахметшина, С.К. Кабылтаева, Н.Е. Сайлаубаева

Вклад Национального архива Республики Казахстан в реализацию идей программной статьи «Рухани жаңғыру»

Авторами проанализирована работа Национального архива Республики Казахстан за годы Независимости, направленная на возрождение истории страны. Исследован вклад архивов страны в решение вопросов, поднятых в программной статье Президента Республики Казахстана Нурсултана Назарбаева «Ориентация на будущее: Духовное возрождение». Описана реализация принятых государством программ в связи с модернизацией работы архивов. Кроме того, рассмотрена деятельность архивов Казахстана со времен Независимости и их поэтапная классификация. Например, в период с 1990 по 2000 гг. подразделения хранения в республиканских архивах были сосредоточены на состоянии поступивших дел. В дни празднования указанных дат дано описание работы архивов страны, выставок, собранных документов. С целью осмысления пройденного и восполнения «белых пятен» в истории Казахстана областными архивами собраны документы о казахах, уехавших за границу в XX в., об истории трагедий голода и репрессий, и переданы в Генеральный архив. В 1995 г. был изучен Протокол международной конференции, посвященной 200-летию архивов страны. В работе конференции приняли участие представители архивных ведомств стран СНГ. Кроме того, в преддверии 50-летия Великой Победы было проведено масштабное мероприятие, по итогам которого Архивный фонд пополнился Списками граждан из разных регионов Казахстана, отправившихся на фронт, с целью поиска воинов, погибших и пропавших без вести в годы Великой Отечественной войны. По результатам данной работы издана «Книга памяти» каждого региона. Авторы попытались остановиться на вопросах научно-исследовательской работы архивов в этом направлении. В 1997 г., в «Год национального примирения и памяти жертв политических репрессий», архивы страны внесли весомый вклад в это благородное дело, подняв на пыльных полках архивов документы, оправдывающие невиновных людей, расстрелянных в ходе политических репрессий 1930-х гг. Принятие в 1998 г. Закона РК «О национальных архивах» сделало этот год особенным для архивистов страны. С тех пор, как указанный выше год был объявлен Годом единства народов и отечественной истории, широко публикуются материалы научно-теоретических конференций, фундаментальные труды по истории страны, научные статьи, основанные на архивных материалах. Авторами всесторонне изучены результаты комплексных исследований, проведенных на основе государственных программ, принятых в 2000 г., таких как «Культурное наследие», «Люди в потоке истории», «Архив – 2025».

Ключевые слова: национальный архив, архивные фонды, государственная программа, программная статья, независимость, календарь, альманах, личный фонд, общественная модернизация, архивисты.

G.U. Akhmetshina, S.K. Kabylytayeva, N.E. Sailaubayeva

The contribution of the National Archives of the Republic of Kazakhstan to the implementation of the ideas in the program article “Spiritual Revival”

The article provides the analyses of the work of the National Archives of the Republic of Kazakhstan aimed at reviving the history of the country. The contribution of the country's archives to the issues raised in the program article by President Nursultan Nazarbayev, “Focus on the Future: Spiritual Revival”, is studied. The implementation of programs adopted by the state in connection with the modernization of archives is described. The authors analyze the activities of the archives of Kazakhstan over the years of independence and classify them step by step. For example, between 1990 and 2000, the storage units in the republican archives focused on the status of received cases, during the celebration of these dates, a description of the work done by the collected country's archives, exhibitions, documents. To consider the “white patches” of the history of Kazakhstan, the regional archives collected documents on Kazakhs who went abroad in the twentieth century, the tragedy of famine and repression, and submitted them to the General Archives. In 1995, the International Conference dedicated to the 200th anniversary of the country's archives was examined. The conference was

attended by representatives of archival departments of the CIS countries. In addition, on the eve of the 50th anniversary of the Great Victory, a large-scale event was held, which included a list of citizens from different regions of Kazakhstan who went to the front in search of soldiers killed and missing in the Great Patriotic War. As a result, The Book of Remembrance of each region was published. The authors tried to dwell on the issues of research work of archives in this direction. In 1997, in the “Year of National Reconciliation and Remembrance of Victims of Political Repressions”, the country’s archives contributed significantly to this noble cause by raising documents on the dusty shelves of archives to justify innocent people who were shot during the political repressions of the 1930s. The adoption of the Law on the National Archives in 1998 made this year special for the country’s archivists. Since this year was declared the Year of Unity of Peoples and National History, scientific and theoretical conferences, fundamental works on the history of the country, scientific articles based on archival materials have been widely published. The authors tried to study the results of comprehensive research conducted based on state programs adopted in 2000, such as “Cultural Heritage”, “People in the flow of history”, “Archive–2025”.

Keywords: national archive, archive funds, state program, program article, independence, calendar, almanac, personal fund, public modernization, archivists.

References

- 1 Nazarbayev, N.A. (2017). «Bolashaqqa bagdar: Rukhani zhangyru» [Future Orientation: Spiritual Revival]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*, 12 April] [in Kazakh].
- 2 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 34. — L. 2 [in Russian].
- 3 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 47. — Op. 1. — D. 36. — L. 10 [in Russian].
- 4 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 74. — L. 2 [in Russian].
- 5 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 74. — L. 12 [in Russian].
- 6 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 123. — L. 17–38 [in Russian].
- 7 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 123. — L. 47–62 [in Russian].
- 8 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 123. — L. 89–99 [in Russian].
- 9 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 123. — L. 100–105 [in Russian].
- 10 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 103. — L. 105 [in Russian].
- 11 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 167. — L. 96 [in Russian].
- 12 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 170. — L. 121 [in Russian].
- 13 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 41. — Op. 1. — D. 220. — L. 26 [in Russian].
- 14 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 110. — Op. 1. — D. 43. — L. 36 [in Russian].

А.Н. Берікболова*, Л.А. Жуйкова

Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова, Алматы, Казахстан
(E-mail: asel_kenjebai@mail.ru; zhuikova2020.kz@mail.ru)

Валерий Анцышкин и его роль в развитии спортивного бального танца в городе Караганде

Статья представляет собой фрагмент магистерской диссертации «Историко-аналитические аспекты становления и развития педагогики бального танца в Казахстане». Посвящена рассмотрению творческой личности Валерия Валентиновича Анцышкина (1952–2013), который был одним из инициаторов создания в Караганде в 70-х гг. XX века Школы спортивного бального танца. Новый для Казахстана жанр танцевальной культуры за чуть более чем полувековой срок существования прошел путь от Любительского объединения спортивного танца (ЛОСТ) до специальной вузовской дисциплины «Педагогика спортивного бального танца». Вклад В. Анцышкина, стоявшего у истоков этого пути и обозначившего основные направления его развития, до настоящего времени не был исследован. Авторами статьи впервые приведены не изученные ранее факты биографии В. Анцышкина, проанализированы личностные качества, определившие его организаторскую, исполнительскую и педагогическую деятельность. Концепт творческой личности Валерия Валентиновича основан на эксклюзивных воспоминаниях родственников, друзей, коллег, учеников.

Ключевые слова: Валерий Валентинович Анцышкин, Караганда, кружок бального танца, школа спортивного бального танца, организация конкурсов, педагогическая деятельность, воспоминания О.М. Анцышкиной, Т.В. Тереховой, А. Макарова, М. Алишева и других.

Введение

Имя Валерия Валентиновича Анцышкина (1952–2013), сумевшего в 70-е гг. XX века воплотить в жизнь идею создания в Караганде Школы спортивного бального танца, сделать ее конкурентоспособной с другими школами СССР, ныне мало известно. О нем упомянуто в следующих научно-исследовательских трудах: А.Т. Исалиев «История спортивного бального танца» (2012); «Значимость педагогики в подготовке специальности «Педагог спортивного бального танца» в учебном процессе вуза» (2011); А.Т. Исалиев, А.Б. Абакаева, А.Н. Карымбаева «Основные этапы и тенденции развития спортивного бального танца в Республике Казахстан» (2020).

Но в них нет концептуального рассмотрения его биографии и творческой деятельности, что образует пробел, влияющий на целостное представление о развитии нового для Казахстана жанра танцевальной культуры. А между тем концепт творческой личности В.В. Анцышкина принципиально важен для системного изучения полной истории педагогики спортивного бального танца в Казахстане, от школьной любительской до вузовской специальной дисциплины.

В данной статье впервые представлены неизвестные биографические сведения о В.В. Анцышкине, об эволюции его профессионального мастерства в деле освоения спортивного бального танца, о его организаторской, исполнительской и педагогической деятельности. Концепту творческой личности В.В. Анцышкина во многом способствовали воспоминания его родственников, друзей, коллег, учеников, и, безусловно, он будет в дальнейшем пополняться другими научными исследованиями.

Методы и материалы

В статье использованы следующие методы:

1) историко-биографический метод, позволяющий проследить основные вехи жизненного пути Валерия Анцышкина, определить в нем решающие факторы, повлиявшие на линию его творческой судьбы;

2) метод культурологического анализа, дающий возможность исследовать те или иные факты биографии В. Анцышкина в контексте реалий эпохи, детерминирующих поведенческие стереотипы;

* Автор-корреспондент. E-mail: asel_kenjebai@mail.ru

3) психолого-аналитический метод, помогающий понять черты характера В. Анцышкина, определившие харизматичность его личности, лидерские качества, позволяющие брать на себя руководство крупными коллективами, принимать ответственные решения;

4) историко-сравнительный метод, позволивший представить различие концептов творческой личности В.В. Анцышкина и Т.В. Тереховой — его ученицы, продолжившей дело развития спортивного бального танца в вузовском обучении;

5) метод интервьюирования в формате бесед с родственниками, коллегами, учениками В. Анцышкина. Данный метод позволил взглянуть на перипетии жизненного пути В. Анцышкина с разных точек зрения, представляющих его творческий облик более объемным. Нам удалось связаться с первой женой В.В. Анцышкина Ольгой Михайловной, ныне проживающей в Москве, и получить от нее эксклюзивные сведения, впервые вводимые нами в научный оборот.

Результаты и их обсуждение

Из беседы с Ольгой Михайловной мы получили возможность пунктирно проставить вехи жизни и творчества Валерия Валентиновича Анцышкина. Концепт личности В. Анцышкина существенно дополнился воспоминаниями его учеников Татьяны Тереховой, Мухтара Алишева, Алексея Макарова.

Валерий Валентинович Анцышкин родился 20 октября 1952 года в г. Дятьково Дятьковского района Брянской области Российской Советской Федеративной Социалистической республики, бывшей с 1917 до 1991 г. частью Советского Союза. Отец его — Валентин Сергеевич Анцышкин — имел профессию краснодеревщика, мама — Юлия Григорьевна — работала мастером на заводе хрустальных изделий. В 1956 г., когда Валерию было 4 года, семья переехала в Казахскую Советскую Социалистическую республику в г. Караганду — административный центр Карагандинской области.

«Карагандинская область — это родина выдающихся музыкантов, писателей и политических деятелей Казахстана. В истории казахского народа навечно остались имена великого бия и дипломата, мыслителя и оратора Каздауысты Казыбека (1665–1763), лидера движения за национальное освобождение и основателя современной государственности казахов Алихана Букейханова (1866–1937), выдающегося поэта-импровизатора Бухар жырау Калкаманулы (1693–1787)» [1; 16]. Ее великие сыны куйши Таттимбет (1815–1862), казахский общественный деятель, один из основателей партии «Алаш» А. Ермеков (1891–1970), писатель С. Сейфуллин (1894–1938), оперная певица заслуженная артистка СССР К. Байсеитова (1912–1957), первый космонавт Республики Казахстан Тохтар Аубакиров. Караганда в мировой истории известна тем, что по ее территории проходил древний Шелковый путь. Исторически этот регион был торговой артерией, каналом экономического и культурного обмена между Великой степью и странами Европы и Азии. Здесь зародилась угольная промышленность Казахстана. Развитие области как основного угледобывающего и металлургического центра республики шло при непосредственном участии выдающихся ученых К.И. Сатпаева (1899–1964), И.П. Бардина (1883–1960), Н.Г. Кассина (1885–1949), М.П. Русакова (1892–1963), А.А. Гапеева (1881–1958) [1; 3]. В послевоенные 50–60-е гг. XX века стремительно расширялась сеть культурно-просветительных учреждений, строились клубы, Дома культуры.

Валерий Анцышкин обучался в № 3 карагандинской школе, где учился хорошо, отличался способностями в математике, был победителем городских олимпиад. Но здоровье имел слабое. С детства у него обнаружилось бронхиальная астма, и по направлению врачей он периодически проходил курсы санаторного лечения, в программу которых входила двигательная гимнастика, танцы.

Бальным танцам Валерия обучила эстонка Сивье (к сожалению, фамилия ее осталась неизвестной), тоже проходившая курс лечения в санатории. Врачи порекомендовали Валерию заниматься также и фигурным катанием, танцами на льду. Этот вид спорта он осваивал со своим школьным товарищем Анатолием Анциферовым, который существенным образом повлиял на Валерия в выстраивании жизненного пути. Из солидарности с другом детства, определившим для себя специальность горняка, Валерий после 8-го класса тоже пошел учиться в Карагандинский горный техникум по специализации «Автослесарь подземных шахтных сооружений». По окончании его Валерий Анцышкин поступил в Карагандинский государственный политехнический институт. Учился он легко, но главным условием освоения новой профессии для него была увлеченность ею. Видимо, ее не было. И тут в институте для Анцышкина открылась новая сфера деятельности, которая по-настоящему его увлекла и стала делом всей жизни. Обладая лидерскими качествами и организаторскими способностями, он создал в 1971 г. Кружок бальных танцев. В советские времена в вузах поощрялась работа различ-

ных кружков, студенческих театров, КВН. А бальные танцы среди молодежи пользовались неизменной любовью. В их популяризации с 30-х гг. XX века лидерство держали Москва и Ленинград, но в 50–60-е гг. XX века эта роль перешла к Каунасу, Таллинну, Риге. «Этому способствовали и национальные традиции, и исторические условия, благодаря которым Прибалтика всегда стояла особняком среди других регионов СССР» [2; 83].

Объясняется это тем, что в состав СССР она вошла только в 1940-е г. А в 30-е гг. XX века, будучи вне «железного занавеса» Советского Союза, Прибалтика была хорошо осведомлена обо всех инновациях бального танца в Европе. Так, в 1968 г. в Каунасе был проведен Международный турнир «Янтарная пара», организованный великолепной парой из Литвы Чесловасом и Юрате Норвайша. В нем принимали участие не только пары из социалистических, но и из капиталистических стран. Конкурс дал возможность оценить технические и хореографические новинки, почувствовать веяния современной моды» [2; 83].

Сама семейная танцевальная чета считалась бесспорными лидерами, «были образцом, которому подражали. Эта пара всегда отличалась высокой культурой исполнения, вкусом и сложной техникой» [2; 87].

Семья Норвайша сыграли в жизни В. Анцышкина очень важную роль, как и встреча в созданном им кружке с его будущей женой Ольгой. «В кружок бального танца, — вспоминает Ольга Михайловна, — меня привел мой одноклассник, студент Политехнического института, с которым в школе я занималась народно-сценическим танцем. Там мы и познакомилась с Валерием Анцышкиным, и я стала его партнершей» [3].

О себе Ольга Михайловна сообщила, что она родилась 6 июня 1951 года в городе Шымкенте, окончила Педагогический институт по специальности «Учитель русского языка и литературы», но встреча с Анцышкиным круто поменяла ее жизненный путь. В 1973 г. они поженились, а в 1974 г. родилась старшая дочь Светлана, через 10 лет – младшая Алена. И Ольга Михайловна стала надежной соратницей В. Анцышкина в деле становления и развития спортивного бального танца в Караганде.

Навыки бального танца, полученные в свое время от Сивье, Валерий восполнил по специальным книгам, которых было не так уж много. Решающим фактором расширения профессионального кругозора становилась практика ознакомления с опытом других танцевальных пар. Валерий понимал, что лучше всего такой опыт нарабатывается в соревновательной атмосфере конкурсов. Поэтому Анцышкин в 1972 г., через год после создания Кружка в Политехническом институте, активно содействует организации в Караганде Первого городского конкурса спортивного бального танца. В последующие годы Валерий прикладывает много сил к укрупнению его формата. И уже в 1974 г. В Караганде проводится Республиканский конкурс. Принимавшие в нем участие Валерий и Ольга Анцышкины стали его дипломантами.

«На том конкурсе, — вспоминает Ольга Михайловна, — мы познакомилась со многими танцевальными парами, подружились, обменивались опытом. Пары были интересными, особенно из Алматы. Эти ребята дружили с прибалтами, ездили в Ригу на конкурсы» [3].

В 70-е гг. XX века, когда Казахстан был республикой Советского Союза, культурный взаимообмен между республиками составлял важную часть общественной жизни. Ознакомление казахстанцев со стилистикой школ спортивного бального танца Прибалтики, Российской Федерации, Украины, Узбекистана и других республик Союза способствовало наработке оригинальных методик для формирования собственного стиля.

В 1975 г. при содействии тренеров из Ленинграда Юрия и Ольги Симоновых в Караганде был организован Ежегодный межгородской конкурс бального танца «Встреча друзей». На этом конкурсе в показательных выступлениях принимали участие лучшие пары Советского Союза. По словам Ольги Михайловны, в то время в репертуар конкурса, помимо стандарта и «латины», входили русский лирический, казахский бальный, литовский риле, латышский вару-вару. Валерий и Ольга Анцышкины принимали участие во многих конкурсах. Их тренерами-наставниками, кроме ленинградцев Юрия и Ольги Симоновых, были москвичи Станислав и Людмила Поповы, чьи семинары по бальным танцам стали методологической основой дальнейшей педагогической деятельности Анцышкиных. На этих семинарах В. Анцышкин детально вникал во все вопросы, «докапывался» до основания. Как замечает Ольга Михайловна, «обладая математическим складом ума, он должен был знать все досконально».

«А с Норвайшами, — вспоминает Ольга Михайловна, — мы познакомилась в городе Волгограде. Там состоялся большой Межгородской турнир и судьями на нем выступали Норвайши. Мы ездили туда на конкурс, где заняли 2-е место. Турнир был сильным, участвовали пары из многих городов России, Прибалтики, Узбекистана и других республик. Норвайши отметили наше мастерство, и так началась наша с ними дружба» [3].

После завершения выступлений в конкурсах супруги Анцышкины работали во Дворце культуры горняков Караганды. ДК горняков донине является одним из основных символов города. Строительство его было начато в 1940-е г. по проекту местных архитекторов И. Бреннера и Я. Яноша. С началом Великой Отечественной войны строительство было временно приостановлено. В конце 1950-го г. центральные части Дворца культуры горняков были введены в действие. В 1952 г. ДК горняков был полностью введён в эксплуатацию. В здании ДК, а также на площади перед ним проходили почти все городские праздники и концерты. Валерий Валентинович и Ольга Михайловна создали во Дворце культуры Школу бального танца, ансамбль, детскую школу и студию.

«Подготовительными группами, ансамблем, начинающими конкурсными парами занималась я, — рассказала Ольга Михайловна, — а Валерий Валентинович готовил высококлассные танцевальные пары из них. Наши пары побеждали на конкурсах не только в Караганде, но и по всему Казахстану. Потом и наши ученики тоже стали организовывать свои коллективы.

В 1978 г. родилась идея создания ЛОСТА. Мы провели семинар для педагогов всего Казахстана по организации ЛОСТА в других городах. А ЛОСТ плавно преобразился в Федерацию, инициатором и первым президентом которой был Валерий Анцышкин. Именно он вывел Федерацию Казахстана на всесоюзный уровень, когда Казахстан вступил полноправным членом во Всесоюзную федерацию спортивного танца, и наши ведущие танцевальные пары стали принимать участие в международных конкурсах» [4].

Об этом пишет А.Т. Исалиев в своей книге «История спортивного бального танца»: «В 1988 году в Казахстане организовывается Республиканская ассоциация бального танца, позже Федерация спортивного танца РК. Первым президентом был Анцышкин Валерий Валентинович, который неизменно был во главе этой организации двадцать лет» [5; 108].

«Задача Федерации — это развитие и популяризация спортивного танца в Казахстане, формирование здорового образа жизни, организация и проведение чемпионатов, кубков, первенств и других официальных соревнований, а также международных соревнований по спортивным танцам в Казахстане» [6; 26].

Интересны воспоминания о В.В. Анцышкине его учеников далеких теперь уже 80-х гг. прошлого века. Вот что сообщил нам Алексей Макаров — тренер танцевального клуба «Master Dance»: «В 1987 году я попал в клуб Валерия Анцышкина, где занимались М. Алишев, К. Байжанов, К. Шманов, В. Балон — плеяда танцоров, которые были лучшими в Караганде. Тренировки с Валерием Валентиновичем были 6 дней в неделю по 4–5 часов. Сейчас, когда я сам тренирую своих учеников, я вспоминаю те педагогические приемы, которые впитал от Валерия Анцышкина. Он научил меня, в первую очередь, слышать музыку, понимать ее и потом уж под нее танцевать. Он научил меня импровизировать на площадке, научил думать. Научил методу индивидуального подхода к каждому ученику» [7].

Мухтар Алишев — тренер Карагандинского спортивного клуба «Жалын». О своих занятиях у В.В. Анцышкина, на которые он пришел в 1984 г., вспоминает как о лучшей поре своей жизни. А о наставнике говорит так: «Уникальный человек, талантливый, умный, красивый. Свой предмет он знал досконально. Разнообразные методики преподавания, семинары с ведущими специалистами давали свои результаты. Пары Караганды до наших дней являются украшением многих крупных, в том числе международных соревнований» [8].

В постсоветский период, с обретением Казахстаном Независимости в 1991 г. В.В. Анцышкин с 1997 по 2013 гг. работал в Образцовом ансамбле спортивного бального танца «Ритмы детства» во Дворце детей и юношества [9]. Вот как вспоминает о нем один из его учеников той поры Шахнур Мусин: «Каждый раз было что-то новое. Сначала мы не понимали, почему мы не танцуем, а делаем какие-то упражнения, разминки, растяжки. И в конце урока минут 10–15 — танцы. На занятия Валерий Валентинович приходил с блокнотом, где был написан план тренировки, сколько минут что делать, как называются упражнения. У него была грамотно построена вся методика, которая давала результаты. Тренируясь год по такой программе, я сразу попадал в финал. Когда я начал преподавать, он дал мне еще больше — сидел на моих тренировках и давал советы. Я очень благодарен

В.В. Анцышкину за наставничество» [10]. В настоящее время Шахнур Мусин — тренер Танцевально-спортивного клуба «Зирек», и в основу методики его занятий входит опыт, полученный им у В.В. Анцышкина.

Татьяна Викторовна Терехова, работая на кафедре «Педагогика хореографии» КазНАИ им. Т.К. Жургенова с 2003 по 2021 г. по специализации «Педагогика спортивного бального танца», в своих воспоминаниях о своем учителе В.В. Анцышкине во главу угла ставит масштаб его харизматичной личности, который обусловлен принципиальным перфекционизмом во всех сферах деятельности: «Его можно выделить как сильнейшего танцора, который одним из первых представлял Казахстан на уровне Советского Союза» [11].

Татьяне Викторовне довелось видеть выступления В.В. Анцышкина, ощутить магию его артистизма с юношеских лет, определить для себя, что «Валерий Валентинович для нас — отец в бальных танцах. У него были замечательные природные данные — эластичное тело, длинные ноги, благородная осанка. В танце он выглядел великолепно. Когда он надевал фрак, ему не было равных. Запомнились музыкальность Анцышкина, скользящий длинный шаг в стандарте, виртуозная техника. Когда видишь, что человек так танцует, хочется быть таким, как он. И в то же время ты понимаешь, что это невозможно, но ты стремишься к тому. Я думаю, что эти впечатления послужили толчком к тому, что мы пошли заниматься бальными танцами».

Т.В. Тереховой посчастливилось быть в числе тех, кого тренировал В.В. Анцышкин, и иметь право сказать, что «его никто не превзошел в Казахстане как тренер. Потому что наш коллектив был одним из самых сильных в Среднеазиатском регионе. Он был очень строгим тренером, но зато его методика приносила результаты» [11].

Т.В. Терехова отмечает конструктивный подход В. Анцышкина в педагогическом процессе, когда привлечение высококлассных тренеров Советского Союза в Караганду существенно расширяло профессиональный кругозор его подопечных: «Анцышкин первым в Казахстане применил способ подготовки танцоров, привлекая тренеров из Москвы и Ленинграда. С нами на постоянной основе работали Симоновы, приезжали к нам Поповы, Чекоткины, Норвайши и проводили семинары» [11].

Воспоминания Татьяны Викторовны Тереховой представляют особый интерес потому что, обучаясь у В. Анцышкина, она получила его методику, что называется, «из первых рук». За ее признанием того, что «Анцышкин — огромный пласт в моей жизни», стоит собственное педагогическое мастерство Тереховой, существенно отличающееся от методов В.В. Анцышкина. Он не занимался научным обобщением своих методических принципов и педагогических подходов, тогда как Т.В. Терехова целенаправленно уделяла этому огромное внимание, что позволило ей в 2003 г. внести большой вклад в научно-методическую базу специализации учебной дисциплины спортивного бального танца, созданную В.В. Евсеевой в 2001 г. на кафедре «Педагогика хореографии» КазНАИ им. Т.К. Жургенова.

Но есть и существенные точки преемственности традиции В. Анцышкина в методике преподавания Т. Тереховой. На наш взгляд, отмечаемые Татьяной Викторовной, у В.В. Анцышкина «ясный ум, хорошая логика мышления» свойственны и ей самой. Они дают о себе знать в ее научно-методических трудах, успехах многочисленной плеяды ее учеников, в позитивном мироощущении, выраженном в таких словах: «Современный мир очень динамичен в своем развитии, самое главное — не отстать от требований времени, и тогда наша задача в области подготовки специалистов будет решена успешно» [12; 139].

Заключение

Ныне ученики В.В. Анцышкина составляют замечательную когорту танцоров и тренеров, педагогов вузов, колледжей, кружков. Они работают во многих уголках Казахстана, республиках постсоветского пространства, Германии, Испании, Израиля. Можно с уверенностью сказать, что с его именем связана целая эпоха в развитии спортивного бального танца, и изучение его творческого наследия, несомненно, продуктивно и плодотворно.

Список литературы

- 1 История Караганды. Первые шаги города: библиограф. указ. — Караганда: Караганд. гос. мед. ун-т, 2014. — 47 с.

- 2 Исалиев А.Т. Формирование и развитие спортивно-бального танца в СССР / А.Т. Исалиев // Вопросы хореографического искусства и образования конца XX – начале XXI вв.: материалы Междунар. науч.-практ. конф. (3–7 апреля 2017 г.). — Алматы: КазНАИ им. Т.К. Жургенова, 2017. — 216 с.
- 3 Интервью с О. Анцышкиной записано А.Н. Берікболовой в г. Москве 07. 12. 2020 г. — М., 2020.
- 4 Интервью с О. Анцышкиной записано А.Н. Берікболовой в г. Москве 09. 01. 2021 г. — М., 2021.
- 5 Исалиев А.Т. История спортивного бального танца: учеб. / А.Т. Исалиев. — Алматы: Goodprint, 2012. — 151 с.
- 6 Кондрашев В.В. Организация турниров по спортивному бальному танцу: материалы выпускной квалификационной работы: спец. 51.03.02 — «Народная художественная культура» / В.В. Кондрашев. — Челябинск, 2017. — 78 с.
- 7 Интервью с А. Макаровым записано А.Н. Берікболовой в г. Караганде 16. 11. 2020 г. — Караганда, 2020.
- 8 Интервью с М. Алишевым записано А.Н. Берікболовой в г. Караганде 23. 11. 2020 г. — Караганда, 2020.
- 9 Образцовый ансамбль спортивного бального танца «Ритмы детства». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://onmcdint.kz/obrazczovuj-ansambl-sportivnogo-balnogo-tanca-ritmy-detstva/>
- 10 Интервью с Ш. Мусиным записано А.Н. Берікболовой в г. Караганде 17. 11. 2020 г. — Караганда, 2020.
- 11 Интервью с Т. Тереховой записано А.Н. Берікболовой в г. Алматы 28. 01. 2021 г. — Алматы, 2021.
- 12 Терехова Т.В. Формирование профессиональных компетенций для специальности «Хореография» / Т.В. Терехова // Вопросы хореографического искусства и образования конца XX – начала XXI вв.: материалы Междунар. науч.-практ. конф. (3–7 апреля 2017 г.). — Алматы: КазНАИ им. Т.К. Жургенова, 2017. — 139 с.

А.Н. Берікболова, Л.А. Жуйкова

Валерий Анцышкин және оның Қазақстандағы спорттық бал билерін дамытудағы рөлі

Мақала Валерий Валентинович Анцышкиннің (1952–2013) шығармашылық тұлғасын қарастыруға арналған және «Қазақстандағы бал биі педагогикасының қалыптасуы мен дамуының тарихи-аналитикалық аспектілері» атты магистрлік диссертацияның үзіндісі болып табылады. Ол өткен ғасырдың 70–ші жылдары Қарағандыда спорттық бал биі мектебін құрудың бастамашыларының бірі болып табылады. Қазақстан үшін би мәдениетінің жаңа жанры жарты ғасырдан астам уақыт ішінде әуесқой спорттық би бірлестігінен (ӘСББ) «Спорттық бал биі педагогикасы» атты жоғары оқу орнының арнайы пәніне дейінгі даму жолынан өтті. Осы жолдың бастауында тұрған және оның дамуының негізгі бағыттарын белгілеген В. Анцышкиннің қосқан үлесі осы күнге дейін зерттелмеді. Авторлар мақалада алғаш рет В. Анцышкиннің өмірбаянының зерттелмеген фактілерін келтірген, оның ұйымдастырушылық, орындаушылық және педагогикалық қызметін анықтайтын жеке қасиеттерін талдаған. Валерий Валентиновичтің шығармашылық тұлғасының концепті мұрағаттық құжаттарға, туыстарының, достарының, әріптестерінің, оқушылардың эксклюзивті естеліктеріне негізделген.

Кілт сөздер: Валерий Валентинович Анцышкин, О.М. Анцышкинаның естеліктері, Қарағанды, бал биі үйірмесі, спорттық бал биі мектебі, конкурстар ұйымдастыру, педагогикалық қызмет, Т. Терехова, А. Макарова, М. Алишевтің естеліктері.

A.N. Berikbolova, L.A. Zhuikova

Valery Antsyshkin and his role in the development of sports ballroom dance in Kazakhstan

The article is a fragment of the Master's thesis "Historical and analytical aspects of the formation and development of ballroom dance pedagogy in Kazakhstan". It is devoted to the consideration of the creative personality of Valery Valentinovich Antsyshkin (1952–2013). He was one of the initiators of the creation of a sports ballroom dance school in Karaganda in the 70s of the last century. A new genre of dance culture that has been existing for little more than half a century in Kazakhstan has passed from an amateur association of sports dance (AASD) to a special university discipline "Pedagogy of sports ballroom dancing". The contribution of V. Antsyshkin, who stuck at the origins of this path and outlined the main directions of its development, has not yet been studied. For the first time, the article presents unexplored facts of V. Antsyshkin's biography, analyzes the personal qualities that determined his organizational, performing and pedagogical activities. The concept of Valery Valentinovich's creative personality is based on archival documents, exclusive memories of relatives, friends, colleagues, students.

Keywords: Valery Valentinovich Antsyshkin, Karaganda, ballroom dance club, school of sports ballroom dance, organization of competitions, teaching activities, memories of O.M. Antsyshkina, T. Terekhova, A. Makarov, M. Alishev.

References

- 1 Istoriiia Karagandy. Pervye shagi goroda: bibliograficheskii ukazatel (2014). [History of Karaganda. The first steps of the city: bibliography]. Karaganda: Karagandinskii gosudarstvennyi meditsinskii universitet [in Russian].
- 2 Isaliev, A.T. (2017). Formirovanie i razvitie sportivno-balnogo tantsa v SSSR [Formation and development of sports ballroom dance in the USSR]. Voprosy khoreograficheskogo iskusstva i obrazovaniia kontsa XX – nachala XXI vv.: Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaiia konferentsiia (3–7 apreliia 2017 goda) — Questions of the Choreography Art and Education in the late XX–early XXI centuries: International Scientific and Practical Conference (pp. 216). Almaty: Kazakhskaiia nationalnaia akademiia iskusstvo imeni T.K. Zhurgenova [in Russian].
- 3 Interviu s O. Antsyshkinoi zapisano A.N. Berikbolovoi [Interview with O. Antsyshkina recorded by A.N. Berikbolova] (07. 12. 2020). Moscow [in Russian].
- 4 Interviu s O. Antsyshkinoi zapisano A.N. Berikbolovoi [Interview with O. Antsyshkina recorded by A.N. Berikbolova] (09. 01. 2021). Moscow [in Russian].
- 5 Isaliev, A.T. (2012). Istoriiia sportivnogo balnogo tantsa: uchebnik [The history of sports ballroom dancing: textbook]. Almaty: Goodprint [in Russian].
- 6 Kondrashev, V.V. (2017). Organizatsiia turnirov po sportivnomu balnomu tantsu [Organization of sports ballroom dance tournaments]. Materials of the final qualifying work. Chelyabinsk [in Russian].
- 7 Interviu s A. Makarovym zapisano A.N. Berikbolovoi [Interview with A. Makarov recorded by A.N. Berikbolova] (16. 11. 2020). Karaganda [in Russian].
- 8 Interviu s M. Alishevym zapisano A.N. Berikbolovoi [Interview with M. Alishev recorded by A.N. Berikbolova] (23. 11. 2020). Karaganda [in Russian].
- 9 Obratsovyi ansambl sportivnogo balnogo tantsa «Ritmy detstva» [An exemplary ensemble of sports ballroom dance “Rhythms of Childhood”]. (n.d.). Retrieved from <https://onmcdint.kz/obrazczovyj-ansambl-sportivnogo-balnogo-tanca-ritmy-detstva/> [in Russian].
- 10 Interviu s Sh. Musinyim zapisano A.N. Berikbolovoi [Interview with Sh. Musin recorded by A.N. Berikbolova] (17. 11. 2020). Karaganda [in Russian].
- 11 Interviu s T. Terekhvoi zapisano A.N. Berikbolovoi [Interview with T. Terekhova recorded by A.N. Berikbolova] (28. 01. 2021). Almaty [in Russian].
- 12 Terekhova, T.V. (2017). Formirovanie professionalnykh kompetentsii dlia spetsialnosti «Khoreografiia» [Formation of professional competence for the specialty “Choreography”]. Voprosy khoreograficheskogo iskusstva i obrazovaniia kontsa XX – nachala XXI vv.: Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaiia konferentsiia (3–7 apreliia 2017 goda) — Questions of the Choreography Art and Education in the late XX–early XXI centuries: International Scientific and Practical Conference (pp. 139). Almaty: Kazakhskaiia nationalnaia akademiia iskusstvo imeni T.K. Zhurgenova [in Russian].

Б.А. Жамелов*, Х.М. Тұрсұн

*Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
(E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru; tursunhazret@mail.ru)*

Ұлт қайраткерлерінің Орталық Азияны ұлттық мемлекеттік межелеу саясатына көзқарастары

Мақалада ХХ ғасырдың 20-жылдары кеңес үкіметі тарапынан жүргізілген Орта Азияны ұлттық мемлекеттік тұрғыда межелеу саясатына байланысты қазақ зиялыларының пікірлері қарастырылған. Осы саяси науқан барысындағы большевиктік ұлт зиялыларымен қатар кеңестік саясатқа қарсы болған М. Шоқайдың көзқарасы талданған. Кеңес үкіметі Орта Азия республикаларындағы ұлт территориялық межелеу ісін толық өз бақылауына алып, Орта Азиядағы этникалық туыс халықтардың саяси тұрғыда бірігуіне қарсы болып, әр ұлтты жеке республикаға бөлуді дұрыс деп тапты. Дегенмен, осы науқанда большевиктер арасында межелеу саясатына қарсылық танытып, аймақта «федерациялық мемлекеттік құрылыс» құру дұрыс деп үкіметтің біржақты шешіміне қарсы болған С. Қожанов пен Түркістан АКСР-ін сақтап қалу дұрыс деп пікір білдірген Т. Рысқұловтың көзқарастары да назар аударуды қажет етеді. Орта Азияның саяси-экономикалық орталығы болған Ташкент қаласының Қазақ АКСР-інің аумағына өтуі заңдылық деп қаланы Қазақстан аумағына қосылуын жақтаған қазақ ұлттық комиссиясы өкілдерінің пікірлері кеңестік билік тарапынан қолдау таппады. Осылайша, ұлттық-территориялық межелеу саясаты қазақ зиялыларының пікірлерімен санаспай бір жақты кеңестік өктемдікпен шешілді. КСРО билігі Түркістан АКСР-ін тез арада жойып, ұлт республикаларына бөлу науқанын 1924 жылы толық аяқтады.

Кілт сөздер: мемлекет, ұлттық-территориялық межелеу, Орталық Азия, ұлт зиялылары, большевиктік билік, федерация, ұлттардың өзін-өзі билеуі.

Kipicne

1917 жылы орын алған ақпан, қазан төңкерістері Ресейде билеп төстеген монархиялық-отаршыл саяси жүйенің ыдырауына әкелді. Бұл оқиға Ресейдің аумақтарында өмір сүріп, отарлықтың азабын тартқан ұлттардың өзін-өзі билеуіне қол жеткізуге үміт сыйлады. Патша үкіметі құлағаннан соң Ресейде өмір сүріп жатқан халықтардың басты талаптарының бірі «Ұлттарға бостандық» еді. 1917 жылы 2 қарашада кеңес үкіметі «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы» деп аталатын декрет қабылдады. Бұл декрет Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне деген үндеу болды. Бұл құжатта Ресейді мекендеген халықтардың теңдігі, олардың өздерінің мемлекеттік құрылысын өздері шешуге құқылы екендігі айтылып, ұлттық және этностық топтардың еркін дамуына, бұрынғы езілген ұлттардың өздерін-өздері билейтіндігіне кепілдік беріледі делінді. Аталған декрет бұрын езгіде болған кеңес халықтарының, соның ішінде Орталық Азия аймағында өмір сүретін халықтардың саяси санасын оятып, езгіден арылып қана қоймай, өзімізді өзіміз басқара алатын деңгейге жете аламыз деген көзқарастардың пісіп жетілуіне себепкер болды.

Орта Азия халықтарының аражігін ажыратып, ұлттық белгілері бойынша мемлекет құрып, шекарасын межелеу мәселесі 1921 жылы 11 сәуірде алғаш рет айтылды. Орталық Азияда өмір сүрген түбі бір түркі қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен халықтарының басын біріктірген Түркістан АКСР-і этникалық әртектілігімен большевиктердің мазасын кетірді, туысқан халықтардың бір шаңырақ астында өмір сүруі мен осы аймақта пантүркілік идеяның жандануынан қауіп ойлаған большевиктер «Орта Азияны межелеу В.И Лениннің ұлт мәселесіндегі өсиеттеріне толығымен жауап береді» деп ұрандатып, республика аумағында қарқынды түсіндіру жұмыстарын жүргізді [1: 155]. Осылай ұлттық-мемлекеттік межелеу жұмыстары Мәскеудегі РК(б)П Орталық Комитетінің басшылығымен және мұқият бақылауымен жүзеге асырылды. Большевиктер өздерінің түпкі мақсатын көлегейлеу үшін Түркістан АКСР-інің аумағында мемлекеттік межелеу саясатын қолдайтын қарарлар қабылдаған ұлттар мен халықтар өкілдерінің және әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерінің жиындары мен митингілерін өткізіп, жүргізіліп жатқан саяси науқанның бұқара халықтың бастамасы екендігін

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

көрсетуге тырысып, өз іс-әрекеттерін ел мүддесімен санаса отырып, орындап жатқандықтарын жергілікті үкіметтік басылымдарда дәлелдеп бақты.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде кеңестік кезең және тәуелсіздік жылдары жазылған ғылыми еңбектер мен мақалалар және Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Түркіаткомның ресми баспасөз органы болып табылатын «Ақ жол» газетінің 1924–1925 жылдар аралығындағы жарияланымдары дереккөз ретінде қолданысқа ие болды. Зерттеу тақырыбының ерекшеліктерін, ғылыми жаңалығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін, зерттеудің нақты нәтижелерін қалыптастыруға негіз болатын дереккөздер кешеніне сыни және салыстырмалы талдау жасалады. Бұл дереккөздерінің ерекшелігі аталған тақырыпты зерттеу мен ғылыми құндылығын анықтауда маңызы зор. Дереккөздер талданып, авторлар тарапынан тарихи оқиғаның маңыздылығы туралы қорытындылар жасалынады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Орта Азияны ұлттық мемлекеттік межелеу науқанына алғашқылардың бірі болып ашық қарсылық білдірген зиялылардың бірегейі, саяси эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқай болды. «Түркістанды былайша жасанды түрде және күштеп бөлшектеу Кеңес үкіметіне біріншіден, кеңес туы астында болса да түркістандық түркілердің өздерінің ұлттық-саяси біртұтастығын нығайтуға ұмтылысына қарсы күресу үшін, екіншіден большевиктік, яғни сталиндік анықтама бойынша «аты жөнінен ғана ұлттық, ішкі мазмұны бойынша интернационалдық және социалистік ұлт саясатын» табысты енгізу үшін ғана керек болды. Іс жүзінде большевиктер өздерінің Түркістандағы ұлт саясатына ескі орыс отаршыл империализмі саясатын дәлелдеп, орыс билігін құруды көздеген» [2: 184] деп кеңес үкіметінің межелеуге қатысты саясатын әшкерелеп, сынға алды. Мұстафа Шоқайдың ойынша кеңес билігі Орта Азияда түркі халықтарының бірігуінен өлердей қорықты және «Тұтас Түркістан» идеясына қарсы тұрып, қандас, туысқан халықтардың күшеюіне жол бермеудің барлық әрекеттерін жасады. 1917 жылы Түркістан автономиясы құрылған шақта большевиктер бұған үреймен қарап, армяндық Дашнакцютцион партиясын айдап салып, ыдыратып жіберді де оның орнына кеңестік үлгідегі тілалғыш Түркістан АКСР-ін құрды. Дегенмен, бұл большевиктік үлгідегі автономия қызметінде де пантүркішілік идеясы өз маңызын жоғалта қойған жоқ. «Түркістанның тұтастығы» идеясын қолдайтындар ішінде большевиктер де болды. Бұлар қазақ этнолитасының көрнекті өкілдері Тұрар Рысқұлов мен Сұлтанбек Қожановтар еді.

Орталық Азия халықтарын ұлттық мемлекеттік межелеу науқанына қарсы болғандардың бірі Т. Рысқұлов. Рысқұлов өзі жанталасып құрған Түркістан АКСР-інің өміршеңдігін қалап, партия тарапынан жүргізілмек осы саяси науқанға наразылығын танытты. Кеңес билігі межелеу науқанына Т. Рысқұловтың кедергі жасамауы үшін оны Моңғолияға елшілік қызметке ауыстырды. Т. Рысқұлов Жетісу облысы туралы мәлімет жинап, 1923 жылы «Джетысуские вопросы» атты облыстың әлеуметтік құрамы, шаруашылығы мен экономикалық өндірістік әлеуетін сипаттайтын жинағын шығарды. Осы жинақтағы ақпараттарға көз салатын болсақ, 1915 жылы аймақта 1223 мың халық тұрса, оның 883 мыңы қазақтар, 200 мыңы орыстар, 86 мыңы ұйғырлар, 10 мыңы татарлар, 21 мыңы өзбектер болған. Статистикалық ақпарат көрсеткендей облыс тұрғындарының басым бөлігі қазақтар болғандығын анықтауға болады. «Бұл типтік түрдегі қазақ облысын бейнелейді» [3: 160]. Мұнда қазақ өмірінің тамыры басқа жерлерден басымырақ және қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері көзге айқын көрінеді», – деп жазады Т. Рысқұлов [4].

Мемлекет қайраткері 1922–1924 жылы Түркістан Орталық Атқару комитетінің басшысы болған С. Қожанұлының «Ақжол» газетінде берген сұқбатында Түркістан өңірінің болашағы жөніндегі таласта екі мәселе күн тәртібінде болды:

«Орта Азия мемлекеттері бірігіп, федерация бола ма, болмай ма?». «Барлық ұлттардың ортасындағы қазынасындай саналатын, мәдениеттің ордасы сауданың кені, шаруаның кіндігі, бүкіл Орта Азияға арналған байлықтың жиылған орны Ташкент қаласы кімге тиеді?».

«4 маусымда партия орталық комитетінің мәжілісінде Орталық Азия бюросының атынан Рудзутак баяндама жасап, кейін Түркістаннан барған барлық ұлттың уәкілдеріне сөз берілді. Аталған жиынға Түркістан өлкесінде тұратын қазақ және өзбек ұлты өкілдерінен келген делегация және Қазақ АКСР-інің орталығы Орынбор қаласынан келген өкілдер қатысқан. Түркістандық қазақ делегациясы «Орта Азия федерация болсын, федерация болса да Сырдария облысының бас қаласы, Жетісу мен

Сырдарияны лебіне тартып тұрған шаруа орталығы Ташкент Қазақстанға беріліп, Ташкент Қазақстанның астанасы болсын», – деген пікірде болды. Түркістандық қандастарын Орынбор қаласынан келген қазақ делегациясы да қолдады. Жиынға қатысқан өзбек делегациясы Ташкент «өзбек қаласы» болғандықтан болашақта құрылатын «Өзбекстанға өтуі керек» деген тұжырымды ұстанды. Түрікпен делегациясы федерациялық құрылыстың қажеттілігі жоқ, әр халық жеке өз алдына туын тігіп, мемлекет құрсын деген ұстанымын білдіріп, Ташкент қаласына қатысты пікір білдірмеді», – деді С. Қожанов [5: 166]. Қырғыз делегациясынан Жүсіп Әбдірахманов, федерация туралы сөйлеп әуре болудың қажеті болмай қалды деп, қырғыз бен қазақтың айырмасы туралы сөйледі. Қырғыз бен қазақ бірінің тіліне бірі түсінбейтін, жазу оқытуы басқа болуын, тұрмысы бір-біріне ұйқаспайтын, шаруа жағынан қырғыз жұрты қазақтан көрі өзбекке көбірек байланысты екенін, мәдениет жағынан қырғыз-қазақтың бір-біріне жуысатын түгі жоқ һәм қырғызда хат танушылар қазақтан бір процент артық екенін айтып өтті. Сөзінің аяғында Әбдірахманов Ташкент қаласы қай жағынан қарасақта Қазақстанға берілуі керек, – деп сөз айтты [6: 205]. С. Қожановтың пікіріне көз салсақ, қазақ делегациясы осы жиында Ташкент қаласының қазақтардың аумағында қалуы үшін барын салған. Түркістан үшін федерациялық құрылыстың ауылы алыс екендігі айқындалды, себебі жиынға қатысқан барлық ұлттардың өкілдері өлкенің федерация жағдайында өмір сүруіне қарсылық танытып, жеке бөлініп шығуды дұрыс деген қорытындыға келді. Барлық уәкілдердің пікірлері тыңдалғаннан соң жиналыстың соңында қорытынды жасалып, Түркістандағы партия ұйымдарының көпшілігі һәм ұлттардың көпшілігі талап қылғанын мақұлдап, ұлт шекарасы ашылып, Өзбекстан һәм Түрікменстан өз алдына ешкімге бағынбаған республикалар болып, Кеңес мемлекеттері ынтымағына шартнамамен қосылатын болсын және бұрын Түркістан АКСР-і аумағында болған қазақтар қалың шоғырланған Жетісу мен Сырдария облыстары болашақта Қазақстанның аумағына берілуі жөніндегі шешім бірауыздан қабылданды. Жиынның қабылдаған осы шешімін Орталық Комитет қабыл алды. С. Қожановтың пікірінше Ташкент қаласының саяси статусы бұл жиында шешілмей қалды. Ташкент туралы талас көп болғандықтан тағы тексеріліп, анықталғанша мәселе уақытша ашық қалдырылды. С. Қожанов Орталық Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу саясатының маңыздылығы жөнінде: «Бұл қаулы жақсылап орындалып айтылған сөз жөндеп жарыққа шығарылса, саудагер, атқамінер, манаптар ұлт айырмасынан пайдаланып, бұқараны өшіктіріп қойып, өздерінің бас қамын жеп жүрген сұмдар тиылып, ұлт теңдігімен өз еркі өзіне тиген еңбекшілер кеңес жолымен, шекарасын қонысына қарай бөліп алып, билеу тұрмысына, жұртшылық салтына қарай орнатып, кеңес жолымен, еңбек бірлігімен қанаттасып, ынтымақтас болуына жол ашылатыны анық», — деп баға берді [7: 255].

С. Қожанов Түркістан өлкесінің саяси құрылысы федерация түрінде болғанын жөн санап, Қазақстанды да қосу арқылы Орта Азия федерациясын құру жөнінде бастама көтерді. Ол өлкеде ту тіккен республикаларды алдымен экономикалық қауымдастыққа, содан соң Орта Азия федерациясына біріктіру, сосын экономикалық және саяси-әкімшілік тұрғыда қалыптасқан қуатты құрылым ретінде, республикалар одағына — КСРО-ға кіру бағытын ұстанды. Бірақ С. Қожановтың бұл идеясын РК(б)П ОК Орта Азиялық бюросы қолдамады. Кеңес үкіметі қандай да формада болмасын Орта Азияда түркі халықтарының бірігуін қаламады және оған кедергі келтіріп отырды. РК(б)П Орталық Азия бюросының хатшысы И. Варейкис Қазақстанның Орта Азия бірлестігіне кіруіне қарсы болды. Осылайша, қазақ зиялыларының бірігуге бастаған ұсыныстары қабылданбады. С. Қожановтың пікірлерін дұрыс көрмеген Н.И. Ежов, Бах секілді большевиктер оған қарсы шығып, «мемлекеттік межелеуді тым асығыс жүргізуге болмайды», — деді. Н.И. Ежов тіпті шабуылын үдетіп, «Қожановтың шыдамсыз қадамы қазақ ұлтының шабуылдаушы ұлт екендігін көрсетеді», – деп теріс баға берді. С. Қожановтың ерік жігері мен қайрауының арқасында ұлт қайраткерлері оянып, Ташкентті Қазақстанға беру және мемлекеттік-межелеу саясатын әділетті жүргізуді талап етуге түрткі болды. Қазақ зиялылары Орталық Азия бюросының мемлекеттік-межелеуде мына талаптарды орындауға шақырып, Қазақ республикасы өзінің жаңа шекарасы негізінде КСРО құрамына одақтас республика ретінде енуді, Ташкент қаласының қазақтарға өтіп, Қазақ КСР астанасы болып бекітілуін, Бұхара қазақтарының Өзбекстан құрамында автономиялық облыс статусына ие болуын және Қарақалпақ автономиялы облысының құрылып, Қазақстан құрамына қосылуын талап етті. Ташкент қаласының тағдыры шешіліп, Өзбекстанға өтетін болып шешілгенде С. Қожанов үлкен күйінішпен: «Біз екпінді әрекет еттік. Бәрібір Ташкентті ұстап қала алмадық», – деп өкінішін білдірді [8: 188]. Бұл талаптардың көпшілігі өз шешімін таба алмады, тек Қарақалпақ облысы құрылып, 1932 жылға дейін Қазақстан аумағында болды да, кейіннен Өзбекстанға өтті. Қазақстан тұтастығының қалыптасуы тақырыбында зерттеу жүргізген Ғ. Маймақов сол кездегі Қазақстан Компартия ұйымының

басшылары ел мүдделері тұрғысында мәселені дұрыс қойғанымен, оны жүзеге асыру жолында табансыздық танытты деген тұжырым жасаған [9: 199].

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Садықбек Сапарбеков «Орыс колонизаторлығының, орыс ұлт үстемдігінің тамырын жойғанменен, жергілікті ұлттардың да шаруа қалпы туралы болғандықтан тіршілік жүзінде шаруа қамдарын бір-біріне қайшы келіп, бірі екіншісіне үстемдік жүргізетіні айқындалды. Бұл зорлықты жойып, әр ұлт өз бетімен ер жетіп, жұрт қатарына қосылуына жол ашу үшін ұлттардың шекарасын ашып, әрқайсына өзіне тиісті ақысын беріп қою керек», – деп ұлттық ерекшеліктеріне қарай мемлекеттік межелеу саясатының заман талабына орай қажетті іс екендігін айтады. Яғни Түркістан өлкесінде көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ қауымының шаруашылық жағдайы өзбек және тәжік халықтарының шаруашылығымен салыстыруға мүлдем келмейді, өндіргіш күштер артта қалған. Отырықшы өмір салтын ұстанып, егіншілік және саудамен айналысқан халықтармен бір мемлекет астында өмір сүргеннен гөрі бөлініп жеке мемлекет болғанымыз дұрыс. Бұны С.Садықбеков мына сөздерімен дәлелдей түседі: «Бұл мәселеде басқалардан гөрі қырғыз бен қазаққа қиындық көбірек душар болатыны анық. Жұртшылығы тайыз, шаруасы орнықсыз, халқы тозған, базарлы жерлері, отырықшы орталық орындары барлығы жат ұлттардың қолында. Қырғыз бен қазақ ұлттары мемлекет жасауға әзірлігі кем, ұлттығы нашар, ең артында қалған ұлттар екені анық» дей келе, С. Сапарбеков қазақтар тұратын аудандардың көрші Қазақстанға қосылуы қажет екендігі кезек күттірмейтін мәселе екендігін жеткізді [10: 172].

Қырғыз (қазақ) Орталық атқару комитеті 1924 жылы 9-шы маусымда Түркістан аумағына қарасты қазақ аудандарын республикаға қосу мақсатында арнайы «Түркістаннан шығып, Қазақстанға кіретін қазақ аудандарын кіргізу һәм билеу тәртібі туралы» қаулы шығарып, ревком құрды. Оның құрамына С. Меңдешев, Ә. Әлібеков, С. Есқараев, А. Серғазиев, Т. Жүргеновтер еніп, төрағасы болып С. Меңдешев, орынбасарлары Ә. Әлібеков, С. Есқараев бекітілді. Сырдария мен Жетісу облыстарының басым бөлігінің Қазақстанға қосылуымен елдің әкімшілік-саяси орталығын ауыстыру мәселесі туындады. Орынбор қаласы Қазақ республикасының негізгі шаруашылық аудандарынан шалғайда орналасуы басқару ісінде біраз қиындықтарды туындататыны белгілі еді. «Ақ жол» газетінің 1924 жылдың 30 шілдесінде жарық көрген № 464 санында бұл туралы былай деп жазды: «Астананы жергілікті халыққа жақындатуды қажет деп, Қазақстан облыстарының осы кезде бір-біріне шалғайлығын еске алып, Қазақстан астанасын Орынбор губерниясынан көшіруді дұрыс тауып, оңтүстіктегі қазақ облыстарының шаруашылық саясаты жүзінде Қазақстанда зор мағыналы екендігін ескеріп, алдымызда Қазақстан Орта Азия шаруашылық ынтымақ бірлігіне кіруі мүмкіндігін һәм келесіде мемлекет құрамасына да қосылар деп обком мынадай қаулы қылды: Қазақстан астанасын Орынбордан көшіріп, қазағы бар жерге апаруға, осы мақсатпен Россия ортақшыл партиясының орталық комитетінен басқа бір қаланы астанаға жарарлықтай қылып алғанға дейін, пәтер ретінде болса да, Ташкентте тұруға рұқсат сұрауға». Ташкент қаласы кезінде 200 жылдай Қазақ хандығының аумағында болған, өзбектермен қатар қазақтар да басым тұрған мекен болғандықтан және көшпелі қазақтар өмір сүретін Қазақ АКСР-іне жақын болуы, экономикалық және саяси тұрғыда қазақ халқымен біте қайнасып жатқан шаһар болғандықтан қазақ зиялылары бұл қаланың Қазақстан аумағында қалуы дұрыс деген ұстанымда болды.

Қазақ ұлттық мемлекеттілігін қалыптастыруға белсене араласқан Сейітқали Меңдешев 1924 жылы Орта Азия елдері мен Қазақстанның мемлекеттік шекарасын межелеу мәселесін шешуге белсене қатысты. 1924 жылы Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақ АКСР-іне қосуда үлкен қажыр-қайрат көрсетті. Патша өкіметі кезінде қоныс аударушыларға тартып әперілген шұрайлы жерлерді қазақтарға қайтару керектігі жөнінде мәселе көтерді. С. Меңдешевтің ойынша Сырдария мен Жетісу облыстары сонау 1920 жылы Қазақ АКСР-і құрылған кезде республика аумағына қосылуы қажет еді, аймақтардың Қазақстан аумағына қосылмауы республиканың экономикалық-әлеуметтік жағдайына едәуір теріс әсер еткені белгілі. С. Меңдешев Жетісу мен Сырдария облыстарының қосылуына байланысты елдің орталығын қазақ қалың шоғырланған аумаққа көшіру кезек күттірмейтін мәселе екендігін айтып, қазіргі кезде астана үшін ең қолайлы жер бұл Ташкент қаласы екендігін айтты. Бұл жөнінде С. Меңдешев «Ақ жол» газетінің тілшісіне берген сұқбатында «Ташкенттен әбден күдерімізді үзбей тұрып, басқа жақтан кіндік қарастырарлық деген тіпті, ойымыз жоқ. Орынбордан арылып шықтық. Омбы мен Семей қиыр шет. Қалың қазақты бір қиырға тастап, орданы барып шетке тігудің ешбір мағынасы жоқ» деді. Бұл сөзін С. Меңдешев мына сөздермен дәлелдей түседі:

1) Қазақстан бір ғана Семейдікі, яки, Ақмоланікі емес, жалпы қазақтікі.

2) Қазақстанның оңтүстігі Бұхара, Хиуа қазақтары мен Жетісу, Сырдария облысы, күншығысы Ақмола, Семей, күнбатысы Бөкей мен Орал облысы. Болашақ Қазақстанның кіндігі осы жайылған қалың қазаққа орталық жер болуға керек. Ол жер — Ташкент. Қысқасы, қазақтың нағыз көпшілік, орталық кіндігі болған Ташкенттен айырылып, Қазақстан болу — бастан айырылып, дене қалумен бірдей. Ташкент арқылы темір жолмен Семейге де Оралға да, Ақмолаға да тез жетудің мүмкіндігі бар екендігі. С. Меңдешевтің пікірінше Орталық Азияны ұлт шекараларына бөлу өте дұрыс, бұл арқылы Қазақстан болашақта өзінің ауылшаруашылық және өндірістік әлеуетін арттыруға мүмкіндік алады. Әр ұлт жеке дара өз мемлекеттілігін құруға мүмкіндік алатын кеңес үкіметі тарапынан жүргізіліп жатқан әділетті саяси шешім [11: 275–278]. С. Меңдешев 1924 жылы 26 тамызда РК(Б)П Киробком төралқасының мәжілісінде Түркістан АКСР-і мен арадағы шекараны межелеуге байланысты баяндама жасап, республикалар арасындағы шекараны анықтауға әр елден үш адамнан өкіл қатысқан комиссияның күрделі және келісімді жұмыс атқарып жатқандығын айтып, қарама-қайшылықтар тудырып жатқан мәселелерге тоқталды. Өз баяндамасында комиссияның ұлттық-территориялық межелеуге қатысты шешімдерінің қорытындысымен таныстырды. Меңдешевтің айтуынша Ташкент уезінің ұлттық құрамы төрт белдеуден тұрды:

1. Ангрэн өзені бойында орналасқан 8 болыстан құралған құрама руы мекендеген шығыс белдеу. Қазақ өкілдерінің ұстанымы бойынша бұл болыстарда негізінен қазақтар тұрады. Осыны дәлелге алсақ, бұл белдеу сөзсіз Қазақстанға өтуі қажет деп есептейміз. Өзбек делегациясының өкілдері бұған үзілді-кесілді қарсы болып, бұл белдеуде өзбектер тұрады деп дәлелдеуге тырысты.

2. Шыршық өзенінің сол жағалауында қазақ халқы басым тұратын 8 болыстан құралған белдеу.

3. 4-болыстан тұратын, халқының құрамы талас тудырып отырған белдеу. Өзбек өкілдердің пікірінше, 1922 жылғы халық санағы бойынша өзбек халқы басым, бұған қазақ делегациясы келіспей керісінше қазақтар тұратын орта белдеу деп санады.

4. Төртінші белдеу. Тұтастай қазақ халқы мекендейтін Ташкент уезінің батыс бөлігі. Комиссия құрамында жұмыс істеген қазақ делегациялары осы айтылғандарды негізге ала отырып, бүкіл Ташкент қаласы (уезі) Қазақ АКСР-інің құрамына өту керек деп есептейді, – деді баяндамасында С. Меңдешев. Осы баяндама зер салып қарайтын болсақ, С. Меңдешевтің Ташкент қаласы тарихи тұрғыда және тұрғындарының басым бөлігі қазақтардың болуына байланысты қазақ мемлекетінің аумағына өтуі қажеттілігі үшін бар күш-жіберін жұмсағанын көруге болады. Комиссия шешімі бойынша Ташкент қаласы мен оның төңірегіндегі 30 верст аумақты Өзбекстанға беру жөніндегі шешімді шығарды. С. Меңдешев кеңестік партия қайраткері ретінде орталықтың бұл саяси науқанын бар жан-тәнімен қолдау танытып, қазақ жерлерінің біртұтастануы дұрыс деп есептеді [12: 45–48].

Мемлекет қайраткері Қазақ АКСР-інің Жер-су комиссары Әлібекұлы Әлиасқардың айтуынша Сырдария мен Жетісу сынды облыстардың 1920 жылы Қазақстан аумағына кірмей қалуы, қазақ халқының тең жартысының жат-жұрттық болып кетуі онсыз да өндірісі мен шаруашылығы артта қалған республиканың дамуына үлкен кедергі болғандығын айтады. Сырдария мен Жетісу облыстары қосылған жағдайда республикаға 2 млн-нан астам Түркістанның қазақ тұрғындары қосылмақ. Артта қалған өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуда бұл орасан күш болмақ. Осыған байланысты қазақ республикасының орталығын Орынбордан Сырдарияға көшіру маңызды екендігін атап өтті.

Түркістан коммунистік партиясы Орталық атқару комитетінің хатшысы болған А. Рахымбаев Орталық комитет тарапынан жүргізілейін деп отырған Орта Азияны мемлекеттік межелеу науқанына қолдау танытып, ұлт шекарасына бөлудің шаруашылық тұрғысынан алып қарағанда маңызы зор екендігін атап өтіп, Орта Азияны мекендеген ұлттардың шаруасы бөлек-бөлек екендігін, әр ұлттың шаруасы бір қалыпты еместігін баса айтты. Өзбек ауданындағы ел тұрғылықты егін салады. Қазақ, түрікмен аудандарындағы елдер көшпелі мал бағады. Түркістан өзбектері мақта егеді. Діқаншылық қылады. Жібек тоқиды. «Бұхара, Хорезм өзбектерінің де тіршілігі осы. Сондықтан ұлт болып бөлінгеннен кейін ұлт республикаларының шаруашылық жүзіндегі бірлігі, әрине, үлкен мағыналы жұмыс шаруаның түрі бір болғандықтан өркендету, мәдениетті қылу оңай болмақ. Жалғыз ұлт бірлігі емес, шаруашылық бірлігінің өзі де табиғи керек істің бірі боып отыр», – деп іс-шараның заман талабы екендігін қоғамға түсіндірді. Ташкент қаласының кімде қалуы керек деген сұраққа А. Рахымбаев қаланың Өзбек республикасының аумағында қалғаны дұрыс, себебі Ташкент қаласы Түркістан, Ферғана, Самарқанның мәдени-саяси кіндігі. Шаруашылық тұрғысынан алсақ та Ташкент тұрғындары негізінен отырықшы шаруашылықты ұстанады. Осыны есепке алатын, болсақ көшпелі қазақтардан гөрі отырықшы өзбекке өтуі заңды, – деп ойын білдірді [13: 134].

Белгілі қазақ зиялысы С. Асфендияров та бұл саяси науқаннан алыс кетпей, өз пікірін білдірді. Оның ойынша, Орта Азия республикалары көп ұлттардың түйіскен жері. Мұнда ұлт болып құралу мәселесі әлі аяқталған емес. Түрлі мәдениет баспалдағында тұрған көшпелі мал өсіруден бастап, отырықшы өмір сүретін сауда мен егін шаруасына бейімделген түрлі халықтар бар. Ұлт шекарасын айырғанда, артта қалған нашар ұлттарға шаруа, мәдениет майданында өркендеуге қолдау көрсетудің қажеттілігін айтып, нашар ұлттар күшті ұлттың езуіне түсіп кетпеуі жағын қарастыруды қадап айтты. Орта Азия халықтары кеше ғана патша үкіметінің езгісінен құтылды, енді бұндай жағдай қайталанбауы керек, – деп өз пікірін білдірді. Қазақ мемлекетіне берілетін астана қазақтың шаруасына, мәдениетіне шын мағынасында орталық бола алатын болуы керек. Болашақ қазақ мемлекетінің шаруашылық, мәдениет салаларында дәуірлеп кетуіне ұйытқы болатын Ташкенттен басқа орталық табу қиын дей келе, Қазақ АКСР-інің орталығы Орынбордан Ташкент қаласына көшірілуін құптады. Болашақ құрылғалы тұрған ұлт республикалары өздерінің бұрынғы қатынастарын үзбей керісінше жандандыру керектігін, тап күресін жалғастырып, байларды жою арқылы жұмысшылар мен еңбекшілердің өсуіне мүмкіндік беруді қолдады.

Қазақ АКСР-інің Түркістан АКСР-і Орталық атқару комитеті жанындағы өкілі қызметін атқарған Темірбек Жүргенов межелеу мәселесінде Ташкент қаласының Қазақ республикасының аумағына өтуі қажет деген пікірді қолдады. Мемлекеттік межелеу кезінде қазақтар тарапына әділетсіздіктер жасалынып жатқандығын меңзеп, Ташкент уезінің 29 болысының тек екеуінде ғана өзбектердің саны басым, қалғандарында қазақтар тұрады. Мысалы Ташкент уезінің Шыршық болысында 100 мың қазақ болса, оның небәрі 7000-ы ғана өзбектер. Осыны негізге алатын болсақ, Ташкент уезі мен қаласы толықтай Қазақстанға өтуі керек екендігін атап көрсетті. Қазіргі Мақтаарал ауданына қатысты Мырзашөл жері кімге өтуі керек деген тартыста да бұл жер жердің тұрғындарының басым бөлігі қазақтар (80 %). Өзбектердің бұл ауданға таласатын еш негіздері жоқ, дей келе, Т. Жүргенов Орта Азиялық бюроны межелеу саясатын әділетті әрі дұрыс бағытта жүргізуге үндеді. Жүргенов сонау Бұхара қазақтарының да ауыр жәй-күйіне назар аударып, Өзбекстанның құрамындағы автономиялық облыс статусын иеленуі қажет екендігін білдірді. Қазақстанның болашағына тоқтала келе жаңадан біріккен Қазақ республикасы КСРО құрамына келісім-шарт негізіндегі одақтас республика болып қосылуы қажеттігін қадап айтқан Т. Жүргенов ұлттық мемлекеттік межелеу кезінде қазақ халқының мүддесін бар күш-қайратымен қорғай білді.

Сырдария облыстық партия комитетін басқарған Сүлеймен Есқараев партияға шын берілген адам ретінде ұлттық-межелеу саясатын дұрыс деп бағалап, шаруашылық тұрғыда маңызды іс-шара екендігін, әр ұлт жеке өз алдына бөлек шығып, шаруашылығын түзеуге мүмкіндік алмақ. Қазақстанға екі ірі қазақтар қалың шоғырланған облыстың қосылуы республиканың ауыл шаруашылық әлеуетінің түзелуіне мүмкіндік береді, – деп есептеді. Дегенмен ұлт республикалары бір-бірінен қол үзіп қалмауы қажет, себебі ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық байланысты бір сәтте үзе салу экономикалық тұрғыда қолайсыздық туғызады. Бұл жөнінде С. Есқараев былай дейді: «Орта Азия шаруалары бір-бірімен тығыз байланысқан. Мәселен, өзбек шаруасы қазақ шаруашысыз, қазақ шаруасы өзбек шаруашысыз күн көре алмайды. Ферғана Жетісу малы мен астығының арқасында тамақтанса, Жетісу Ферғананы базарлап, астық, мал, өнімін сатып, өзіне керегін алады. Бірі-бірінен жеке өмір сүре алмайды. Ұлттарды ұлт белгісіне қарай шекараға бөлгенімен бірге Сырдария суын (қазақ пен өзбекке, Әмудария суын өзбек пен түрікпенге) бөліп беруге болмайды. Сондықтан болашақ Орта Азия республикаларының арасында шаруашылық байланыс жасататын су мәселесі болып отыр».

Сонымен бірге Орталық Азияны Ресейдің орталық аудандарымен байланыстыратын темір жол жүйесі республикалар арасында бөліске түспей одақтық мүлік санатына жатқызылу керек, – деген пікірді білдіреді. С. Есқараевтың ойын талдай келе, «Орта Азия республикалары болашақта шаруашылық байланысты сақтап қалуы қажет, бұлай болмаған жағдайда Орта Азия шаруашылығы өркендей алмайды. Қазақстанның орталығы жөнінде де пікір білдіріп, орталық Сырдария облысына көшкені дұрыс» деген пікір білдірген [14: 77].

Бұхара облысындағы қазақ орталығының жетекшісі Мырза Науырызбайұлының «Ақ жол» газетіне берген сұқбатында өзге қазақ қайраткерлерінің пікірлерімен үндестігі байқалады. Оның айтуынша Қазақстан Орта Азиядағы республикалармен байланысын үзбеу керек. Қазақтың көпшілігі егіншілік, мал шаруашылығымен тіршілік етсе, өзбек сауда, тоқымашылық (бөз тоқиды), бау асырау, диқаншылықпен тіршілік етеді. Әрине, бұл екі түрлі кәсіптің бір-бірлеріне байланысы күшті. Сондықтан, Қазақстан өзінде жоқ нәрселерді шеттен алуға тиіс. Қазақстан кен орындарына бай

болғандықтан Орталық Азияны шикізатпен қамтамасыз етуге қауқары бар, өз кезегінде өзінде жоқ өнімдерді көршілерден алуға болады. Орта Азия республикалары экономикалық-шаруашылық одаққа біріксе аймақтың дамуына үлкен түрткі болар еді. Мәдени тұрғыда да дала қазақтары мен Түркістан қазақтарының бірігуі арқылы қазақ әдебиетінің таралуына (Түркістан өлкесінің қазақтарына) мүмкіндік бар. Мырза Науырызбайұлының айтуынша, Түркістан шаңырағында өзге ұлттармен қатар өмір сүрген қазақтарда тілдің шұбарлануы мен салт-дәстүрдің араласуы орын алған. Сырдария облысының қазақтарының сөздік терминологиясында өзбек сөздері көп кездеседі. Оның пікірінше Бұхара қазақтары Өзбекстанның аумағында автономиялық статуска ие болуы керек. Қазақстанның астанасы мәселесінде де Орта Азияға жақын жер таңдап алыну қажет, бұл арқылы бұрынғы Түркістанмен саяси байланысты жоғалтып алмаймыз, – деген пікірді ұсынды [15: 119].

Орталық Азия аймағын ұлттық-мемлекеттік межелеу кезінде осы өңірде тұратын саны ең аз халық қарақалпақтардың саяси статусы қандай болуы керек деген мәселе күн тәртібінде тұрды. Түркістан Республикасының Амудария облысы мен Хиуа республикасының аумағында жалпы саны екі жүз қырық мыңдай қарақалпақ халқы өмір сүрді. Бұл тұста қарақалпақ халқының арасынан шыққан зиялылардың саны тым аз болды, басқа ұлттармен салыстырғанда қараңғылық құрсауында өмір сүріп, Хиуа хандығының құрамында болып келген бұл халық үшін өзге халықтармен теңдей өзін-өзі басқару құқығын иеленуге мүмкіндік туды. Комунистік партияның Орта Азиядағы бюросы автономиялы Қарақалпақ облысы түзуді керек тауып, қаулы қылды. Ендігі мәселе құрылғалы отырған Қарақалпақ Республикасы кімнің қарамағында болуы керек деген сұрақ болатын. Ұлттық мемлекеттік межелеу бойынша комиссия мүшесі қарақалпақ ұлтының өкілі Аллаяр Досназаров болашақта қарақалпақ халқының тағдыры қалай болмақ деген сұраққа өз пікірін білдіріп: «Қарақалпақ деген аты өзге болмаса, бұл халық тарихи дәстүрі және тілімен қазақтан өзгелігі жоқ. Кәсіп пен шаруашылық түрі, ғұрып–әдеті, тұрмыс заңы бәрі де қазақша. Қарақалпақтың өзбекпенен ешқандай байланысы болмауына байланысты Өзбекстанға қосылудың ешқандай реті келмейді. Сондықтан автономиялы Қарақалпақ облысы жаңадан түзілетін Қазақстан республикасына қарау керек және Қазақстан Республикасы үкіметі жанында қарақалпақ комиссиясы болуы керек», – деді. «Туркестанская правда» газетінің 187-санында Сұлтанқазы деген қарақалпақ зиялысы мақала жазып «Қарақалпақ облысы Өзбекстанға қосылсын» деп мәлімдеме жасаған. Қарақалпақ зиялыларының ой пікірін сараласақ дұрыс деп толықтай есептеуге болады, себебі бұл халық қазақтар сынды көшпелі өмір сүрді, тілі де қазақтарға жақын, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарына жақындық көп. Тарихы да қазақтармен тағдырлас туысқан халық болғандықтан Қазақстан аумағына қосылуы дұрыс еді. 1925 жылы 12–19 ақпан күндері өткен диханшылар мен батырақтардың және қызыл армия депутаттарының құрылтай съезінде Қазақ АКСР-і құрамындағы Қарақалпақ автономиялық облысы ресми түрде жарияланды (16 ақпан).

1924 жылы 18 қарашада өткен Түркістан АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің соңғы мәжілісі өткізіліп, Түркістан республикасының атқару комитеті, комиссарлар кеңесі, шаруа кеңесі тарқатылды. Бұл тарихи мәжіліс Түркістан кеңестік республикасының соңғы күні болып, өмір сүруін тоқтатты, оның аумағында ұлт республикалары қалыптасты [16: 263].

Ұлттық-территориялық межелеу барысында Орта Азияны мекендеген түркі халықтарының бірлігінің рәмізінде болған Түркістан атауы геосаяси, әкімшілік мәнінен айрылып, тарихтың еншісіне берілді.

Қорытынды

Ұлттық-территориялық межелеудің бастауында тұрған қазақ зиялылары С. Қожанов, Т. Жүргенов, С. Меңдешев сынды тұлғалардың көзқарастары науқанның барынша өткір саяси пікірталастарға негіз болғандығын аңғартады. Кеңес үкіметі 1924 жылы Орта Азиядағы ұлттарды мемлекеттік межелеу саясатын толық аяқтады. Түркістан Республикасының құрамында болған ұлттар науқан барысында өз алдына жеке республикаларға айналып, өзін-өзі басқару құқықтарына қол жеткізді. Кеңес Одағының құрамына дербес ұлттық мемлекеттік құрылымдар болып енген ұлттар қысқа мерзімде саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда биік жетістіктерге жетті. Жас республикаларда кезек күттірмейтін мәселелер (сауатсыздықты жою, ауыл шаруашылығы, елді индустрияландыру, білім мен ғылымды дамыту) шешімін тапты. Ең бастысы апатты, секірмелі жолмен болса да тұтас аймақтың халықтары дәстүрлі қоғамдық құрылымдарын жаңа индустриалды қоғамға модернизациялай алды. Еліміздің тәуелсіздік жылдары көрші мемлекеттермен шекараны

делimitизация, демаркация жасауы XX ғасыр басындағы шекара мәселесін халықаралық нормаларға сай реттеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Маймақов Ғ. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы / Ғ. Маймақов. — Алматы: М.Х. Дулати атындағы қоғамдық қоры, 2005. — 205 б.
- 2 Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / М. Шоқай; Құраст. Б. Серікбайұлы Қошым Ноғай. — Алматы: Жалын. — 1992. — 184 б.
- 3 Шоқай М. Туркестан под властью Советов / М. Шоқай. — Алматы: Айқап, 1993. — 245 с.
- 4 Тастекова Г.Б. Қазақ жері шекарасының қалыптасуы мен анықталуы мәселесінің теориялық проблемалары / Г.Б. Тастекова // Тарих ғылымының теориясы мен әдіснамасы. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. — Қостанай: ҚМПИ. — 2015. — Б. 245-251.
- 5 Ақ жол (газеті) [Мәтін]. Көптомдық. / Құраст. Х. Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. — № 471. — 487 б.
- 6 Ақ жол (газеті) [Мәтін]. Көптомдық. / Құраст. Х. Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. — № 472. — 425 б.
- 7 Ақ жол (газеті) [Мәтін]. Көптомдық. / Құраст. Х. Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. — № 473. — 465 б.
- 8 Ақ жол (газеті) [Мәтін]. Көптомдық. / Құраст. Х. Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. — № 474. — 392 б.
- 9 Ақ жол (газеті) [Мәтін]. Көптомдық. / Құраст. Х. Есенқарақызы. Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. — № 478. — 385 б.
- 10 Шоқай М. Таңдамалы / М. Шоқай. — Алматы, 1998. — 355 б.
- 11 Рысқұлов Т. Шығармалар жинағы / Т. Рысқұлов. — Алматы, 1997. — 547 б.
- 12 Шарафуддинов З. Қазақ жерін нақтылау жұмыстары / З. Шарафуддинов // Қазақ тарихы. — 2001. — № 4. — Б. 45-48.
- 13 Рыскулов Т. Новый Туркестан / Т. Рыскулов. — Ташкент: Тургосиздат, 1923. — 245 с.
- 14 Ходжаев Ф.К. К истории революции в Бухаре и национального размежевания Средней Азии / Ф.К. Ходжаев. — Ташкент, 1926. — 195 с.
- 15 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында / Н.Ә. Назарбаев. — Алматы, 1999. — 247 б.
- 16 Сапарғалиев М.С. Возникновение казахской советской государственности / М.С. Сапарғалиев. — Алматы: Наука, 1951. — 401 с.

Б.А. Жамелов, Х.М. Турсун

Взгляды национальных деятелей к политике национально-государственного размежевания в Центральной Азии

В статье рассмотрены мнения и мысли казахской интеллигенции относительно политики, проводимой Советским правительством в 20-е гг. прошлого века, касающейся национально-государственного размежевания Средней Азии. Наряду со взглядами представителей большевистской интеллигенции, показана точка зрения М. Чокая, выступавшего против советской политики. Советское правительство взяло под полный контроль размежевание государственных границ, выступило против объединения братских народов Средней Азии и решило создать отдельную республику для каждой нации. Однако в этой кампании большевики также выступили против политики размежевания и одностороннего решения правительства о создании в регионе национальных республик. По мнению Т. Рыскулова, сохранение Туркестанской ССР было бы правильным решением. Другой партийный деятель С. Кожанов заявил о необходимости создания в регионе «федерального государственного строя». К сожалению, советская власть не поддержала взгляды представителей национальной интеллигенции, которые были за присоединение Ташкента, политического и экономического центра Средней Азии, к территории Казахской ССР. Политика размежевания была определена Советами в одностороннем порядке, без учета мнения представителей казахской интеллигенции. В 1924 г. власти СССР завершили кампанию по немедленной ликвидации Туркестанской Автономной Советской Социалистической республики и ее разделению на национальные государства.

Ключевые слова: государство, национально-территориальное размежевание, Центральная Азия, интеллигенция нации, большевистская власть, федерация, самоопределение наций.

B.A. Zhamelov, Kh.M. Tursun

Views of national leaders on the policy of delimiting nation states in Central Asia

The article examines the views of the Kazakh intelligentsia in connection with the policy of the national-state demarcation of Central Asia, pursued by the Soviet government in the 20s of the last century. During the

political campaign of demarcation, perspectives of M. Shokai, who opposed to the Soviet policy, were indicated, along with Bolshevik national intellectuals' viewpoints. Soviet government totally controlled the process of demarcation of the national borders; it opposed to the unification of the fraternal nations of Central Asia and created a separate republic for each nation. However, some Bolsheviks were against this political campaign of demarcation. For instance, S. Kozhanov, who opposed to the government's unilateral decision, supported the idea of creating "federal state formation" in this region and T. Ryskulov favored the idea of preserving Turkestan ASSR. Their perspectives were also reviewed in this article. The Soviet authorities did not support the views of national intellectuals who were in favor of including Tashkent city, which was the political and economic center of Central Asia, to the territory of the Kazakh ASSR. The policy of demarcation was decided unilaterally by the Soviets, without considering the views of the Kazakh intelligentsia. The USSR authorities quickly abolished the Turkestan ASSR by dividing it into nation states and completed entirely this division campaign in 1924.

Keywords: state, national-territorial division, Central Asia, intelligentsia of the nation, Bolshevik power, federation, self-determination of nations.

References

- 1 Maimaqov, G. (2005). Qazaq zheri tutastygynyn qalyptasuy [Formation of the integrity of the Kazakh land]. Almaty: M.Kh. Dulati atyndagy qogamdyq qory [in Kazakh].
- 2 Shokai, M. (1992). Turkistannyn qily tagdyry [The Fate of Turkestan]. B. Serikbaiuly Qoshym Nogai (Ed.). Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 3 Shokai, M. (1993). Turkestan pod vlastiu Sovetov [Turkestan under the power of Soviets]. Almaty: Aikap [in Russian].
- 4 Tastekova, G.B. (2015). Qazaq zheri shekarasynyn qalyptasuy men anyqtaluy maselesinin teoriialyq problemalary [Theoretical foundations of the problem of formation and definition of the boundaries of the Kazakh land]. Tarikh gylymynyn teoriiasy men adisnamasy. *Qazaq khandygynyn 550 zhyldygyna arnalgan Khalyqaralyq gylymi-praktikalyq konferentsiiasynyn materialdary — Materials of the international scientific and practical conference "Theory and methodology of historical science" dedicated to the 550th anniversary of the Kazakh Khanate* (pp. 245–251). Qostanai: Qostanai menlekettik pedagogikalyq instituty [in Kazakh].
- 5 Esenkaraqzy, Kh. (Eds.). (2020). *Ak zhol [White Road]. Kop tomdyq – Multi volume*. No. 471, 487 [in Kazakh].
- 6 Esenkaraqzy, Kh. (Eds.). (2020). *Ak zhol [White Road]. Kop tomdyq – Multi volume*. No. 472, 425 [in Kazakh].
- 7 Esenkaraqzy, Kh. (Eds.). (2020). *Ak zhol [White Road]. Kop tomdyq – Multi volume*. No. 473, 465 [in Kazakh].
- 8 Esenkaraqzy, Kh. (Eds.). (2020). *Ak zhol [White Road]. Kop tomdyq – Multi volume*. No. 474, 392 [in Kazakh].
- 9 Esenkaraqzy, Kh. (Eds.). (2020). *Ak zhol [White Road]. Kop tomdyq – Multi volume*. No. 478, 385 [in Kazakh].
- 10 Shokai, M. (1998). Tandamaly [Selectively]. Almaty [in Kazakh].
- 11 Ryskulov, T. (1997). Shygarmalar zhinagy [Collection of works]. Almaty [in Kazakh].
- 12 Sharafuddinov, Z. (2001). Qazaq zherin naqtylau zhumystary [Works on clarification of the Kazakh land]. *Qazakh tarikhy – Kazakh history*, 4, 45–48 [in Kazakh].
- 13 Ryskulov, T. (1923). *Novyi Turkestan [New Turkestan]*. Tashkent: Turkgosizdat [in Russian].
- 14 Khodzhaev, F.K. (1926). *K istorii revoliutsii v Bukhare i natsionalnogo razmezhevaniia Srednei Azii [To the history of the revolution in Bukhara and the national settlement of Middle Asia]*. Tashkent [in Russian].
- 15 Nazarbayev, N.A. (1999). *Tarikh tolqynynda [On the wave of history]*. Almaty [in Kazakh].
- 16 Sapargaliev, M.S. (1951). *Vozniknovenie kazakhskoi sovetskoi gosudarstvennosti [Revival of the Kazakh Soviet state]*. Almaty: Nauka [in Russian].

С. Жуматай*, С.К. Кабылтаева, Н.Е. Сайлаубаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kopeev95@mail.ru; uteubaeva81@mail.ru; n761@mail.ru)*

I және II Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясының рөлі мен қызметі

Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясының құрылуы мен оның қызметі мұсылмандардың саяси сана-сезімі оянуының және дамуының маңызды көрсеткішіне айналды. I және II Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясы назарында үш негізгі мәселе болды: аграрлық, саяси өмірді демократиялау және ұлттық-діни қатынастар. Осылайша, I және II Думалар қызметінде Мұсылман фракциясы айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Мақалада патшалық империяның аграрлық, соның ішінде қоныстандыру саясатына қатысты Мұсылман фракциясы депутаттарының көзқарастары мен I және II Мемлекеттік думадағы олардың қызметі қарастырылған. Мұсылман фракциясының депутаттары Дала өлкесінің жергілікті халықтарының мүдделерін қорғап, жер мәселесін құқықтық тұрғыдан шешуге ұмтылып, аталған мәселелерді талқылауға қатысып отырды. Мақала авторлары думалық комиссиялардағы мұсылман депутаттарының заңшығарушылық қызметі мен жұмысына талдау жасаған. Сонымен қатар, Дала өлкесінің атынан сайланған Мұсылман фракциясының көрнекті мүшелері Ш. Қосшығұлұлы мен Т. Нурекеновтің ұстанымдары туралы айтылған.

Кілт сөздер: Мемлекеттік дума, Мұсылман фракциясы, Ш. Қосшығұлұлы, Қазақстан тарихы, Дала өлкесі, Ресей империясы, мұсылман факторы.

Кіріспе

XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының мәселелерін ұғыну қазіргі кезеңдегі тарих ғылымының өзекті және көптеген жағдайларда қарама-қайшы мәселелердің бірі болып саналады. Қазақтардың тарихында өткен ғасырдың басы ерекше орынға ие.

1905–1907 жылдардағы Ресейдегі революцияның бірден–бір оң нәтижесі ретінде жаңа саяси дәстүрдің (ресейлік парламентаризмнің) пайда болуын және оның қалыптасуын атап көрсетуге болады. Аталған кезеңдегі революциялық толқулар император II Николайды 1905 ж. 17 қазанда өзінің мәні жағынан абсолюттік монархияның ыдырап, парламенттік монархияға өтуін анықтап берген «Мемлекеттік тәртіпті жетілдіру» жөніндегі манифестке қол қоюға мәжбүрледі. Өз кезегінде, бұл манифест халықтардың этникалық сана-сезімінің өсуіне, ұлттық-қоғамдық және саяси бірлестіктердің пайда болуына ықпал етті. Бұл XX ғасырдың басында саяси аренада жаңадан пайда болған және Ресей империясының қоғамдық-саяси өмірінде айтарлықтай маңызды роль атқарған Мемлекеттік думада этнотерриториялық немесе этноконфессионалдық негізде ұйымдастырылған құрылымдардың қалыптасуына алып келді. Мұндай құрылымдардың бірі — құрамына Дала өлкесі мен Түркістанның депутаттары кірген Мұсылман фракциясы болып табылады.

Мұсылман фракциясының Мемлекеттік думада, сонымен қатар империяның құрамындағы мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси өмірінде атқарған рөлі мен қызметі ерекше. Сондықтан, құрамына Ш. Қосшығұлұлы пен Т. Нурекенов кірген және Дала өлкесінің мүдделерін қорғаған Мұсылман фракциясының тарихын, оның I және II Думадағы қызметін зерттеу үлкен ғылыми қызығушылық тудырады.

Осымен бірге I және II Дума жұмысы кезеңінде Дала өлкесі мен Түркістанда ұлтаралық қатынастарды және әлеуметтік-саяси тұрақсыздықты реттеу мәселесі тұрды. Бұл мәселелер жер иелену және жерді қолдануда, орталық пен жергілікті жерлердегі басқаруды және өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруда, осымен бірге білім мен мәдениет, дін салаларында көрініс тапқаны белгілі. Осындай мәселелерді шешуге талпыныс білдірген және I-II Думалардағы маңызды рөл атқарған Мұсылман фракциясының рөлін зерттеудің тек қана ғылыми-теориялық емес, сонымен бірге танымдық және саяси-қолданбалы маңызы бар.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kopeev95@mail.ru

Зерттеу әдістері

Мақаланың әдіснамалық негізін тарихи құбылыстардың дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін танымның жалпы ғылыми принциптері, соның ішінде историзм принципі құрайды. Тақырыпты зерттеу барысында хронологиялық және тарихи салыстыру әдістері қолданылды. Хронологиялық әдіс I және II Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясы қызметінің динамикасын зерттеуге, тарихи салыстыру әдісі Дала өлкесіндегі тарихи құбылыстардың ортақ тұстары мен ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік берді.

Талқылау

Дала өлкесінде I Мемлекеттік думаға сайлау өткізу күрделі жағдайда жүрді. Себебі, Дала өлкесі әскери жағдай жарияланған жергілікті орындар тізіміне кірді және мұндай жағдайдың өзі әкімшіліктің озбырлығы үшін үлкен мүмкіндіктер тудырды. Мысалы, 1906 ж. 24 қаңтарда Ақмола облысының әскери губернаторының қаулысына сәйкес жиналыстар, манифестациялар, т.б. жаппай іс-шаралар жүргізуге тыйым салынды.

Мемлекеттік думаға сайлау кезінде Думаны көшпенділердің құқықтарын қорғау үшін қолдануға шақырған алдыңғы қатарлы қазақ демократиялық интеллигенциясы өздерінің қызметін белсендете бастады. Дала өлкесінің жергілікті тұрғындарын кемсітуге қарамастан, бұл құбылыс Ресейде және оның шеткері аймақтарында парламентаризмнің қалыптасуының бастамасына айналды.

Қазақ даласындағы I Думаға сайлау компаниясы 1906 жылдың сәуір айының аяғында басталды. Бұл кезеңде Мемлекеттік дума өзінің қызметіне кіріссе, ал Семей облысының волостарында тек қана сайлаушылардың тізімін тексеріп үлгерді [1: 40]. Сайлау алдындағы күрес Омбыда, Ақмолада, Семейде, Петропавлда, Өскеменде орын алды және социал-демократтар айтарлықтай белсенділік танытты. Олар Думаның бойкот жариялау тактикасын қателік деп танып, жергілікті социал-демократтарды сайлау компаниясына қатысуға үгіттеді. Социал-демократтармен бірге, Омбыда, Семей мен Өскеменде сайлау компанияларында кадеттердің жақтаушылары да белсенділік танытты.

Жалпы алғанда, қоғамдық өмірдің кейбір жандануына қарамастан, сайлау алдындағы агитация тек қана Дала өлкесінің ауылдық жерлерінде емес, сонымен бірге қалаларда да кеңінен жүргізілген жоқ. Қала тұрғындарының айтарлықтай бөлігі сайлауды елемеген және мұның себебі жергілікті әкімшіліктің жазалау саясатымен байланысты болды.

1906 ж. маусымда Дала өлкесі халықтарының арасынан I Мемлекеттік думаға депутаттарды сайлау өтті. Көкшетауда өткен Ақмола облысы сайлаушыларының жиналысы нәтижесінде Думадағы қазақ халқының өкілі ретінде көкшетаулық молда Шаймерден Қосшығұлұлы сайланса, Семей облысының орыс халықтары тарабынан дәрігер және социал-демократ В.И. Ищерскийді сайлаған.

Жалпы алғанда, революцияға дейінгі кезеңдегі Думаға барлығы 79 мұсылман депутат сайланған: соның ішінде I Думаға — 25 депутат, II Думаға — 37 мұсылман депутат, III Думаға — 7 депутат сайланған [2: 146–179]. Мұсылман депутаттарының жалпы саны арасынан I Думаға Дала өлкесі мен Түркістаннан төрт депутат: А. Биримжанов, А. Кальменов, Ш. Қосшығұлұлы, А. Букейханов ұсынылса, II Думаға — 10 депутат: Т. Абдухалилов, Т. Аллабергенов, М. Нурбердыханов, М.Т. Тынышпаев, С.А. Мухамеджанов және А. Кариев, Ш. Қосшығұлұлы, Т. Нурекенов, С.Б. Қаратаев, А.К. Беремжанов сайланды [3: 276–314].

Жалпы алғанда, екі айдың ішінде I Дума қандайда бір заң жобасын қабылдап үлгерген жоқ. Оның негізгі қызметі үкіметтің және оның жекелеген мүшелерінің саясатын сынға алумен, комиссия сайлаумен және патша үкіметіне жауап сөздерін даярлаумен және сонымен бірге, I Думаның көтерген негізгі мәселесі аграрлық саламен тығыз байланысты болды.

Мамыр айының өзінде-ақ Дума депутаттары арасында «егер, аграрлық мәселе төңірегінде шиеленіс ушықса, үкіметтің Думаны тарататыны» жөніндегі ақпарат тарай бастаған. Патша үкіметі бұл мәселені өзінің игілігіне пайдаланып, «халықтың атынан сайланған депутаттар заңшығару істерімен айналысудың орнына, өздеріне тиісті емес жұмыстармен шұғылдануда» деген сылтаумен I Дума таратылған болатын. I Думаның тез арада таратылуына байланысты Мұсылман фракциясының құрылу үрдісі аяқталмай қалды және фракция ресми түрде тіркеліп үлгерген жоқ еді.

I Думаның 1906 жылдың сәуірінен бастап шілдеге дейін қысқа уақыт жұмыс жасағанына қарамастан, оның қызметі Ресей империясының саяси дамуының маңызды факторына айналып, қоғамдық өмірдің көптеген салаларына өзінің ықпалын тигізді. Думаға әртүрлі саяси партиялар мен халықтардың жарқын өкілдері сайланды. Олар фракцияларды құру, палатаның регламентін өңдеу,

үкіметке депутаттық сұраныстарды жіберу т.б. маңызды жұмыстар бойынша өздерінің шеберлігін көрсетіп, ағарту ісіне, мәдени-ұлттық автономияларды дамытуға, ұлттық азшылықты қорғауға айтарлықтай көңіл бөлді. I Дума қызметі ұзаққа созылмағанымен, парламентаризм идеясы интеллигенция тарабынан қолдауға ие болды.

Осымен бірге, I Думаның таратылуына қарамастан, қазақ даласындағы қоғамдық толқулар тоқтаған жоқ және бұл II Думаға сайлау өткізу іс-шараларының басталуымен байланысты болды.

1907 жылдың қаңтар-ақпан айларында Дала өлкесінде II Мемлекеттік думаға сайлау жұмыстары өтті. II Думаға сайлау қарсаңында революцияның шегінуіне байланысты елдегі жағдай өзгеріске ұшырады. Сондықтан, сайлау алдындағы компанияға тек қана социал-демократтар емес, сонымен бірге эсерлерде қатысты. Биліктің жазалау шараларына қарамастан және I Думаға сайлау кезеңімен салыстырғанда социал-демократтар сайлау алдында үгіт-насихат жұмыстарының заңсыз, сонымен бірге заңды түрлерін қолданып, белсенділік танытты. Мысалы, Ақмола облысында социал-демократтар тек қана үндеухат таратып қойған жоқ, сонымен бірге Думаға қатысты өздерінің тактикасын насихаттау бойынша сайлау алдындағы жұмыстарын жүргізді. Жалпы алғанда, Дала өлкесіндегі сайлаудың нәтижесінде II Думаға Ақмола облысынан Ш. Қосшығұлұлы, Семей облысынан Т. Нурекенов, Семей облысының орыс халықтарынан Н.Я. Коншин, Сібір казак әскері атынан И.П. Лаптев, Ақмола облысының орыс халықтары арасынан социал-демократ А.К. Виноградов сайланды [1: 41].

Осылайша, II Мемлекеттік думаға да, I Думаға сайланған және патшалық Ресейдің әлеуметтік-саяси құрылысының қайта құрылуын қолдаған халық арасында беделі бар депутаттар қайта сайланғандығын көре аламыз.

Жоғарыда атап көрсеткендей, II Думада құрылған Мұсылман фракциясының құрамына Ш. Қосшығұлұлы пен Т. Нурекенов кірген болатын. Аталған фракцияның мақсаты — Ресейдің шеткері мұсылман аймақтарының құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету болды. Осымен бірге, Мұсылман фракциясының депутаттары аграрлық мәселе бойынша заң жобасын даярлау істеріне белсенді түрде қатысты.

Айта кету керек, ресейлік парламентте талқыланған көптеген мәселелердің ішінде келесілер бірқатар маңызға ие болды:

– діни заңшығарушылық (жарияланған «ар-ождан бостандығын» жүзеге асыру, діни басқару органдарын қайта құру);

– халыққа білім беру мәселелері (ана тілінде оқыту құқығы);

– қоныс аудару саясаты және ұлттық шеткері аймақтардың жағдайы;

– сот реформасы (ана тілінде сот ісін жүргізу);

– мерекелік күн жөніндегі мәселе (мұсылмандық мереке күндері демалыс мәселесі) [4].

Комиссияларда, осымен бірге ортақ пікір-таластар кезінде жоғарыда аталған мәселелерді қарастыру барысында Мұсылман фракциясы мүшелерінің біршама белсенділігі байқалады.

Мұсылман фракциясының депутаттары аграрлық мәселе бойынша заң жобасын даярлауда үлкен белсенділік танытты. Депутаттардың талабы бойынша I Думада құрылған және 101 мүшеден, соның ішінде 10 орын Дала өлкесі мен Сібірден шыққан депутаттарға тиесілі болған аграрлық комиссия II Дума тұсында да аграрлық мәселеге көп көңіл бөлді [4].

«Иттифак-аль-муслимин» партиясының бағдарламасына сүйенген мұсылман депутаттар аграрлық мәселені шешудің өзіндік нұсқасын ұсынды. Бірінші нұсқада жерді облыстардың жеке меншігіне беру, соңынан, жерді тек қана диқаншылықпен емес, сонымен бірге көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар арасында әділ түрде шешуге шақырды. Осымен бірге, мұсылман депутаттар Дала өлкесіне ресейлік қоныстанушылар толқынын толық тоқтатуды талап етті. Бұл құжаттарды Думаға жібергеннен соң, мұсылман депутаттары биліктің жоғарғы органына қазақ жеріндегі қоныстандыру комиссиясының заңға қайшы әрекеттері жөнінде сұратым білдірді.

Қазақ халқының атынан сайланған депутаттарға думалық трибунаға шығып сөйлеу мүмкіндігі берілген жоқ, сондықтан олар сайлаушылардың тілегін орындаудың басқа тәсілдерін қолданды. Мысалы, II Думаның жұмыс жасаған кезеңінде депутаттар Ш. Қосшығұлұлы пен Т. Нурекенов қоныстандыру мен егін шаруашылығы Басқармасының басшысы князь Васильчиковқа барып, дала облыстарына қоныстандыруды тоқтату қажет екендігіне үкіметтің назарын аудару мақсатында қазақ халқының жағдайы жөнінде өздерінің ойларын білдірген [5: 85].

II Думаның жұмысы кезеңінде депутаттық корпусының ықпалымен қазақтарды қоныстандыру мәселесі бойынша Үкіметтік кеңес шақырылды. Оның жұмысына Дала өлкесінің депутаттары

Б.Б. Каратаев, А.К. Беремжанов, Т. Нурекенов, Ш. Қосшығұлұлы кірген. Бірақ, Ш. Қосшығұлұлы мен Т. Нурекеновтің Торғай, Ақмола және Семей облыстарына қоныстандыру учаскелерін құруды тез арада тоқтату керек деген талаптарына қарамастан, шақырылған Үкіметтік кеңес аталған талаптың орындалуы мүмкін емес деп шешкен [6].

Осымен бірге, мұсылман депутаттарының Думаның заңшығарушылық бастамаларына қосқан үлестері бар. I Думада мұсылмандар өздерінің ұйымдастырушылық жағынан әлі толық қалыптаспаған болатын және енгізілген бастамалардың 80 %–на (барлығы 15 бастама, соның 12–сі кадеттердің бастамасы) ие болған кадеттердің тарабынан шектеуге алынды. Сондықтан, өзіндік жобаларды ұсынбаған мұсылман депутаттар кадеттердің заң жобаларына қол қойды. Мысалы, 18 мұсылман депутат, соның ішінде Ш. Қосшығұлұлы кадеттердің «Діні мен ұлтына байланысты саяси және азаматтық құқықтардың шектелуінен бас тарту жөніндегі негізгі ережелердің Жобасына» өздерінің қолдарын қойған [7: 67].

II Думада заң жобаларын даярлау үшін әртүрлі комиссиялар құрылды. 33 мүшеден құралған жеке адамның дербес құқықтылығы жөніндегі комиссияға Ақмола облысының орыс халықтары атынан шыққан депутат, социал-демократ А.В. Виноградов ұсынылса, жергілікті сот жөніндегі комиссияға Семей облысының атынан шыққан депутат және заң жөнінде білімі бар Н.Я. Коншин кірген [1].

Өзіміз көріп отырғандай, Дала өлкесінің депутаттары өз ортасынан юриспруденция саласы бойынша жауапты және сауатты, оларды ұсынған халықтың өмірін жақсартуға қабілеті бар тұлғаларды ұсынған. Бірақ, Мемлекеттік думаға оппозицияның қуылуына байланысты Ресейде қалыптасқан сот құрылысы мен заң шығаруды өзгерту бойынша жұмысын бастаған комиссияның қызметі аяқталмай қалды.

I және II Мемлекеттік думаларда аймақ депутаттары Дала өлкесі халықтары үшін маңызға ие болған сот құрылысы мен құқықтық жүйені ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді объективті себептерге байланысты шеше алмады. Осымен бірге, қазақ халқы депутаттарға берген өздерінің тілектерінде 1891 жылы қабылданған Дала жинағын өзгертуді талап етті. Өзімізге белгілі, 1891 ж. Дала жинағы енгізілгеннен соң халық соты мен қазақтардың қарапайым құқықтарын шектей отырып, үкімет империялық құқық пен сот құрылысының рөлін нығайтқан болатын.

Дала өлкесінің депутаттары қатысқан I және II Дума қызметін қарастыра келе, Дала өлкесінің жағдайын жеңілдетуге бағытталған бірде бір заң қабылданған жоқ. Әрине, бұған депутаттардың белсенділігінің жеткіліксіздігі себеп болған жоқ. Мұның себебі мемлекеттік құрылыс жүйесінің басқарудың парламенттік формасын қабылдауға дайын еместігі болып табылады.

Барлық негізгі мәселелер бойынша II Дума мен үкімет арасындағы қарама-қайшылықтар шиеленіс сипатына ие болды. Әскери қастандық ұйымдастырды деп айыпталған социал-демократтар фракциясы депутаттарын қылмыстық жауапкершілікке тарту II Думаны таратудың бірден-бір себебіне айналды. Осылайша, 1907 жылы 3 маусымда II Мемлекеттік дума таратылды.

II Дума таратылған соң, үкімет белсенді түрде саяси әрекеттерге көшті, бәрінен бұрын, Думаға сайлау жөніндегі заңға халықтың құқығын шектеген өзгерістер енгізілді. Ұлттық шеткері аймақ халықтарының өкілдер саны қысқартылса, Қазақстан мен Түркістан халықтары (бір депутат ұсынуға құқығы болған Орал әскери казак әскерінен басқа) мүлдем сайлау құқығынан айырылды.

Әрине, Дала өлкесінің атынан Мемлекеттік думаға сайланған Мұсылман фракциясы мүшелерінің қатарында Ш. Қосшығұлұлы мен Т.Нурекеновтің рөлі ерекше.

Қосшығұлұлы Шаймерден (Шахмерден), (шамамен 1869/1874–1932 жылдар) — қоғам қайраткері. Қазіргі Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Қоғам ауылында туған. Науан хазіретінде, Бұқара медресесінде оқыған. 1903 жылы Көкшетау уезінде Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күреске шақырған үндеу хат таратқаны үшін Сібірге айдалып, 1905 жылы бірінші Орыс революциясы дүмпуімен айдаудан қайтқан. 1906 жылы қаңтарда Санкт-Петербурда өткен Бүкілмұсылмандар съезіне делегат болды. Съезде мұсылмандардың халықтық саяси партиясын құру қажеттігін қуаттаған. Партия бағдарламасын жасау жөніндегі комиссия құрамына кірген. 1906–1907 жылдары I Мемлекеттік думаға Ақмола облысынан депутат болып сайланған. 1906 жылы Нижний Новгород қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылмандардың үшінші съезіне қатысып, оның төралқасына сайланады, съездің ағымдағы саяси ахуал, оқу және дін істері жөніндегі қаулыларын әзірлеуге қатысқан. Съезде құрылған «Ресей мұсылмандар одағы» ұйымының Орталық Комитетінің құрамына сайланған. Екінші Мемлекеттік думаның депутаты болды. Мұсылман фракциясының құрамына енген [8].

А. Бөкейхановтың жерлесі Т. Нурекенов 1859 ж. көшпендінің отбасында дүниеге келген және қазақ бастауыш мектебін аяқтаған. Кейін ол Павлодар облысының Сейтенов волостының волостық басқарушысы қызметін атқарған. Осымен қатар, ол мал шаруашылығы және саудамен айналысқан. Т. Нурекенов «Выборг үндеуіне» қатысқаны үшін II Думаға сайлану құқығынан айырылған. А. Бөкейхановты айырбастауға мүмкіндік алған бес үміткердің бірі болған. 1907 ж. 12 ақпанда Т. Нурекенов II Думаға қабылданып, Мұсылман фракциясы мен Сібір тобына кірген, осымен бірге жұмыссыздарға көмек беру жөніндегі пікірталастарға қатысқан. Өкінішке орай, II Дума таратылғаннан соң оның тағдыры белгісіз болып қалған [9]. Әрине, I және II Мемлекеттік думаға сайлаудың нәтижелері Дала өлкесі халықтарының демократиялық өзгерістерге деген қызығушылығының бар екендігін көрсетті. Осы себептен, сайлау құқықтарының шектелуіне карамастан, II Думаға халық арасында беделге ие болған және әлеуметтік-саяси құрылыстың қайта құрылуына қолдау білдірген Мұсылман фракциясының мүшелері Ш. Қосшығұлұлы мен Т. Нурекенов сияқты жеке тұлғалар сайланды. Олар өздерінің сайлаушыларының тілектерін орындауға тырысып, өздерінің борыштары мен әрекеттеріне адал болды.

Қорытынды

1905–1907 жж. Бірінші орыс революциясы жеңіліс тапқанымен, дәстүрлі қазақ қоғамының сана-сезімінің дамуына үлкен ықпал етті. Ресейдегі революциялық оқиғалардың ықпалы арқасында саяси аренаға қазақ халқының ұлы тұлғаларының ерен жүйріктері шықты.

Ресейдің Мемлекеттік думалары қызметіне қазақ халқының үздік өкілдерінің қатысуы Дала өлкесінің тарихында маңызды әрі шешуші рөл атқарды. Атап айтқанда, Ұлы Даланың үздік өкілдері Мемлекеттік думаның трибунасына шығып, маңызды мәселелер, бірінші кезекте жер мәселесі жөнінде өздерінің ұстанымдарын мәлімдеді.

Жалпы алғанда, Мемлекеттік думаның тиімділігі айтарлықтай төмен болды. Әрине, бұған дәстүрдің толық қалыптаспауы және жоғарғы биліктің депутаттарға деген жағымсыз қатынасы, осымен бірге, халықтың үлкен бөлігінің күмәнмен қарауы себеп болды.

Дегенмен, бұл дамудың маңызды кезеңі және қоғамның саяси өмірінің қажетті элементі болып табылды. Себебі, Дала өлкесі өкілдерінің I және II Мемлекеттік думаның қызметіне қатысуы жергілікті халықтардың азаматтық белсенділігінің өсуін көрсетіп берді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Буктургутова Р.С. Общественное движение в Степном крае в конце XIX – начале XX вв.: автореф. дис. ... д-ра ист. наук / Р.С. Буктургутова. — Омск, 2007. — 51 с.
- 2 Усманова Д.М. Мусульманские представители в российском парламенте (1906– 1916 гг.) / Д. Усманова. — Казань, 2005. — 584 с.
- 3 Ямаева Л.А. Мусульманские депутаты Государственной думы России. 1906–9017 гг.: сб. док. и матер. / Л.А. Ямаева. — Уфа, 1998. — 384 с.
- 4 Усманова Д.М. Мусульманские депутаты в Государственной думе (1906–1917 гг.): новая политическая элита в Российской империи [Электронный ресурс] / Д.М. Усманова. — Режим доступа: https://kpfu.ru/portal/docs/F_20998879-31/155_3_1_gum_11.pdf.
- 5 Озганбай О. Казахское представительство в Госдуме / О. Озганбай // Мысль. — 1996. — № 6. — С. 85.
- 6 Yuliya A. Lysenko. The Representatives of the Steppe Region and Turkestan in the Russian Parliament: the Experience of Fractional Interaction in Solving Regional Ethno-Social Problems / A. Yuliya // Bylye Gody. — 2017. — Vol. 44. — Iss. 2. Retrieved from http://case.asu.ru/files/form_312-27178.pdf.
- 7 Усманова Д. Мусульманская фракция и проблемы «свободы совести» в Государственной думе России (1906–1917) / Д. Усманова. — Казань: Мастер Лайн, 1999. — 164 с.
- 8 Косшыгулов Шаймерден. [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://www.inform.kz/kz/kosshygulovshaymerden_a2261979.
- 9 Казахи в Государственной думе Российской империи. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://e-historigy.kz/ru/news/show/4638/>.

С. Жуматай, С.К. Кабылтаева, Н.Е. Сайлаубаева

Роль и деятельность Мусульманской фракции в I и II Государственной думе

Создание и деятельность Мусульманской фракции в Государственной думе стали важным показателем развития политического самосознания мусульман. В центре внимания данной фракции в I и II Государственной думе были три основных вопроса: аграрный, проблемы демократизации политической жизни и национально-религиозных взаимоотношений. Таким образом, Мусульманская фракция сыграла заметную роль в деятельности I и II Думы. В статье рассмотрены взгляды депутатов Мусульманской фракции, их роль и деятельность в I и II Государственной думе в отношении аграрной политики царской империи, в том числе и проблем, касающихся переселенческой политики. Представители указанной выше фракции являлись действительными защитниками интересов коренного населения Степного края и стремились к правовому решению земельного вопроса, при обязательном участии в его обсуждении всех заинтересованных сторон. Авторами статьи проанализирована законодательная деятельность депутатов-мусульман в составе комиссий. Особое внимание уделено вопросу позиции мусульман Степного края Ш. Косшыгулова и Т. Нурекенова.

Ключевые слова: Государственная дума, Мусульманская фракция, Ш. Косшыгулов, история Казахстана, Степной край, Российская империя, мусульманский фактор.

S. Zhumatay, S.K. Kabylytayeva, N.E. Sailaubayeva

The role and activities of the Muslim faction in the I and II State Dumas

The creation and activities of the Muslim faction in the State Duma have become an important indicator of the development of the political consciousness of Muslims. The Muslim faction in the 1st and 2nd State Dumas focused on three main issues: Agrarian issues, the problems of democratization of political life, and the problem of national-religious relations. Thus, the Muslim faction played a significant role in the activities of the First and Second Dumas. The article discusses the views of the deputies of the Muslim faction, their role and activities in the I–II State Dumas in relation to the agrarian policy of the tsarist empire, including the resettlement policy. The deputies of the Muslim faction were the real defenders of the interests of the indigenous population of the Steppe Territory, and sought to legally resolve the land issue, with the indispensable participation of all interested parties in its discussion. The authors analyze the legislative activity and the work of Muslim deputies in the Duma commissions. Particular attention is paid to the analysis of the position of the deputies of the Muslims of the Steppe Territory, Sh. Kosshygulov and T. Norokonev.

Keywords: State Duma, Muslim faction, Sh. Kosshygulov, history of Kazakhstan, steppe region, Russian Empire, Muslim factor.

References

- 1 Bukturgutova, R.S. (2007). Obshchestvennoe dvizhenie v Stepnom krae v kontse XIX — nachale XX vv. [Social Movement in the Steppe Territory in the late 19th — early 20th centuries]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Omsk [in Russian].
- 2 Usmanova, D.M. (2005). Musulmanskie predstaviteli v rossiiskom parlamente (1906–1916 gg.) [Muslim representatives in the Russian parliament (1906–1916)]. Kazan, 584 [in Russian].
- 3 Yamaeva, L.A. (1998). Musulmanskie deputaty Gosudarstvennoi dumy Rossii. 1906–9017 gg. [Muslim deputies of the State Duma of Russia. 1906–9017]: *Sbornik dokumentov i materialov — Collection of documents and materials*, 384 [in Russian].
- 4 Usmanova, D.M. Musulmanskie deputaty v Gosudarstvennoi dume (1906–1917 gg.): novaia politicheskaia elita v Rossiiskoi imperii [Muslim deputies in the State Duma (1906–1917): new political elite in Russian Empire]. Retrieved from https://kpfu.ru/portal/docs/F_2099887931/155_3_1_gum_11.pdf [in Russian].
- 5 Ozganbai, O. (1996). Kazakhskoe predstavitelstvo v Gosdume [Kazakh representation in the State Duma]. *Mysl — Thought*, 6, 85 [in Russian].
- 6 Yuliya, A. Lysenko. (2017). The Representatives of the Steppe Region and Turkestan in the Russian Parliament: the Experience of Fractional Interaction in Solving Regional Ethno-Social Problems. Retrieved from http://case.asu.ru/files/form_312-27178.pdf
- 7 Usmanova, D. (1999). Musulmanskaia fraktsiia i problemy «svobody sovesti» v Gosudarstvennoi dume Rossii (1906–1917) [Muslim faction and problems of “freedom of conscience” in the State Duma of Russia (1906–1917)]. Kazan: Master Line [in Russian].
- 8 Kosshygulov Shaimerden. Retrieved from https://www.inform.kz/kz/kosshygulov-shaymerden_a2261979 [in Russian].
- 9 Kazakhi v Gosudarstvennoi dume Rossiiskoi imperii [Kazakhs in the State Duma of the Russian Empire]. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/news/show/4638/> [in Russian].

Т. Жолдасұлы*, Г.Н. Байжанова

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан
(E-mail: zholdassuly2018@gmail.com; nurymbekkyzygulnur@gmail.com)*

Кеңестік Қазақстандағы дінге қарсы үгіт-насихат ұйымының қызметі (1929–1941 ж.ж.)

Кеңес үкіметінің дінге қатысты саясаты туралы сөз болғанда, қарапайым оқырмандардың ойына бірден кеңестік мемлекеттің атеистік саясаты пен дінге қарсы шабуылы түсетіні белгілі. Бірақ атеизм жалпы кеңестік мемлекеттің бүкіл тарихында коммунистердің негізгі идеологияларының бірі болса да, мемлекеттің дінге, оның ішінде исламға қатысты саясаты әр кезеңде әртүрлі болды деп айтуға болады. Кеңестік биліктің исламға қарсы ең қатал шабуылы 1929–1941 жылдары жасалды. Дәл осы кезеңдегідей исламға қарсы шабуыл кеңес тарихының бұған дейінгі кезеңінде де, одан кейінгі кезеңдерінде де жасалмады. Бұл кезеңде кеңестік билік исламға қарсы тікелей шабуыл жасаумен қатар, өзінің дінге қарсы жаппай үгіт-насихат жұмыстарын да күшейтті. «Жауынгер құдайсыздар одағы» атты дінге қарсы үгіт-насихат ұйымы жұмыс жасады. Оған қоса дінге қарсы музейлер де құрылып, дінге қарсы үгіт-насихат жұмысына қосылды. Мақала сол кезеңде өмір сүрген дінге қарсы ұйымның тарихына арналған. «Жауынгер құдайсыздар одағының» қызметі Қазақстанда жасалған үгіт-насихаты негізінде көрсетіледі. Бұл тақырып Қазақстанда көп зерттелмеген тақырыптардың бірі деп айтуға болады. Сондықтан да тақырып өте өзекті. Мақалада кеңестік биліктің дінге қатысты алғашқы саясаты, ұстанымдары және алғашқы кезеңдегі исламға деген жұмсақтығының себептері көрсетілген. Кеңестік мемлекеттің дінге қатысты заңдары мен коммунистік партияның негізгі ұстанымдарына да тоқталған. Кеңестік Қазақстанда мемлекеттің исламға қарсы жасаған шабуылы мен үгіт-насихатының зардаптары көрсетілген.

Кілт сөздер: Кеңес Одағы, дін, ислам, мұсылмандар, Жауынгер құдайсыздар одағы, Дінге қарсы музей, Кеңестік Қазақстан, дінге қарсы үгіт-насихат.

Кіріспе

Кеңес үкіметінің діни саясаты, Кеңес Одағында өмір сүрген Орта Азиялықтардың, оның ішінде қазақтардың діни өмірі зерттеушілерді де, қарапайым оқырмандарды да қызықтырары сөзсіз. Кеңестік билік өзінің алғашқы он жылында саяси шарттарға байланысты исламға қатысты жұмсақ саясат ұстанды. Мысалы, ол кезеңде Орыс православ шіркеуіне қарағанда ислам дінінің жағдайы салыстырмалы түрде біршама жақсы болды. Бірақ он жылдай уақыт өткен соң исламға да, басқа діндегілерге де қарсы тікелей шабуыл басталды және дінге қарсы жаппай үгіт-насихат әрекеті күшейтілген болатын. Бұл ғылыми зерттеу жұмысында сол кезеңде Кеңестік Қазақстанда 1929–1941 жылдарда жүргізілген дінге қарсы саясат жөнінде, дінге қарсы ұйымдардың жұмысы мен дінге қарсы шабуылдар туралы баяндаймыз. Кезеңнің ерекшелігі, бұл жылдары Кеңес Одағында дінге қарсы шабуыл қатыгездікпен жасалды. Дінге қарсы ұйым мен баспасөздің қызметі күшейтілді. Дінге қарсы ұйым мен баспасөзге мемлекет пен партия барлық жағынан қолдау көрсетті. Осылайша, мемлекет пен партия дінге, оның ішінде исламға қарсы күш біріктіре отырып әрекет етті. Ол кезеңде дінге қарсы мұражай да жұмыс жасады. Діни қызметкерлердің көпшілігі қысым көріп, ғибадат орындары тәркіленді және жабылды.

Зерттеу әдістері

Жұмыс барысында тарихи фактілерді, оқиғаларды және құбылыстарды жан-жақты талдауда тарихи объективтілік принципі басшылыққа алынды. Кеңестік биліктің алғашқы кезеңдегі дінге қатысты қадамдары, исламға қатысты жұмсақ саясатының себептері, одан кейінгі дінге қарсы үгіт-насихаттың алғышарттары мен барысы, дінге қарсы тікелей шабуыл және оның салдары Кеңестік Қазақстан тарихы мысалында шынайы түрде көрсетілді. Мешіттердің жаппай жабылуы мен дінбасыларға қарсы жасалған қысым да берілді. Жинақтау, салыстырмалы талдау және қорыту әдістері арқылы кеңестік діни саясаттың шынайы бейнесін көрсетуге тырыстық. Зерттеу жұмысының

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zholdassuly2018@gmail.com

мақсатына сәйкес компаративтік талдау негізінде жинақтау, жүйелеу, бірізділік, сараптаумен қатар логикалық ой қорыту, тарихи салыстыру мен хронологиялық-проблемалық және нақтылық сияқты ғылыми танымның әдістері мен тәсілдері қолданылды.

Нәтижелері және оларды талқылау

Кеңестік кезеңде мемлекеттік тұрғыдан дін әрбір адамның жеке мәселесі болғанымен, коммунистік партия көзқарасы бойынша дін бір коммунистің тіпті бір адамның өмірінде орын алмауы қажет нәрсе болатын. Кеңес үкіметінің тарихында мемлекеттің діни саясатының әр кезеңінің өзіндік ерекшелігі болды. Мысалы, Қазан төңкерісінен кейін алғашқы он жыл ішінде мұсылмандардың жағдайы салыстырмалы түрде жаман болмады деуге болады. Мысалы, тарихшы S. Etşahin, большевик төңкерісінен Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Орта Азиядағы Исламмен күрес және аймақтағы дінге қарсы әрекетті екі кезеңге бөледі:

I-ші кезең 1917–1928 жылдар. Бұл кезең де өз ішінде үш кезеңге бөлінеді: 1. Соғыс коммунизмі кезеңі (1917–1920). 2. Бірқалыпты кезең (1920–1924). 3. Исламға қарсы күреске дайындық кезеңі (1924–1928).

II-ші кезең 1928–1941 жылдар. Исламға қарсы идеологиялық және нақты шабуыл ұйымдастырылған кезең [1: 103].

Алғашқы кезеңде большевиктер мұсылмандардың сеніміне кіруді, мұсылмандардың жақсы көзқарасына ие болуды көздеді. Дінге қарсы үгіт-насихат барысында мұсылмандардың діни сенімдеріне тіл тигізбеу, өте мұқият болу тапсырылды. Ленин коммунистерге мұсылмандармен өте сақ әрі барынша жақсы қарым-қатынаста болу қажет деп ескертті [2: 14–15].

1917 ж. 2 қарашадағы Сталин мен Лениннің «Ресей халықтарының құқығы жөніндегі Декларациясында» Ресей халықтарына теңдік пен егемендік, бөлініп өз мемлекеттерін құрғанға дейінгі таңдау еркіндігі, ұлттық және діни артықшылықтар мен шектеулердің барлығын алып тастау, Ресей территориясында өмір сүретін аз ұлттардың еркін дамуына уәде етілді [3: 15–16]. Бұнымен қоса, 1917 ж. 20 қарашадағы «Шығыс пен Ресейдің еңбекші мұсылмандарына арналған үндеуде», патшалық Ресей территориясында өмір сүрген, патша билігі тарапынан діндері мен дәстүрлері зардап шеккен бүкіл мұсылмандарға діни және ұлттық ерекшеліктерінің сақталуына еркіндік берілетіндігі айтылған. Соған байланысты осы революцияға және оның үкіметіне қолдау білдіруге шақырылған. Шығыс мұсылмандарының да қолдауын алу мақсатында, Константинопольдің түріктердің қолында қалуы керектігі, Европалықтардың Түркия мен Персияны бөлшектеуіне қарсы екендіктері білдірілген [4: 20–22].

1918 ж. 20 қаңтарда РСФСР ХКК-нің «Ар-ождан, шіркеу және діни бірлестіктер туралы» Жарлығында діннің мемлекеттен бөлінетіндігі, мемлекет территориясында сенім бостандығын шектейтін немесе белгілі бір діннің артықшылығына жол беретін заңдар мен ережелердің қабылдануына тиым салынатындығы, әрбір азаматтың кез келген дінді ұстану немесе ұстанбау еркіндігінің бар екендігі, діни ант берудің алынып тасталатындығы айтылған. Мектептің мемлекеттен бөлінетіндігі, жалпы білім беретін мемлекеттік, қоғамдық және жеке оқу орындарында діни білім беруге тиым салынатындығы, азаматтардың дінді жеке түрде үйрене немесе үйрете алатындығы, барлық шіркеу және діни бірлестіктердің жекеменшік иелену құқығының жоқ екендігі, Ресейдегі шіркеу және діни бірлестіктердің бүкіл мүліктері халықтық меншік болып жарияланатындығы көрсетілген [3: 18–20].

1918 жылдың 23 қаңтарында «Діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі» жөніндегі декрет де қабылданды. Кеңес үкіметінің осы декреті мен 1929 жылдың 8 сәуірінде қабылданған «Діни бірлестіктер туралы» шешімі дінге қатысты Кеңес мемлекетінің негізгі заңнамалық қайнар көзі. 1929 жылдың 8 сәуірінде қабылданған құжат болса мемлекеттің дінге қарсы саясатының катаюына негіз болды [5: 10].

1918 жылғы РСФСР конституциясының дін мәселесіне қатысты баптарына сәйкес діннің мемлекеттен бөлінуі бекітіліп, ол жерде азаматтардың дін ұстау еркіндігі мен дінге қарсы насихат жасау бостандығы көрсетілді. Дін қызметкерлері қанаушы тапқа жатқызылып, сайлау құқығынан айырылды. 1919 жылдың наурызында өткен РКП-ның VIII съезінде қабылданған бағдарламада, партияның еңбекші бұқараның діни көз соқырлықтан арылуына, терең ғылыми-ағарту және дінге қарсы насихатты ұйымдастыруына жәрдемдесетіндігі, діншілдердің сезімдеріне нұсқан келтіруден алыс болу қажеттігі, өйткені бұның діни фанатизмнің орнығуына алып келетіндігі айтылған [6: 48–51]. Ленин 1905 ж. 8 желтоқсанда «Новая жизнь» газетіне берген мақаласының

өзінде мемлекетке қатысы жағынан алғанда дін әркімнің жеке басының ісі болуын талап ететінін, бірақ дінді коммунистік партияға қатысы жағынан алғанда әркімнің жеке басының ісі деп еш санай алмайтындығын ашық мәлімдеген болатын. Партия программасында өздерінің атеист екендігін айтпауға тиісті екендіктерін, соқыр сенімнің қалдықтарын сақтап қалған пролетарлардың партиямен жақындасуына тиым салмаулары қажет екендігін ашық айтқан [7: 4–6].

Исламның тотальды (барлығын жаппай қамтушылық) ерекшеліктері болғандықтан, Ислам дінінің күнделікті тұрмыстағы отбасы–некелік қарым-қатынастармен, білім беру жүйесімен біртұтас болып кетуі себепті, дінді мектептен бөліп тастау секілді шаралар, әсіресе мұсылмандар үшін құртып-жоюшылық зардаптарын тудыруы мүмкін еді. Мұсылман коммунистерінің жетекшісі М. Сұлтанғалиев және кейбір дінбасылар, 1918 жылдың 23 қаңтарында шыққан декреттің мұсылмандарға қатысты қолданылуы мүмкін емес деп бірден-ақ мәлімдеді [6: 89].

1917–1936 жылдары мұсылмандардың ісімен әртүрлі партиялық–мемлекеттік және чекистік құрылымдар айналысты. Бұл мәселеде шешуші рөлді коммунистік партия алды. «Мұсылмандар ісіне» қатысты мәселелерде шешім қабылдау тек жоғары саяси басшылыққа тиесілі болды. 1920-шы жылдардың соңында ол Сталин еді. 1920-шы жылдары партияның төменгі ұйымдары арасында мұсылмандар ісіне Орталық комитет жанындағы дінді мемлекеттен бөлу ісі жөніндегі комиссия және мемлекеттің «дінсіздік» саясатын басқарған ОК-нің үгіт-насихат бөлімі жанындағы дінге қарсы комиссия жауапты болды. Ал, 1920–1930 жылдары ислам ісімен айналысқан кеңестік ұйымдар мыналар еді: ұлттар ісі Халық комиссариаты және БОАК жанындағы дін істері жөніндегі Тұрақты комиссия. Бірақ бүкіл кеңес тарихында дінді, оның ішінде исламды «мемлекеттік бақылаумен» айналысқан ұйымдар ішінде маңызды орынды арнайы органдар иеленді. Мысалы, ВЧК (1917–1922 жж.), ОГПУ (1922–1934 жж.) және НКВД (1934 жылдан) құрылымдарын атап өтуге болады [4: 13–14].

Алғашқы кезде кеңес билігі ықпалды ислам улемасын, мұсылман ғалымдарын өз жағына тартуға тырысты, тіпті коммунистік партия қатарында молдалар аз болмады, шариғат соттары өмір сүре берді [8: 13–14]. Большевиктер соғыс жағдайында мұсылмандардың қолдауын алу үшін оларға әртүрлі уәделер де берді. Патшалық Ресей кезеңінде тәркіленген Осман кезінде басылған Құранның көшірмесі және Қазан мен Орынборда тартып алынған мешіттер мұсылмандарға қайтарылды [9: 5–6].

Мұсылман мектептері алғашқы жылдары жабылмады. Кей жерлерде тіпті медреселер де ашылды. 1918 ж. Түркістан АКСР-і діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі туралы декрет қабылдаса да, ол жергілікті халықтың тіліне аударылмай, орыс тілді ұлт өкілдеріне қатысты ғана жүзеге асырылды. Орта Азияның Бұхара, Хорезм республикаларында бұл декрет тіпті мүлдем қабылданбады. 1920 ж. ақпанда РКП ОК-нің партиялық комитеттерге жіберген хатында Шығыс халықтары арасында мұсылмандармен ерекше қатынас орнатып, діни және ұлттық факторды ескеруді талап етті. Осыған орай исламға қатысты саясат дінді терістеу арқылы емес, сауаттылық деңгейін көтеру, мектеп ашу, ең бастысы мұсылман дінбасыларының таптық сипатын ашып көрсетіп, кедей шаруаларға қарсы олардың қанаушы пиғылдарын әшкерелеу көзделді. 1919 ж. Қазақ ОАК Қазақстанда Құрбан айт мейрамын тойлауға рұқсат берді. 1920 ж. 12 тамызда Қырғыз (қазақ) облыстық бюро қаулысына сәйкес Құрбан айт мейрамында 25 тамыз күні мұсылман қызметкерлер сабақтан босатылса, мұсылман әскерилер 25–28 тамыз аралығында жұмыстан босатылды. Кейбір партиялық және кеңестік іс-шаралар барысында намаз оқу мақсатында үзілістер жарияланды (мысалы, Түркістан кеңестерінің III съезінде). Қазақ мұсылмандары үшін Ораза айты, Құрбан айты және Наурыз діни мейрамдар болып жарияланды [6: 101].

1920 ж. Уфада Оренбург мүфтиятының орнына Мұсылмандардың орталық діни басқармасы (ЦДУМ) құрылды. Бұл мүфтиятқа Ішкі Ресей, Сібір және Қазақстан мұсылмандары бағынатын болды [4: 11–13]. 1920-шы жылдардың саяси шарттарына байланысты кеңестер 1922 ж. мамырында Түркістан, Бұхара республикалары аймағында діни ұйымдардың кейбір вақыфтық жерлерін де кері қайтарды, жергілікті қазі, би соттарын қалпына келтірді және діни мектептерді заңдастырды. Діни ұйымдарға вақыфтық жерлерді қайтару ісі Оңтүстік Қазақстан территориясында да жүрді [10: 59].

1919 жылдан бастап орталықтан «Революция и церковь» журналы мен «Безбожник» газеті шыға бастаған еді. 1925 ж. «Безбожник» газетінің достары қоғамы құрылды. Осылайша ССРО-да атеистік қозғалыстың ұйымдық құрылымдары қалыптасты. Сол жылы «Безбожник» газетінің достары қоғамы ССРО Құдайсыздары одағы болып қайта құрылды. Оның құрамына елдің барлық дінге қарсы ұйымдары кірді. Құдайсыздар қоғамының жұмысына танымал ғылым және мәдениет қайраткерлері тартылды. Олардың ішінде Н.К. Крупская да бар еді. Е.М. Ярославский «Безбожник» газеті мен

«Антирелигиозник» журналының редакторы және Құдайсыздар одағы орталық кеңесінің тұрақты мүшесі болды [11: 14–15]. 1929 жылы Кеңес Одағы Құдайсыздар одағының ІІ-ші съезінің шешімімен бұл ұйым Жауынгер құдайсыздар одағы (ЖҚО) деп аталды [6: 125]. Дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарында Жауынгер құдайсыздар одағы маңызды рөл атқарды.

Жоғарыда айтылғандай, коммунистік партия үшін дін жеке адамның жеке мәселесі бола алмайтын. 1919 жылы наурызда РКП-ның сегізінші съезінің партиялық бағдарламасындағы дінге қатысты шешімде, РКП-ны дінді мемлекеттен және мектепті діннен бөлу туралы декреттің қанағаттандырмайтындығы және жоспарлы түрде әрекет ету арқылы діни түсініктердің толығымен жойылатындығына сенетіндіктері білдірілген. Сонымен қатар, партия қанаушы таптар мен дінге қарсы насихат ұйымдары арасындағы қарым-қатынасты толығымен жоюға, кең көлемде ғылыми-ағартушылық және дінге қарсы үгіт-насихатты ұйымдастыру арқылы еңбекші бұқараны діни соқыр сенімдерден нақты түрді арашалап алуға үлес қосуға тырысатығын білдірді. Оған қоса дінге сенушілердің сенімдеріне тіл тигізуден аулақ болу керектігі, себебі мұндай әрекеттің діни фанатизмнің күшеюіне себеп болатындығы айтылған [3: 27].

1923 жылғы маусымдағы РКП Қазақ өлкелік комитетінің хатында, қазақ халқы арасында дінге қарсы үгіт-насихат жүргізуде өте абай болу керектігі және егер бұл жұмысты атқаруға қазақтардың арасынан жақсы дайындалған коммунистер болмаса, егер дінге қарсы пропаганда жұмысын басқаруда біліксіздік жасалатын болса, ол халықтың қарсы реакциясы мен діни фанатизміне жол ашатындығы көрсетілген. Партия қазақ халқының арасында дінге қарсы жұмыста бірінші кезекте жасалатын нәрсе мамандардың санын көбейту керек деп түсінді. Олардың көмегімен халық арасында діни түсініктердің, батыл, соқыр сенімдер мен сол секілді діни ілімдердің қалдықтары жойыла бастайтындығы білдірілген. Партия атынан сөйлейтін баяндамашылардың пікірталас жасауға мұқият дайындалуы керектігі және тексерілмеген баяндамашыларға партия атынан сөйлеуге рұқсат берілмеуі керектігі баса айтылған. Жақсы дайындалған пікірталастарды жұмысшылары көп ұйымдарда және оқу орындарында ұйымдастыру қажет екендігі көрсетілген. Сонымен қатар, табиғат туралы тақырыптарда сабақтардың қазақ тілінде жүргізілуі қажеттігі және қазақша жаратылыстану саласы бойынша брошюралар шығару керек екендігі баса жазылған [3: 69–70].

Осылайша 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында дінге қарсы мазмұндағы көптеген кітаптар жарық көрді. Мысалы, «Атеист» баспасы 1922–1929 жылдары 270 кітап, 1930 жылы әртүрлі 418 кітап жариялаған. «Безбожник» баспасынан 1927–1928 жылдары дін мен атеизм туралы 79 кітап, 1929 жылы 137, 1930 жылы әртүрлі 244 кітап жарияланған. 1920-жылдары ССРО-ның атеистік бағыттағы журналдары мен газеттерінің ішінде ең көп тарағандары арасында «Революция и церков» журналы, «Наука и религия» газеті мен журналы, «Безбожник» газеті, «Безбожник у станка» және «Антирелигиозник» журналдары еді. ССРО-дағы басқа да ұлттардың тілдерінде атеистік басылымдар болды. Олардың саны да көбейтілді. 1917–1941 жылдары ССРО-да атеистік бағыттағы 40-қа жуық журнал мен 35 газет жарияланып тұрған. Олардың ішінде, әсіресе «Антирелигиозник», «Безбожник» және «Воинствующий атеизм» журналдары көп данамен басылды. 1930 жылдары дінге қарсы мазмұндағы кітаптар да көбейді. Олар орыс тілімен қатар ССРО-ның басқа халықтарының тілдерінде де көп тиражбен жарық көрді [6: 126–127].

Қазақстанда 1926–1927 жылдары Құдайсыздар ұйымының бөлімшелері мен үйірмелері пайда бола бастады. Одан соң Құдайсыздардың қалалық және аудандық кеңестері де ортаға шықты. Қазақстан қалаларында Құдайсыздар бөлімшелерінің құрылуын жеңілдету және ССРО Құдайсыздар одағы Орталық кеңесімен байланыс жасау үшін Қазақстан қалаларында Құдайсыздар одағының ұйымдастыру кеңселері құрылды [10: 120–121].

1926 жылдан бастап ресми құжаттарда алғаш рет мұсылмандықтың «Кеңестерге қарсы» сипаты туралы сөз пайда болды және 1927 жылдан кейін «дінге қарсы үгіт-насихат» туралы ғана емес, «жұмысшы табының жауы» статусы берілген «исламмен күресу шаралары» туралы әңгіме болып жатты. Дінге қарсы үгіт мектептерде де жүргізіле бастады, ал 1929 жылы арнайы қаулымен исламды оқытуға барлық деңгейде тиым салынды [12: 50–51].

Дінге қарсы қозғалыстың ұраны: «Дінге қарсы күрес — социализм үшін күрес» еді. 1929 жылы мамырда ССРО Конституциясының 4-ші бабына өзгерістер енгізілді. Егер бұрынғы конституция азаматтарға «діни үгіт-насихат жүргізуге және дінге қарсы насихат жасауға» құқық берсе, түзетулер енгізілгеннен кейін діни насихат жасауға тиым салынды, тек «діни сенім бостандығы мен дінге қарсы үгіт жасау бостандығы» берілді. Басқаша айтқанда, бастапқыда азаматтарға діни үгіт-насихат жасауға рұқсат берілгенімен, одан кейін тек дінге сенуге ғана бостандық берілген. 1929 жылдың жазында

жағдай күрт өзгерді. Дінге сенушілердің көңіл-күйі мен тілектерін елемей, діни сезімдерін келеке етіп және олардың ғибадат орындарына қиянат жасауға рұқсат етілді, тіпті жаңадан қабылданған заңдарды бұза отырып, діни ғимараттардың жаппай жабылуы басталды. Дінбасыларға қарсы қысым пайда болды, тіпті қарапайым сенушілер де қысымнан құтыла алмады. ССРО мұсылмандарының басқа мұсылман әлемінен байланысы үзілді. Дінге сенушілердің қаржылай көмегімен өмір сүрген барлық мешіттер мен діни мектептер жабылды. Адамдарға мешітке бару қорқынышты жағдайға айналды. Көбісі қазақ мәдениеті мен сәулет өнерінің ескерткіштері болған көше мешіттерінің іші бос қалды немесе мемлекеттің әр түрлі қажеттіліктері үшін пайдаланылды (мәдени-ағарту клубтары, қоймалар және т.б. үшін) [10: 147–148].

Орыс православиесі және патшалық билік арасындағы тығыз байланыс бастаулары заң тұрғысынан бекітілген византиялық «симфония» идеясымен байланысты болды [3: 6]. Католицизм кең тараған батыс елдерінде билікті құдайдан деп түсіндіретін теократия идеясын ұсынса, православиелік Русь Византия тәжірибесін ескеріп, «симфония» идеясын қабылдады [4: 221]. «Симфония» шіркеу мен мемлекет арасындағы рухани одақ пен өзара үйлесімді әрекеттесуге негізделеді [3: 6–7], бірақ зайырлы және діни биліктің ықпал ету салалары ажыратылды. Константинопль құлағаннан кейін православие орталығына айналған Русь өз идеологиясын қалыптастырып, орыс православиесінің жоғарғы үстемдігі туралы идеяны негіздеді. Православиелік әлемде гректер емес, орыс халқы үстем орынды иеленіп, православиелік шіркеуді византиялық император емес, орыс билеушісі басқаруы тиіс деп танылды [4: 221]. Яғни шіркеу патша билігін құдайдан деп біліп, монархияны христиандық тұрғысынан мемлекеттік биліктің ең жақсы түрі деп таныды. Патшаны құрметтеу адамның саяси ниеттестігі екенін көрсетіп қана қоймай, православиеге беріктігін дәлелдеді.

Императорды мадақтап, қоғамдық тәртіптің сақтаушысы болған дінбасылар қарапайым халыққа қарағанда бірқатар жеңілдіктерге ие болды. Ол алым беру мен әскери міндеткерліктен босатылды, оларға қатысты тән жазасы қолданылмады. Дін қызметшілері және дьякон балаларына азаматтық қызметке орналасу барысында артықшылықтар беріліп, басқа сословиеге өту құқығы болды. Мемлекет шіркеу органдарын едәуір қаржыландырып, құрылыс, жөндеу жұмыстары мен миссионерлердің ақысына, дінбасылар үшін ерекше белгілерді жасауға, басқа да шығындарға қаражат бөлетін. Ресейде 1649 жылы Собор жинағы заманынан дін бостандығы қағидасы толық жарияланған емес. Барлық діндер үстем, төзімді және қудаланған болып негізгі үш топқа жіктелді. Үстем дін болып православие саналды. Төзімді діндерге католик, протестанттық, армян-грегориан діндері, ескі дәстүрді ұстанушылар, әр түрлі христиандық секталар мен иудейлік, мұсылман, буддизм, пұтқа табыну жатқызылды. Көптеген ғасырлар бойы Ресейде халықтың басым бөлігі

православие дінін ұстанған. 1897 жылғы мәлімет бойынша православие дінін ұстанушылар саны 87,3 млн. адам немесе империя халқының 69,5 пайызын құрады. Православие шіркеуінің ерекше рөлін ескере отырып, үкімет ғибадатхана, монастырлар және дінбасылар санын үнемі арттыруға мүдделі болды. Мысалы, XIX ғасырдың 60-жылдарының басында Ресейде 37 428 шіркеу, 12 392 кіші шіркеу мен 614 монастыр болса, 1905 жылы шіркеулер саны 48 375, кіші шіркеу — 20 583, ондағы діни қызметкерлер саны 103 970-ке жетті. Ал, 1912 жылы елде 53 902 шіркеу, 23 204 кіші шіркеу, 110 870 діни қызметкерлері бар 870985 монастыр есептелді [3: 6–8].

Заң тұрғысынан католик, протестанттық және басқа конфессия негіздерін насихаттауға тиым салынды, бірақ оларға жер бөліп, ғибадатхана салуға тиым салынбады. Ресей империясының Заңдар жинағына сәйкес бағынышты халыққа және Ресейде тұратын шет ел өкілдеріне, мұсылман не иудейлік болғандығына қарамастан, өз дінін ұстанып, құдайға құлшылық етуге рұқсат етілді. Тек әркімнің діни ғұрыпты орындау кезінде билеуші патшаны мадақтауы заңмен міндеттелді. Ресей империясында мемлекеттік мектептерде діни ілімді оқу міндетті болып саналды. Дінбасылар балалар тәрбиесін қадағалап, оқулықтарға шіркеу цензурасы орнады. Жастарға бағытталған діни әдебиет көптеп шығарылды. Ата-аналар балаларына діни тәрбие беруге міндеттелді [3: 8]. Дін мен шіркеу құқық қорғау органдарының қорғауында болды. Мысалы, құдайға құлшылық ету барысында тәртіп қадағалау, шіркеу ережелерінің орындалмағаны, православиенен бас тарту үшін ескерту айтып, жазалау міндеті полицияға жүктелді. Тәртіп бұзушылық қатаң жазаланды. Құдайға тіл тигізу үшін мал-мүліктен айырылып, ауыр жұмыстарға жер аударылатын болды.

Мәдени тұрғыдан қарағанда шіркеуге, оның зор ықпалында болған халықтың шаруалар, көпестер (негізінен ескі дәстүрлі), мешандар сынды бөлігіне тән теократиялық ойлау мен мәдениет І Петр және оның мирасқорларының батыстық-секулярлық абсолюттік империясымен толық диссонанс жағдайына түсті [5: 16]. Орыс шіркеуі мемлекеттік аппаратпен біте қайнасып, монархияға бағынса да, Ұлы Петрге дейін ол жеке институт пен автономияның кейбір белгілерін сақтап қалды. 1666 жылы шіркеу жиынында қайта бекітілген византиялық «симфония» қағидасы теориялық тұрғыдан өз күшін жоймаған. Шіркеу мемлекеттен бөлектеніп, оның өз патриархы, әкімшілік, сот, салық органдары және өз иеліктері болды. Шіркеуге қарасты болғандар алым төлеп, қажет жағдайда шіркеу сотымен жазаланатын болды. Петр патша кезінде шіркеу бар автономдығынан айырылды. Патриаршылдық жойылып, шіркеу қаражаты кәмпескеленді, шіркеу соты өз күшін жойды. Сөйтіп шіркеудің мемлекетке тәуелділігі артты [8].

Зерттеуші Р. Пайпс пікіріне сәйкес, орыс шіркеуі басқа христиандық шіркеулерге қарағанда секуляризацияға аса қарсылық танытпады. Петр православие шіркеуін жақтамады, өйткені дінбасылар орта ғасырларда иеленген артықшылықтардың арқасында алым төлемей, мемлекетке қызмет істемей, барщина мен алым-салық ретінде ел байлығының біраз бөлігін иеленіп алған. Салық мәселесі де Петр реформаларында маңызды болды. Петр таққа отырғанда шіркеуге жаңа жерлерді иеленуге тиым салынса да, шіркеу өз дәулетін сақтады. Жоғарғы сословие өкілдері ортасында өлім алды өсиетте шіркеуді елеу дәстүрі сақталып қалды. Ірі жер иелеріне тиым салынғанмен, патшалардың өздері монастырларға сыйлық тарту етіп отырған. Қарқынды жүргізілген орыс экспансиясы нәтижесінде дінбасылардың қолында шоғырланған ұлттық байлық қоры азайғанымен, салыстырмалы түрде қарағанда, әлі де айтарлықтай болды. Мысалы, Петр патшаның билік басына келген кезінде барлығы 12–13 миллион шаруа болса, соның 750 мыңы дінбасыларға қарасты болды. 1696 жылы Петр приход және монастыр дінбасыларына шіркеу мүлкінен түскен табысты өз еріктерімен пайдалануына шек қойды. Патриарх Адрианның өлімінен кейін, Петр шіркеу әкімшілігін таратуды көздеді. Патриарх ізбасарын тағайындаудың орнына ол ғалым, украиндық діни қызметкер Стефан Яворский кандидатурасын бекітті. Шіркеу мүлкі, басқа да істерді Монастыр Приказы қадағалайтын болды. Приказ, сонымен бірге, шіркеу вотчиналарында әкімшілік, сот, салық салу жүйесін де бақылады. Шіркеу мүлкі мемлекеттік меншікке өтпеді. Бірақ оның мемлекеттік құрылымға енгізілгені соншалық, жарты ғасырдан кейін шынайы түрде жүзеге асырылған секуляризация формальды болып көрінді. 1701 жылдан бастап монастырлар өз табыстарын мемлекет қазынасына беруге тиесілі болды. Оның орнына жалақы алатын. Бірақ бұл қағида үкімет тарапынан жүйелі түрде жүзеге асырылмады.

Петрдің дін саясатының шарықтауы 1721 жылы шыққан «Діни регламенттің» (бұдан былай Регламент — *автор*) қабылданумен байланысты болды. Регламентке сәйкес приход және монастыр дінбасыларының қызметіне шектеу қойылды. Регламент орыс шіркеуінің бюрократиялық конституциясы іспетті болды. Патриаршылдық жойылды. Оның орнына алғашқыда «Діни коллегия»

құрылып, кейін оның орнын Қасиеті Басқарушы Синод (бұдан былай Синод — *автор*) алмастырды. Синод дін істері жөніндегі министрлік болатын. Оның басшысы обер-прокурор әдетте әскери шенеунік қатарынан тағайындалатын, ол үшін діни атақтың қажеті жоқ болатын. 1917 жылға дейін Синод орыс шіркеуін басқарып келді. Синодтың құрылғанынан бастап шіркеу жеке институт ретінде қызметін тоқтатып, ресми түрде мемлекеттік аппаратпен қосылды. «Регламенттің» дінбасыларға қатысты кейбір міндеттемелері Петр кезінде шіркеудің саясиландырылуы деңгейін анықтайды. Мысалы, діни қызметкерлер патша алдында адалдық анттын беретін болды [9: 314–315]. Сонымен бірге, приход дін қызметшілері император немесе мемлекетке қауіптің төнуі туралы ақпарат білген жағдайда (ол тіпті тәубе ету кезінде алынған ақпарат болса да) бірден хабар беруге тиіс болды [9: 701].

Регламент жарияланғаннан кейін орыс дін қызметшілері жүйелі түрде полициямен бірге қызмет істеді. Мысалы, Петр билігінің соңғы жылдары, үкімет жан басына тиесілі алым-салықты енгізу мақсатында халық санағын өткізу үшін дін қызметшілеріне халық санағынан бас тартқандарды анықтап, табу міндеттелді. Әйтпесе, оларға дүре соғылып, Сібірге жер аударылатын болды. Сөйтіп XIX ғасырда саяси өзгеше ойды ұстанушылар туралы құпия хабар жеткізу дін қызметшілерінің қатардағы міндеті саналатын. Регламенттің жариялануына қатысты белсенді қарсылық көрсету туралы ақпарат жоқ. Бұдан шығатын қорытынды — орыс шіркеуі үшін ең маңыздысы оның сиқыршылық элементі болды. Петрдің литургия, құпияшылықпен жұмысы болмады. Басқа қай жағынан болса да, шіркеу оған бағынуға дайын болды. Осыған байланысты 1762 жылы III Петрдің шіркеуді меншігінен айыру саясаты да қарсылыққа тап болмады. Барлық шіркеу және монастырь жерлері мемлекеттендірілді. Екі жылдан кейін II Екатерина патша кезінде бұл саясат жалғасын тапты. 1767 жылы шіркеу жеріне орналасқан миллионға жуық шаруа мемлекетке қарасты болды, ал приход пен монастырь дінбасылары жалақыны мемлекеттік қазына есебінен алатын болды. Мемлекет меншігіне өткен шіркеу мүлкінен жылына миллион рубль табыс алған монархия 400 мыңын ғана дінбасыларға қайтарды. Жері жоқ монастырлар мемлекетке табыс әкелмегендіктен жабылды. Нәтижесінде олардың саны екі есе қысқарды. Ресейде болған 954 монастырь ішінен 1764 жылы 569-ы жабылды. Қалған 385 монастырдың 161-іне ғана үкімет қаражат бөлді, ал қалған 224-і өз қаражаттарына өмір сүрді. Бұл шаралар да қарсылыққа тап болмады. Батыс Еуропада шіркеу жерлерінің мемлекет меншігіне өтуі Реформацияның қуатты қозғалтқышы болса, Ресейде ол байсалды сипатта жүзеге асты. Дін қызметшілерінің жалақысы мемлекеттік қазына есебінен берілетін болғандықтан үкімет тізімі бар шіркеу штатын жасады. I Петр бұйрығына сәйкес «артық» (яғни приходы жоқ) дін қызметшілері әскер қатарына шақырылды немесе алым төлейтін сословие қатарына өтетін болды. Бірақ XVIII ғасырда бұл қағида, қажетті мамандардың жетіспеушілігінен, қатаң түрде жүзеге аспады. Тек 1860 жылы діни тұлғалардың штаты жасалып, жалақы алатын дін қызметшілерінің саны приходтар санына сәйкес реттелді [8].

II Екатерина 1790 жылы епархия шекараларын губерниялық әкімшілік шекараларымен біріктіру арқасында шіркеуді бақылауды жеңілдетті. Сөйтіп, жоғарыда аталған шаралар нәтижесінде XVIII ғасырда орыс дінбасылары шенеуніктерге ұқсайтын болды. Р. Пайпс шіркеу әрекетін сынға алады. Оның пікірінше, шіркеу консервативті философия мен мемлекетке дәстүрлі бағынушылықтың кесірінен либералдық күш ретінде өзін көрсете алмады. Бірақ ол екі істі жүзеге асыруға міндетті болатын. Ең алдымен, ол Матвей Евангелиесінде айтылып (22: 16–22), Византиялық шіркеу теориясында нақты негізделген зайырлық пен діни биліктің қатар өмір сүруі қағидасының орнығуын талап етуі тиіс еді. Бұның нәтижесінде ол елдің рухани өміріне үстемдік етіп, зайырлы билікті шектеген болар еді. Бірақ, ол, керісінше, сол кезде Ресейде зайырлы биліктің шектен тыс орнығуына жол беріп, бұның салдары кейінгі дәуірлерден де көрініс тапты. Екіншіден, шіркеу қарапайым христиандық құндылықтар үшін күреспеді. Ол христиандық әдепке қарама-қайшы келетін басыбайлық құқыққа қарсы шығуы тиіс еді. Христиандықтың бірде-бір тармағы әлеуметтік және саяси әділетсіздікке бұндай немқұрайлықпен қараған емес. Александр Солженицын пікірімен қосылар болсақ, егер орыс шіркеуі Польшада сияқты, өз тәуелсіздігі үшін күресіп, халыққа үндеу тастаған болса, соңғы бірнеше жүз жылдық орыс тарихы анағұрлым адами әрі үйлесімді болар еді. Әлеуметтік және саяси әділетсіздік үшін күрескен халық үшін орыс православие шіркеуінің беделі төмендеді. Пайда болған рухани бос кеңістік зайырлы идеологтар үшін қолайлы болды. Христиандық бойынша бақилықта нәсіп ететін жұмақты олар жер бетінде орнатуға тырысты [8].

Ортағасырларда Ресейдегі дін жағдайы Еуропа елдерімен ұқсас, яғни діннің рөлі үстем болды. Жаңа дәуірде Еуропада модернизация үдерісінің маңызды бір бөлігі болып саналған діннің

мемлекеттен бөлінуі үдерісі нәтижесінде зайырлы мемлекет қалыптасты. Дін және мемлекет әрқайсысы автономды болып, бір-бірінің ісіне араласпады. Ал, І Петр реформалары шіркеуді мемлекетке бағындырды, демек зайырлы мемлекет идеясына қайшы келді. Патша І Николай билігі кезінде қалыптасқан шіркеуді басқару жүйесі 1917 жылға дейін сақталды. Православтық шіркеуді патша басқарды. Оған обер-прокурор мен Синод пленумы бағынды. Обер-прокурор және Синодтың жеке кеңселері болды. Обер-прокурор қызметкерлері ішінде кеңсе хатшысының рөлі басым болды. Обер-прокурор кеңсесіне шіркеу, діни қызметкер мен шіркеу қызметкерлерін басқарған діни консисториялар тәуелді болды. Синод кеңсесіне епархиалдық епископтар, викарий, епархиялық үйлер бағынды. Дінбасылар монахтық және ақ деп екі топқа бөлінді. Біріншісіне митрополит, архиепископ, епископтар, монастырларда архимандрит, игумен, иеромонах, монах, иеродиакон, послушник жатқызылды. Екінші топқа протопресвитер, протоирей, иерей, дьякон сынды діни қызметкерлер мен пономарь, причетник, псаломщик, дьячок сияқты шіркеу қызметкерлері енді. Патша үйі, әскер және флот қажеттіліктеріне қызмет ететін діни қызметкерлер шіркеу басқару жүйесінде маңызды орын алды. Патша үйі үшін діни қызметкерді патша өзі тағайындады. Шіркеуді басқару жүйесінде ол епископтан кейін екінші орында болды. Бас штаб пен әскер обер дін қызметшісі әскери горнизон дінбасылары мен шіркеулерді және әскери бөлім, бірлестіктерге қарасты жорық шіркеулерін басқарды. Обердің қызметшісі, бір жағынан, әскери министрлікке бағынса, екінші жағынан Синодқа бағынды. Әскер және флот дінбасыларына әскерде моральдық жағдайды реттеу және приход дінбасылары атқарған бірқатар қызметтер міндеттелді. Мысалы, полктағы дін қызметшісі тәубе ету мекемелерін, азаматтық хал-ахуал актілері бойынша жазбалар, т.с.с. жүргізді [3: 9–10]. Сөйтіп І Петр енгізген синодтық жүйе патша І Николай билігі кезінде обер-прокурор бейнесіндегі азаматтық шенеуніктің Синод пен дінбасыларға қатысты деспоттық диктатура ретінде толығымен қалыптасты [5: 19]. Православие Ресейде өзіне тән діни рөлінен айырылып, көп жағдайда, ұлтшылдық және саяси қызмет атқарды, сенім дағдарысқа ұшырады.

Синодтың обер-прокуроры Константин Петрович Победоносцев (1880–1905 жж.) пікіріне сәйкес, шіркеуді басқару құрылымын өзгерту туралы қандай да бір әңгімелер мемлекеттік өмірдің «қалыпты» ағымына кедергі жасады, өйткені шіркеу және патшалық билік біртұтас еді. Сол себепті обер-прокурор петрлық синодтық жүйені өзгертуге қарсы болды. К. Победоносцев православие дін қызметкерлерін заманның өзекті мәселелеріне жақындатпай, олардың интеллектуалдық деңгейінің төмендеуі мен клирдің әлемнен ажырауын көздеді [7: 13–14]. Сол кездегі жағдайды митрополит Арсений Киевский «шіркеуге қамқорлық жасалып жатқандай көрінгенімен, шын мәнінде, біздер дін катал қуғынға ұшыраған заманда өмір сүріп жатырмыз» деп бағалаған [5: 20]. Патшалық кезеңдегі орыс православие шіркеуінің жағдайына қатысты ХІХ ғасырдың соңында өмір сүрген көптеген шіркеу қайраткерлері симфония идеясының тарихи тұрғыдан өз мәнін толығымен жойғандығын мойындады [12: 147].

Христиандықты, сонымен бірге діни-саяси концепцияларды Византиядан қабылдаған Русь кезеңінде православие шіркеуі ерекше мәртебеге ие болды. Бұл концепциялар ХІХ–ХХ ғасырларда православие дінінің дағдарысқа ұшырауына ықпал етті. Константиннен бастап византиялық императорлар шіркеуді толық бақылауға алып, патриархтарды тағайындайтын болды. Заң тұрғысынан билік шектелмеді. Симфония идеясы негізінде шіркеудің қоғамды біріктіру мен тұрақтандыру қабілетін іске асыруға мүмкіндігі болып, оның рухани-өнегелік, діни-ағартушылық қызмет мінездің жұмсаруына, отбасы өмірінің тұрақты болуына, мемлекеттік заңнамаға христиандық қағидалардың енгізілуіне септігін тигізетін. Бірақ, ХV ғасырдың соңы — ХVІ ғасырда шіркеу қоғамдық институт ретінде мемлекетке бағындырыла бастап, күнделікті өмірді формальды реттеумен шектелді [6: 13–14]. І Петр заманынан 1917 жылға дейін уақыт аралығын қамтыған шіркеу тарихындағы синодтық кезең шіркеудің азаматтық шенеуніктік диктатура тарапынан бағындырылуымен сипатталған. Кейбір зерттеушілер бұл жүйені «полицейлік» деп атады. Протоирей Флоровский полицейлік жүйенің шіркеуге теріс ықпалын атап өтіп, мемлекеттің шіркеуге қамқорлық көрсетіп қана қоймай, оның міндеттерін өзіне алып, халықтың діни және рухани өміріне қатысты мәселелерді өзі шешеді деп тұжырымдайды [13: 83]. Яғни, шіркеу мемлекеттік мекемеге айналып, халық санасында оның қызметкерлері билік өкілдерімен теңесіп, билік саясаты үшін жауапты болды. Әлеуметтік қарсылық нәтижесінде сенім және шіркеу әлсіреді. Он жылдықтар бойы Синодты бір жақты көзқарасты, шіркеу өмірі мен қажеттіліктерімен санаспаған, шіркеудің мемлекет мүддесіне, билеушіге сөзсіз бағынуын талап еткен адамдар басқарды. Шіркеудің бейімделгіштік себебін осыдан іздеу қажет. Себебі, жүз жылдықтар бойы билікке жағымды қатынас,

кез келген жағдайда оған толық бағынушылық дәстүрі қалыптастырылды. Православиеде билікті құдайдан деп білген идея онымен күресу мүмкіндігін жоққа шығарды (мәселе күрес жолына түскен әр түрлі еретик пен сектанттық ағымдар туралы емес, ресми шіркеу ұстанымы туралы болып отыр). Тіпті, XIX ғасырдың басында шіркеу елде жанданып жатқан қоғамдық өмірден тыс қалды. Реформалардың оған ықпалы болмады. 1890 жылы Земство ережесі мен 1692 жылғы қалалық ережеге сәйкес православие дінбасыларына губерниялық, уездік мекемелерге және қалалық думаға сайланып, сайлауға қатысуға тиым салынды. Сөйтіп, шіркеу қоғамдық қозғалыстардан алыстатылды [4: 222–223]. Патшалық билік шіркеу ісіне барынша араласып, нәтижесінде шіркеу мен дінбасылар беделі төмендеді [3: 10].

Синодтық кезеңнің жағымсыз жақтары орыс православие шіркеуінің ішкі жағдайына теріс ықпалын тигізді. 1917 жылға қарай шіркеу басқару құрылымындағы төменгі буын — приходтар дербестігінен айырылып, қарапайым сенуші адамдардың шіркеу өміріне толық араласуға мүмкіндігі болмады. Аталғандардың барлығы шіркеу беделін төмендетіп қана қоймай, оны халыққа өнегелі ықпал ету мүмкіндігінен айырды. Шіркеу Ресей үшін өтпелі кезеңде ұлт пен ел бірлігінің ұйытқысы болудың орнына өзін-өзі қайта қалпына келтірумен айналысуға мәжбүр болды [2: 68].

XX ғасырдың басында Ресей қоғамында күрделі жағдайға байланысты зерттеуші Ю.А. Бабинов шіркеудің патшалық билікпен одағы, шіркеудің әлеуметтік доктринасының өзектілігін жоюы, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілмеуі, дінбасылардың билік басындағылармен жымдасуы — барлығы шіркеу дағдарысын тудырды деп ой қорытады. Діни құндылықтардың қоғамдық мәні жоғала бастады. Шіркеудің басқа қоғамдық институттар арасында беделі төмендеді. Осыған байланысты православие шіркеуінің көрнекті қайраткері архиепископ Никон Ресей жерін сенімсіздік, құдайсыздық, қандай болмасын терістеу дауылы шарпып өткенін айтып, сенушілер сенімінің әлсіреп, діни өмір құлдырап, қарапайым адамдар, діни тұлғалардың өмірді ұғынудан қалып бара жатқандарына алаңдаушылық танытты [3; 11].

Революция қарсаңында көптеген дінбасылар діни реформаларды жүзеге асырып, I Петр билігі тұсында орныққан шіркеудің басқару құрылымына өзгерістер енгізу қажеттігін түсінді. Шіркеу ішінде өзіндік «революциялық жағдай» қалыптасты. 1905 жылдан бастап дінбасылардың негізгі бөлігі Синод саясатына наразылық білдірді. Синод мүшелері де обер-прокурор К.П. Победоносцев ұстанымымен келіспей, 1905 жылы наурызда өзгерістерді мойындап, тез арада Бүкілресейлік Шіркеу дінбасыларының жиналысын (Поместный Собор — *автор*) шақыруды көздеді. 15, 17 және 22 наурызда болған Синод отырыстарынан кейін II Николай патшаға Ресейдегі шіркеудің мемлекеттік жағдайын қайта қарап, патриаршылдықты қалпына келтіру және аталған мәселелерді талқылау мақсатында Шіркеу дінбасыларының жиналысын шақыруды ұсынған баяндама жіберілді. II Николай патша ұсынысты мақұлдағанмен, жиналыс шақыруды кейінге қалдырды [6: 47]. Дегенмен, 1905–1907 жылдары бірінші орыс революциясы патшалық биліктің дін саясатын қайта қарауға себеп болды. Революцияның алғашқы жылында дін істеріне қатысты 15 заң мен жарлықтар қабылданды [3: 11]. 1905 жылы 17 сәуірде «Діни шыдамдылық негіздерінің нығаюы туралы» жарлығының қабылдануы қоғам өмірінде маңызды оқиға болды. Жарлықта «православие дінінен шығып, басқа христиандық дінді не діни ілімді қабылдағандар қуғынға ұшырамайды, кәмелетке толғандар өздері таңдаған дінді тұтуға ерікті деп танылсын» деп бекітілді [6: 50]. Яғни, дінді қуғындау тоқтатылып [3: 11], ескі дәстүрді ұстанушылар мен діни секта мүшелері шіркеу, мектеп, арнайы зираттар салу құқығын иеленсе, католиктер мен мұсылмандарға діни ғимараттарды салу мен жөндеуден өткізуге жеңілдік жасалды; құдайға құлшылық етуге және діни мектептерде туған тілде оқытуға рұқсат берілді. Православиеден басқа дінге өтуге мүмкіндік туды. Нәтижесінде 1905–1907 жылдары 170 мыңнан аса адам католик дініне өтсе, 36 мың — ислам, 10 мыңға жуық адам протестанттыққа, т.б. ауысты [6: 50]. Бірақ, қылмыстық статистикаға сәйкес, жарлықтан кейін діни тұрғыдан «теріс» ойлайтындарды қудалау тоқтатылған жоқ [3: 12].

II Николай патша алғашында берген уәдеде тұрмай, шіркеу дінбасыларының жиналысын шақырып, патриарх сайлауға рұқсат бермей, шіркеудің мемлекетке тәуелділігін сақтап қалды [5: 17]. Ол және жақтастары қоғамда қалыптасқан жағдайда православиелік шіркеуге дербестік беру дін және зайырлы билік арасындағы қайшылыққа алып келуі мүмкін деп санады. Ал, шіркеу дінбасыларының жиналысы «бүліншілікті шықпырту», ресейлік қоғамда алауыздық тудырып, саяси күн тәртібіне дінтұту еркіндігі туралы мәселенің көтерілуіне апарып соғатын еді [6: 51]. Патшалық биліктің дағдарысы епархия өкілдері мен епископаттың шіркеу және мемлекет арасындағы қатынастардың өзгеруіне деген үміттерін жандандырды.

М.М. Пришвин өз күнделігінде 1917 жылы 13 наурызда кездестірген орыс қариясымен болған әңгімесі барысында республика не монархия екеуінің қайсысын тандар едіңіз деген сұраққа қарияның республиканы таңдағанын жазады. «Маңдайы майланған патша (құдайдың нұры түскен — *автор*) ше?» деген сұраққа қария «Жазбаға сәйкес (Қасиетті жазбаға — *автор*) маңдайы майланған патшалар Михаилден басталып, Михаилмен аяқталады. Михаил соңғы, басқасы жоқ. Енді басқа уақыт келді, адам адамға жақындай түсуі тиіс, мүмкін Құдайды да танитын болар, әйтпесе оны да ұмытты ғой...» [14: 13] деген қарияның жауабы сол кездегі қоғамда орын алған діни хал-ахуалды көрсететінін атап өтеді.

Қорытынды

I Петрдің билік басына келгенге дейін мемлекет пен православие шіркеуі арасындағы өзара қатынас Ресей мемлекетінің саяси жүйесінің басты құрамдас бөлігі болып саналды. Қоғамда мемлекет пен дін арасындағы қатынастың византиялық үлгісі қалыптасты. Князьдік, патшалық билік дәстүрлі құқықтың сақталуымен шектеліп қана қоймай, шіркеудің жоғарғы билігі патшаға тәуелді болмады. I Петр реформалары нәтижесінде мемлекет пен шіркеу қатынастары византиялық симфония үлгісінен мемлекеттік шіркеу жүйесіне ауысты. Империя заңдарына сәйкес, шіркеудің қоғамдағы «үстем» дін ретіндегі мәртебесі патша және оның қол астындағы халықтың діні болуымен анықталды. Заңдық және құқықтық тұрғыдан шіркеу мемлекетке бағынды. I Петр кезеңінен XX ғасырдың басына дейінгі уақыт аралығы шіркеу тарихында синодтық кезеңнің орнауымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сатершинов Б. Мемлекет пен дін арақатынасының өзекті мәселелері [Электрондық ресурс] / Б. Сатершинов // Адам әлемі. — 2012. — № 1 (51). — Б. 87–93. — Қол жеткізу режимі: <https://ehistory.kz/media/upload/54/2013/08/31/c5ca78192ea2995c8f770d42df843f3a.pdf>.
- 2 Кашеваров А.Н. Православная российская церковь и советское государство. 1917–1922 / А.Н. Кашеваров. — М.: «Крутицкое Патриаршее Подворье», 2005. — 440 с.
- 3 Бабинов Ю.А. Государственно-церковные отношения в СССР: история и современность / Ю.А. Бабинов. — Симферополь: Таврия, 1991. — 123 с.
- 4 Попова О.В. Взаимоотношения церкви и государства в СССР: традиции и опыт / О.В. Попова // Метаморфозы истории. — № 2. — 2002. — С. 219–245.
- 5 Поспеловский Д. Русская православная церковь в XX веке / Д. Поспеловский. — М., 1995. — 511 с.
- 6 Шкаровский М.В. Русская православная церковь в XX веке / М.В. Шкаровский. — М.: Вече; Лепта, 2010. — 480 с.
- 7 Фирсов С.Л. Церковь в Империи. Очерки из церковной истории эпохи Императора Николая II / С.Л. Фирсов. — СПб.: Сатисъ, 2007. — 460 с.
- 8 Пайпс Р. Россия при старом режиме [Электронный ресурс] / Р. Пайпс. — Режим доступа: <https://www.e-reading.life/chapter.php/43363/13/richard-payps-rossiya-pri-starom-rezhime.html>.
- 9 Полное собрание законов Российской империи с 1649 г. — Т. VI. — СПб.: Типогр. Второго отделения Собственной его императорского величества канцелярии, 1830. — 815 с.
- 10 Сталин И.В. Первые итоги заготовительной кампании и дальнейшие задачи партии: Ко всем организациям ВКП (б): Сочинения : [В 18-и т.]. — Т.11 / И.В. Сталин. — М.: ОГИЗ; Гос. изд-во полит. лит-ры, 1949. — 420 с.
- 11 Dilip H. Between Man and Muhammad: The Changing Face of Central Asia / H. Dilip. — London: Harper Collins, 1994. — 402 p. Ma
- 12 Фурман Д. На пути к свободе совести / Д. Фурман, О. Марк. — М.: Прогресс, 1989. — 496 с.
- 13 Флоровский Г.В. Пути русского богословия / Г.В. Флоровский. — Вильнюс: ВПЕУ, 1991. — 602 с.
- 14 Главацкий М.Е. Хрестоматия по истории России. 1917–1940. — 2-е изд., перераб. и доп. / М.Е. Главацкий. — М.: Аспект Пресс, 1995. — 448 с.

А.М. Садыкова, З.А. Сабданбекова, А.С. Аманова

Из истории взаимоотношений государства и церкви в Российской империи

В статье рассмотрены аспекты взаимоотношения государства и церкви в России в эпоху имперского правления. Всестороннее и глубокое изучение данной проблемы имеет большое теоретическое значение для общества, которое сегодня признает себя светским. В условиях развития светского государства регулирование отношений между государством и религией, выбор необходимой модели государственно-конфессиональных отношений могут служить залогом стабильности или, наоборот,

дестабилизации общества. В связи с этим, особую актуальность приобретает вопрос теоретического обобщения исторического опыта. Изучение и анализ материалов показывают, что в период правления Петра I меняется характер взаимоотношений между государством и церковью. Церковь, сохранявшая признаки автономии, в результате преобразований, лишается полной самостоятельности. Последующие два столетия после петровских реформ известны в истории русской церкви как синодальный период.

Ключевые слова: государственно-конфессиональные отношения, религия, православие, церковь, светское общество, Российская империя, симфония государства и церкви, синод, реформы Петра I.

A.M. Sadykova, Z.A. Sabdanbekova, A.S. Amanova

From the History of State-Church Relations in Imperial Russia

The article studies aspects of the relationship between State and Church in Russia during the era of imperial rule. A comprehensive and in-depth study of this problem has theoretical importance for a society that today recognizes itself as secular. In the course of the development of a secular state, the regulation of relations between state and religion, the choosing of the necessary model of state-confessional relations can serve as a guarantee of stability or, conversely, destabilization of society. In this regard, the issue of theoretical generalization of historical experience is particularly relevant. The study and analysis of the materials show that during the reign of Peter I, the nature of the relations between State and Church was changed. The Church, which has retained the signs of autonomy, as a result of the transformations, was deprived of full independence. The next two centuries after Peter's reforms are known in the history of the Russian Church as the Synodal period.

Keywords: state-confessional relations, religion, orthodoxy, church, secular society, Russian Empire, symphony of church and state, synod, reform of Peter I.

References

- 1 Satershinov, B. (2012). Memлекet pen din araqatynasynyn ozekti maseleleri [Actual problems of the relationship between the state and religion]. *Adam alemi — Man's world*, 1(51), 87–93. Retrieved from <https://e-history.kz/media/upload/54/2013/08/31/c5ca78192ea2995c8f770d42df843f3a.pdf> [in Kazakh].
- 2 Kashevarov, A.N. (2005). *Pravoslavnaiia rossiiskaia tserkov i sovetskoe gosudarstvo. 1917–1922 [The Orthodox Russian Church and the Soviet State (1917–1922)]*. Moscow: Krutitskoe Patriarshee Podvorie [in Russian].
- 3 Babinov, Yu.A. (1991). *Gosudarstvenno-tserkovnye otnosheniia v SSSR: istoriia i sovremennost [State-Church Relations in the USSR: History and Modernity]*. Simferopol: Tavriia [in Russian].
- 4 Popova, O.V. (2002). Vzaimootnosheniia tserkvi i gosudarstva v SSSR: traditsii i opyt [Church-State Relations in the USSR: Traditions and Experience]. *Metamorfozy istorii — Metamorphoses of history*, 2, 219–245 [in Russian].
- 5 Pospelovskii, D. (1995). *Russkaia pravoslavnaia tserkov v XX veke [The Russian Orthodox Church in the XXth century]*. Moscow: Respublika [in Russian].
- 6 Shkarovskii, M.V. (2010). *Russkaia pravoslavnaia tserkov v XX veke [The Russian Orthodox Church in the XXth century]*. Moscow: Veche; Lepta [in Russian].
- 7 Firsov, S.L. (2007). *Tserkov v Imperii. Ocherki iz tserkovnoi istorii epokhi Imperatora Nikolaia II [The Church in the Empire. Essays from the Church History of the era of Emperor Nicholas II]*. Saint Petersburg: Satisie [in Russian].
- 8 Paips, R. (2012). Rossiia pri starom rezhime [Russia under the old regime]. I. Zakharov (Ed.). Moscow. Retrieved from <https://www.e-reading.life/chapter.php/43363/13/richard-payps-rossiya-pri-starom-rezhime.html> [in Russian].
- 9 Polnoe sobranie zakonov Rossiiskoi imperii s 1649 g. (1830). [The Complete Collection of Laws of the Russian Empire since 1649], 6. Saint Petersburg: Tipografiia Vtorogo otdeleniia Sobstvennoi ego imperatorskogo velichestva kantseliarii [in Russian].
- 10 Stalin, I.V. (1949). *Pervye itogi zagotovitelnoi kampanii i dalneishie zadachi partii: Ko vsem organizatsiiam VKP (b): Sochineniia [The first results of the procurement campaign and further tasks of the party: To all organizations of the CPSU(b): Essays]*, 11. Moscow: OGIZ; Gosudarstvennoe izdatelstvo politicheskoi literatury [in Russian].
- 11 Dilip, H. (1994). *Between Man and Muhammad: The Changing Face of Central Asia*. London: Harper Collins.
- 12 Furman, D., & Mark, O. (1989). *Na puti k svobode sovesti [On the way to freedom of conscience]*. Moscow: Progress [in Russian].
- 13 Florovskii, G.V. (1991). *Puti russkogo bogosloviia [The Ways of Russian Theology]*. Vilnius: VPEU [in Russian].
- 14 Glavatskii, M.E. (1995). *Khrestomatiia po istorii Rossii. 1917–1940 [A textbook on the history of Russia 1917–1940]*. Moscow: Aspekt Press [in Russian].

З.Г. Сактаганова*

*Центр этнокультурных и историко-антропологических исследований,
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан
(E-mail: zauresh63@mail.ru)*

Лагеря ГУЛага в Казахстане: об этапах истории создания и функционирования

Цель данной статьи — постановка проблемы об этапах истории лагерей ГУЛага в Казахской ССР. Проведено сопоставление имеющихся версий российских и казахстанских исследователей по вариантам этапов лагерной системы в СССР и КазССР. Автором предложен собственный вариант периодизации в истории казахстанских лагерей (4 периода), отмечены наиболее характерные признаки каждого этапа. Объектом анализа стали данные о казахстанских лагерях из опубликованных и неопубликованных источников. На основе использованных материалов изложены данные по количеству и дислокации лагерей системы ГУЛага в Казахской ССР. Кратко приведены факты создания и функционирования 22 находившихся в КазССР лагерей и самостоятельных лагерных отделений ГУЛага. Кроме того, представлена таблица, где в алфавитном порядке систематизированы казахстанские лагеря ГУЛага в период 1930–1959 гг. Даны краткая характеристика исправительно-трудовых лагерей и сведения о местонахождении архивов ликвидированных лагерей и строителей ОГПУ–НКВД–МВД СССР в указанные выше годы.

Ключевые слова: история Казахстана, пенитенциарная система, лагерная система, ГУЛаг, исправительно-трудовые лагеря в Казахской ССР, лагеря, лагерные отделения, лагерные пункты.

Введение

Главное управление лагерей, с хорошо известной всему миру аббревиатурой ГУЛаг, было создано в 1930 г. и, спустя 10 лет, стало одним из подразделений огромной лагерно-тюремной системы СССР. Однако карательно-репрессивная система лагерей сформировалась гораздо раньше, почти с первых лет возникновения советского государства. Система лагерей будущего ГУЛага будет заложена в 1919 г. Постановлением ВЦИК № 235 «О лагерях принудительных работ», по которому создаваемая система передается во ведение НКВД. В целом, места заключения были рассредоточены за период их существования с 1918 по 1960 гг. по трем ведомствам: ВЧК, ОГПУ–НКВД–МВД и НКЮ.

Первые концентрационные лагеря в РСФСР были созданы в 1918 г. Именно тогда выходит ряд приказов о создании концентрационных лагерей, в частности, Приказ наркома по военным делам Л.Д. Троцкого от 8 августа 1918 г.; Приказ ВЧК от 2 сентября 1918 г. «О красном терроре». В Приказе ВЧК при СНК РСФСР «О красном терроре» за подписью председателя ВЧК Ф. Дзержинского в пункте 2 обозначено: «Арестовать, как заложников, крупных представителей буржуазии, помещиков, фабрикантов, торговцев, контрреволюционных попов, всех враждебных советской власти офицеров и заключить всю эту публику в концентрационные лагеря, установив самый надежный караул, заставляя этих господ под конвоем работать. При всякой попытке сорганизоваться, поднять восстание, напасть на караул — немедленно расстреливать» [1].

В советской России было пять типов лагерей принудительных работ: лагеря особого назначения, концентрационные лагеря общего типа, производственные лагеря, лагеря для военнопленных, лагеря-распределители. Однако в документах НКВД термины «лагерь принудительных работ» и «концентрационный лагерь» использовали часто как синонимы; встречается и название «концентрационные трудовые лагеря», это разделение на типы, считают российские историки, во многом было формальным [2; 12]

Уже в 1930-х гг. в СССР советские лагеря назывались исправительно-трудовыми (ИТЛ), наименование ИТЛ было озвучено 27 июня 1929 г. на заседании Политбюро ЦК ВКП (б). 11 июля 1929 г. Постановлением Совета Народных Комиссаров СССР «Об использовании труда уголовно-

* Автор-корреспондент. E-mail: zauresh63@mail.ru

заклѹченнѹх» создавались две параллельные структуры мест лишения свободы: в ведении ОГПУ СССР и республиканских НКВД. Основу первой структуры составляли исправительно-трудоѹе лагерь для осужденнѹх к лишению свободы на срок свыше 3 лет, а вторая структура включала места лишения свободы для лиц, осужденнѹх на срок до 3 лет, для содержания которых следовало организовать сельскохозяйственные и промышленные колонии (исправительно-трудоѹе колонии (ИТК)) [3; 4, 5].

В СССР действовало 2 типа учреждений: исправительно-трудоѹе лагерь и исправительно-трудоѹе колонии. Между ними была значительная разница: а) по срокам содержания; б) по степени ужесточения режима; в) по статейно-уголовному признаку; г) по производственной деятельности. В лагерях находились осужденнѹе на сроки от 3-х до 25-ти лет, режим определялся наиболее жесткий. Контингент представлен осужденнѹми по ст. 58 — за контрреволюционную, антисоветскую деятельность — наиболее «тяжеловесной» из всего Уголовного кодекса РСФСР; производственная деятельность планировалась на самых тяжелых работах, где ни вольнонаемные, ни колонисты использоваться не могли. Главными функциями ИТЛ определялись: исправительная и трудовая: «исправлять трудом» — цель и одновременно задача, которые были поставлены советским законодательством перед лагерной системой. Изнурительным сверхтяжелым трудом, во-первых, наказывали, во-вторых, заклѹченнѹх заставляли в короткие сроки выполнять масштабнейшие государственные задачи [3; 4, 5].

Если вести речь о лагерях ГУЛага СССР, то следует заметить, как отмечено исследователями, до сих пор неизвестно, «сколько же было лагерей в Союзе, где они находились, как они возникали и умирали, чем занимались и сколько заклѹченнѹх содержалось в каждом из них» [2; 6]. Общеизвестно, что «даже базовый термин «лагерь» до сих пор употребляется крайне расплывчато, соответствуя различным описаниям объекта самого разного уровня — от отдельного лагерного пункта до региональной лагерной агломерации» [2; 6]. В 1990-х гг. публиковались работы с картографированием лагерей ГУЛага, однако, по утверждению российских авторов, такое смешение разноуровневых объектов особенно тяжело отражалось на попытках картографирования лагерей [2; 6].

Материалы и методы исследования

В статье были использованы как общенаучные, так и специальные исторические методы. Одним из основных стали аналитические. Проблемно-хронологический метод лег в основу структуризации всей статьи. Метод сравнительного, компаративного анализа позволил сопоставлять этапы истории лагерей ГУЛага в СССР, выделить периоды истории создания и функционирования лагерей в казахстанском регионе. Методы обобщения и аналогии позволили выявить специфические черты данных этапов в КазССР. Сравнительно-исторический метод помог разграничению общего и частного, количественных и качественных изменений лагерной системы, как в хронологическом контексте — в разные годы, так и в территориальном — в целом, по Казахстану. Историкотипологический метод способствовал систематизации, позволил классифицировать казахстанские ИТЛ для исследования. Именно эти (как основные) и ряд других методов способствовали написанию статьи по изучаемой проблеме.

В 1998 г. Обществом «Мемориал» и Государственным архивом РФ был опубликован Справочник с систематизированными материалами по исправительно-трудоѹе лагерям СССР, 1923–1960 гг. В него включена информация по 476 исправительно-трудоѹе и особым лагерям, существовавшим в разные годы на территории страны. Причем составители отмечают, что за границами исследования остались многие другие формы принудительной концентрации и принудительного трудового использования населения, не исключены в данном труде пробелы и лакуны в составленной системе лагерей [2; 6, 7]. Этот справочник уникален впервые представленной систематизацией архивных материалов, в него вошли, как указывают авторы-составители, более 500 монографических статей обо всех лагерях сталинского периода. В данной статье отобраны и подвергнуты анализу сведения из Справочника по системе исправительно-трудоѹе лагерей в Казахской ССР, основу которого составили рассекреченные архивные материалы силовых структур. Следует отметить, что в казахстанской историографии отсутствуют справочники подобного рода.

Также источниковую основу публикации составили архивные материалы из Государственного архива Российской Федерации: Фонд Р-9414 — Главное управление мест заклѹчения (ГУМЗ) Министерства внутренних дел СССР (1930–1960 гг.). В этом фонде содержится огромный объем дело-

производственных, статистических и других источников материалов по лагерям ГУЛага, в том числе дислоцировавшихся на территории Казахской ССР. Автором настоящей статьи, будучи в составе 8-й рабочей группы «По выработке рекомендаций нереабилитированных казахстанцев — жертв и пострадавших, находившихся в 26 лагерях ГУЛага НКВД, а также членов их семей», была осуществлена командировка в г. Москву для работы в Государственном архиве Российской Федерации и начат сбор материалов по проблеме, в частности, по лагерям, которые еще не стали специальным объектом исследования историков.

Обсуждение проблемы и результаты исследования

Российские авторы в истории системы мест заключения в советской стране выделяют 5 периодов: 1918–1922 гг.; 1923–1929 гг.; 1930–1940 гг.; 1941–1953 гг.; 1953–1960 гг. Причем они для каждого периода выделяют определенные тенденции развития системы лагерей и отмечают особенности каждого периода. 1918–1922 гг. — период «организационной неразберихи и острой межведомственной борьбы за руководство местами заключения». 1923–1929 гг. — «период «республиканских ГУМЗов», поскольку именно они ведали почти всеми местами заключения в СССР». 1930–1940 гг. — «период ГУЛага и организация первой серии ИТ лагерей», «время становления и экспансии лагерной системы, когда крупные лагеря становятся основным элементом в общей организационной структуре мест заключения». 1941–1953 гг. — «период лагерно-производственного комплекса», когда произошло, по мнению авторов, полное слияние лагерных и производственных структур по всей вертикали (в нем выделяется 3 подпериода: 1941–1946 гг. — «военный период»; конец 1946–1948 гг. — «восстановительный»; 1949–март 1953 гг. — «период наибольшей экспансии»). И последний период — 1953–1960 гг. — «переходный период, когда лагерно-производственный комплекс деградирует, происходит частичный возврат к старым организационным формам, идет поиск нового места и новой роли системы мест заключения в государственной системе» [2; 61, 62].

Исходя их предложенного варианта периодизации, понятно, что до 1930 г. два периода — это предыстория ГУЛага, когда шел процесс становления советской системы мест заключения. 25 апреля 1930 г. для руководства лагерной системой во исполнение Постановления СНК СССР от 7 апреля 1930 г. было организовано Управление лагерей ОГПУ (УЛАГ ОГПУ), менее чем через год получившее статус Главного управления (ГУЛАГ ОГПУ) [2; 27]. ГУЛаг, как система, существовало с 1930 по 1960 гг., причем пик его развития, максимальной «экспансии», выпал на последние годы жизни И.В. Сталина — 1949–март 1953 гг., период, когда в стране началась новая волна репрессий. После смерти И.В. Сталина система ГУЛага начинает деградировать.

В казахстанской историографии по этапам истории лагерной системы в КССР представлена версия исследователя С.Д. Дильманова. В своей монографии, в зависимости от состояния внутренней организации и производственно-хозяйственной деятельности лагерей, времени их существования в Казахстане, автор выделяет следующие четыре периода: 1930–1932 гг.; 1933–июнь 1941 г.; июнь 1941–1945; 1946–1956 гг. [3; 5, 6]. Первый период, по его мнению, 1930–1932 гг. — период организационного становления лагерной системы в Казахстане. Второй (1933–июнь 1941 г.), когда на территории КазССР были исправительно-трудовые лагеря: Карагандинский и Прорвинский. Третий период развития лагерей в КазССР — 1941–1945 гг., период Великой Отечественной войны; в эти годы, по мнению исследователя, на территории республики дислоцировались: Кемпирсайский ИТЛ, Гурьевский ИТЛ (Гурлаг), Каспийский ИТЛ (Каспийлаг) НКВД СССР и перечисляет еще несколько лагерей для военнопленных (которые к системе ИТЛ ГУЛага не относились, они были в ведении ГУПВИ, причем названы не все лагеря военнопленных в республике). Четвертый (1946–1956 гг.) — период послевоенной деятельности лагерей, изменений в лагерной системе после смерти И. Сталина, свертывание лагерей и образование на территории республики исправительно-трудовых колоний [3; 5, 6].

При характеристике лагерей в КазССР исследователем С.Д. Дильмановым допущен ряд неточностей. Характеризуя второй период (1933–июнь 1941 г.), автор указывает, что в данный период в республике существовали Карагандинский и Прорвинский лагеря. Однако уже в 1940 г. были созданы Джезказганский и Актюбинский ИТЛ. Среди лагерей третьего периода автор называет Каспийский ИТЛ (Каспийлаг) и дает ссылку на справочное издание 1998 г. Однако в данной ссылке, во-первых, неверно указано название данного справочника (вместо «Система исправительно-трудовых лагерей в СССР, 1923–1960. — М., 1998: Справочник» дано «Сборник исправительно-

трудовых лагерей в СССР. 1923–1960: Справочник». – М., 1998). Во-вторых, на указанной в ссылке странице 289 нет никаких сведений о данном лагере. И, в-третьих, согласно материалам данного Справочника, Каспийский ИТЛ (Каспийлаг) не дислоцировался на территории Казахстана. В январе 1943 г. было запланировано создание в КазССР Гурлага для строительства нефтепровода Гурьев–Куйбышев на участке Гурьев–Уральск, но в связи с изменениями планов стройки, лагерь фактически так и не был создан. В марте 1943 г. вместо этого лагеря был образован Каспийский лагерь (Каспийлаг) с местом дислокации первоначально в Астрахани, позже в Баку, для строительства трубопровода на участке Махачкала–Астрахань–Саратов, следовательно, вряд ли следует его относить к казахстанским лагерям.

В указанной работе С.Д. Дильманова не дано общего количества лагерей ГУЛАГа в Казахской ССР, но автор приводит данные о том, что на территории Казахстана с 1930 г. по 1960 г. были дислоцированы более 60 лагерей и колоний, а также лагерных подразделений ОГПУ–НКВД–МВД СССР. Исследователь в этой работе приводит краткий обзор 14 лагерей ГУЛАга в республике [3; 166]. В другой монографии, изданной в 2019 г., С.Д. Дильманов указывает, что «на территории Казахстана в 30–50-е гг. XX века были дислоцированы 28 исправительно-трудовых лагеря, лагерные отделения подразделения ОГПУ–НКВД–МВД СССР, из них 14 исправительно-трудовых лагеря, 1 лагерное отделение (самостоятельное) и 13 лагерных пунктов с общей численностью более 200 тыс. человек» [6; 110]. В приложении № 5 «Исправительно-трудовые лагеря, лагерные отделения и пункты ОГПУ–НКВД–МВД СССР, дислоцированные на территории Казахстана в 30–50-е XX века» автор приводит список из 28 наименований, из которого выпали ряд казахстанских ИТЛ и других лагерных подразделений [4; 583, 584].

Вопрос о количестве лагерей ГУЛАга в Казахстане, в целом, до сих пор остается открытым. В публикациях разных лет указывается различное количество лагерей, дислоцировавшихся в КазССР. Например, академик М.К. Козыбаев в одной из своих работ обозначает следующие данные: «на территории Казахстана находились 27 лагерей ГУЛАга, 70 лагерей, принадлежавших Главному управлению исправительно-трудовых лагерей НКВД республики» [5; 31]. В работе доктора исторических наук, профессора Д.А. Шаймуханова названа цифра — 25 исправительно-трудовых лагеря в Казахстане [6; 166]. Однако ни в одном из перечисленных выше трудов не даны ссылки на указанные цифры. Мы, к сожалению, не имеем представления, из каких же архивных источниках или иных аналитических сводных материалов силовых структур приведены эти данные по лагерям КазССР. Кроме того, в этих работах нет списка казахстанских лагерей, мы не можем сопоставить эти цифровые данные между собой и имеющимися материалами в других публикациях.

На союзной карте ГУЛАга, которая приведена в монографии карагандинских ученых о Карлаге (на форзаце), отмечены 24 лагеря, лагерных отделения и лагерных пунктов в Казахстане [7]. Обозначены 3 особые лагеря — Дальлаг, Степлаг, Песчанлаг (не отмечен особлагерь Луговой); 7 крупных лагерных отделений и лагерей с численностью заключенных до нескольких десятков тысяч и 14 лапунктов с численностью заключенных от 2 до 5 тысяч). Предлагаемая карта ГУЛАга СССР содержит ряд ошибок и неточностей, в ней не разграничены территории республик (РСФСР, КазССР, УзССР и др.). Есть еще ряд ошибок в публикациях по лагерям ГУЛАга в КазССР. Часто в казахстанских публикациях указывается цифра — 26 отделений Карлага, что тоже не точно, так как в отдельные годы количество отделений Карагандинского ИТЛ было разным (1941 г. — 22 отделения, 1951 г. — 24, 1955 г. — 28 отделений) [7; 252].

В казахстанских исследованиях системных данных о лагерях ГУЛАга, дислоцировавшихся в республике, карт и таблиц по всем лагерям, обобщающих справочных пособий, к сожалению, нет до сих пор. Авторы десятков опубликованных монографий, диссертационных работ, научных статей объектом изучения выбирали либо историю отдельных лагерей, либо небольшой части казахстанского островка архипелага ГУЛаг. Таким образом, можно сделать вывод, что в казахстанских сведениях, как и в союзных данных, к сожалению, до сих пор имеются разночтения, пробелы и лакуны в материалах по вопросу о количестве лагерей (в том числе, и по их подчинению), местах их дислокаций и т.д., что, безусловно, требует новых системных, глубоких, многолетних и кропотливых исследований.

По данным Российского справочника по ГУЛАгу, в период с 1930 по 1956 гг. в Казахстане находились 22 ИТЛ ОГПУ–НКВД–МВД СССР. Причем 1 из них — Прорвинский ИТЛ (Прорвлаг)

за годы своего существования (1932–1940 гг.) дважды передавался из казахстанского в российские силовые ведомства, а Астраханский ИТЛ лишь во время эвакуации в 1942–1943 гг. находился в Казахской ССР (Гурьевская область, г. Гурьев) [2; 286, 16, 17]. Не исключено, что в ходе дальнейших исследований при изучении ведомственных и спецархивов, документы которых только начинают рассекречиваться, данные по количеству лагерей будут уточняться и дополняться.

Respondents were named a large number of universities of Nur-Sultan, thus the special status and a role of Nazarbayev University, high intellectual potential of the capital is underlined. Participants consider that “there are majority of students who are educated in the state educational grant in the higher education institutions Nur-Sultan”, “university graduates of Nur-Sultan are more competitive, than graduates of provincial higher education institutions” and they “have more chances to find good work in the capital”, “the educational environment at universities of Nur-Sultan is interactive”. According to most of respondents, students and youth of Nur-Sultan more often go to theaters, the museums, to concerts, sporting events, are more sociable, their life is eventful cultural and public life, they are active and advanced in the social plan.

It is referred to mobility, cross-cultural communications, and education to the powerful factors influencing social activity of young people in Nur-Sultan participants of group, technologies, and innovations in all spheres of public life.

Focus group participants was offered to discuss the phenomena of integration, migration, a segregation, assimilation, which cause a state and development of the welfare environment of Nur-Sultan. Thus, for most of participants these phenomena either are unknown, or are understood by them superficially. Only two of participants of focus group could explain essence of these concepts, pointed to their dual nature as factors of development of the personality in city space.

Respondents touched on issues of marginalization, unemployment, participation of youth in nonconventional religious associations, considering them negative factors of psychological influence. Young people become more susceptible to unknown, forbidden through active promotion, the developed social network of communication. The following theses were noted: “capital life can corrupt the young man”, “the weak mentality, psychological instability and emotionality become the basis for search of new feelings”, “lack of social control in the big city dulls perception”, “the wrong impression about permissiveness among unfamiliar people”, “the megalopolis — an excellent place for a freedom of action and thoughts is made”. Repeatedly respondents marked out that many students arrived to Nur-Sultan from the different cities and the villages of Kazakhstan, began independent life, felt freedom, lack of parental guardianship that is not always positively reflected in development of the personality.

It should be noted, what not all respondents clearly represent psychological impact of city life on youth. The researcher of an urban environment G. Zimmel in the work “Big Cities and Spiritual Life” carries the intensification of “nervous stimulus” understood by it as psychological impact on the person to number of unique achievements of the city of Zimmel. In his opinion, the city bombards the individual various signs, sounds and smells, and all this accustoms the individual to a bigger susceptibility and, along with it, to obstruction of perception [16].

One of participants of group admitted that up to this point he could not formulate why he does not live in Nur-Sultan. At the end of discussion of the matter the true reason, a barrier to undertakings in the capital, he called fear of negative influence of space of the big city.

All participants of the discussed question of a subject recognized need of studying for higher education institution of psychological and culturological aspects of influence of space of the city on consciousness of the person, his mentality and spirituality.

The considerable events influencing cultural development of the capital, respondents called Nur-Sultan economic forum, EXPO–2017. Upon termination of discussion of the second block of questions respondents formulated a socio-cultural phenomenon — Nur-Sultan in the following statements: “a symbol of independence of the state”, “a basis for providing a sustainable development of the Republic of Kazakhstan”, “a heart of Eurasia”, “the city with competitive economy, attractive to citizens of the country and tourists, businessmen”.

Conclusions

As a result of the application of focus group method by authors of the article, following conclusions were drawn.

The city is considered today as the political, administrative, economic center in which there are global social and cultural changes. The city space unites various communities of people and various subcultures. As the culture embodiment, the carrier of a set of functions, habitat, a place of concentration of socio-cultural transformations, the city is an object of impact on public consciousness. These characteristics take place to be in study and definition of a socio-cultural phenomenon — Nur-Sultan. From a capital position, Nur-Sultan symbolizes independence of the state, its prosperity, Kazakhstan citizens connect with the future of the country.

The city space of Nur-Sultan is a source of social activity for youth. The youth connects prospects of professional and personal formation with Nur-Sultan. Young people consider that the capital has sufficient intellectual potential for creative growth and the human resources capable of providing intensive development in production and spiritual spheres.

Cross-cultural communications, poly-confessional, dynamism of the international relations and consent became intrinsic lines of the capital of Kazakhstan. They give stable and steady nature of human activity, positively influence cultural and civilization process.

Focus of group is an important result of work updating of a number of problems: Housing, psychological, transport communications, organization of the architectural and art environment of the city, town planning, political and cultural identity of Kazakhstan citizens.

The modern youth has sufficient knowledge of history of the capital, has idea of modernization of infrastructure of the city, and represents a role of significant commercial, cultural and leisure and housing objects of Nur-Sultan, understanding of a cultural phenomenon of Nur-Sultan.

Focus of group is result of discussion of participants' recognition of the fact of coincidence of processes of formation of new statehood, the new capital and growth of national consciousness.

References

- 1 Lees, Linda. Culture Counts: A "New Math" for the Future of Innovative Cities / Linda Lees. — Vital Speeches of the Day, 2012. — 78 (12).
- 2 Мастеница Е.Н. Культурное пространство города как предмет исследования и объект познания: междисциплинарный подход / Е.Н. Мастеница. — Петербургские исследования: сб. науч. ст. — Вып. 3. — СПб.: Изд-во СПбГУ, 2011. — С. 128–147.
- 3 Richard Florida. Cities and Creative Class / Florida Richard. — New York: Oxon: Routledge, 2005. — 198p.
- 4 Short, John R. Urban theory a critical assessment. / Short, John R. — Basingstoke [England]; New York: Palgrave Macmillan, 2006.
- 5 Бодриар Ж. Ненависть и город. [Электронный ресурс] / Ж. Бодриар. — М.: Наука, 2006. — Режим доступа: <http://www.ruthenia.ru>.
- 6 Park R.E. The city / R.E. Park. — London: The University of Chicago Press, 1925, 1967. — 239 p.
- 7 Глазычев В.Л. Город как социокультурное явление исторического процесса / В.Л. Глазычев. — М.: Наука, 1995. — 351 с.
- 8 Кензо Танге. 1949–1969. Архитектура и градостроительство / Танге Кензо; под ред. Удо Культермана; пер. с нем. — М.: Стройиздат, 1978. — 252 с.
- 9 Медеуова К. Отражение города / Ландшафты: оптики городских исследований: сб. науч. тр. / отв. ред. Н. Милерюс, Б. Коуп. — Вильнюс: ЕГУ, 2008. — С. 170–194.
- 10 Забирова А. Астана: традиционный город или катализатор перемен? [Электронный ресурс] / А. Забирова. — Алматы: Казахстан, 2013. — Режим доступа: <http://repository.enu.kz/handle/123456789/7923>.
- 11 Сыргакбаева А.С. Философия города / А.С. Сыргакбаева. — Алматы: Эрекет-Print, 2007. — 243 с.
- 12 Назарбаев Н.А. В сердце Евразии / Н.А. Назарбаев. — Алматы: Атамұра, 2005. — С. 93.
- 13 Гревс И.М. Монументальный город и исторические экскурсии / И.М. Гревс // Основная идея образовательных путешествий по крупным центрам культуры // Экскурсионное дело. — 1921. — № 1. — С. 1, 2.
- 14 Анциферов Н.П. Пути изучения города как социального организма / Н.П. Анциферов // Опыт комплексного подхода. — 2-е изд. — Л.: Книгоиздательство «Сеятель», 1926. — 130 с.
- 15 Каган М.С. Культура города и пути её изучения: сб. науч. тр / М.С. Каган // Город и культура. — СПб., 1992.
- 16 Зиммель Г. Большие города и духовная жизнь / Г. Зиммель // Логос. — 2002. — № 34 (34). — С. 23–34.

М.М. Манасова, Г.Р. Сейфуллина, Н.Р. Салыматова, В.И. Разумов

Астананың социомәдени феноменін зерттеу

Мақаланың мазмұнында мәдени-өркениет үдерісіндегі елорданың рөлін зерттеудің маңызды аспектілері: елорданың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері, Нұр-Сұлтан қаласының кеңістігін қабылдау, мәдениетаралық коммуникация бойынша фокус-топ қатысушыларының пікірлері көрініс тапқан. Бас қала феномен ретінде гуманитарлық ғылымдардағы таным объектісіне айналып, онда отандық ғалымдар астананың қоғамдық санадағы рөлін ұғынуға, патриотизм мен азаматтық сезімдерді қалыптастыруға ерекше мән береді, елорданың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, мәдениетаралық коммуникацияларды ұйымдастырудың факторлары мен тетіктерін зерттейді. Жаңа астана елдің экономикалық өсуіне серпін беруге, халықтың біркелкі орналаспауын реттейтін, Қазақстанның полиэтникалық құрылымын бекемдеуге, космополит қалаға айналуға тиіс орталық болып табылады. Пікірталас және талқылау нәтижесінде: астананың жастардың саяси мәдениетіне және оның

әлеуметтік белсенділігіне әсері анықталды, жастарға елорданың болашағы мен мәдени маңызы туралы түсініктер берілді, мәдени процесті ұйымдастырудың ғылыми-техникалық, білім беру, саяси, көркемдік-эстетикалық салаларының өзара іс-қимылын түсіну анықталды.

Кілт сөздер: қала, астана, урбанизация, мәдениет, өркениет, мәдениетаралық коммуникация, Нұр-Сұлтан.

М.М. Манасова, Г.Р. Сейфуллина, Н.Р. Салыматова, В.И. Разумов

Исследование социокультурного феномена столицы

В содержании статьи нашли отражение мнения участников фокус-группы по важным аспектам исследования роли столицы в культурно-цивилизационном процессе: социокультурные особенности столицы, восприятие городского пространства Нур-Султана, межкультурная коммуникация. Главный город как феномен становится предметом познания в гуманитарных науках, где отечественными учеными придается особое значение осмыслению роли столицы в общественном сознании, формированию патриотизма и гражданских чувств, изучаются социокультурные особенности столицы, факторы и механизмы организации межкультурных коммуникаций. Новая столица представляет собой центр, который должен дать толчок экономическому росту страны, преодолеть неравномерное размещение населения, скрепить полиэтническую структуру Казахстана, стать городом-космополитом. В результате обсуждения и дискуссии выявлены: влияние столицы на политическую культуру молодежи и ее социальную активность, даны представления молодежи о перспективах и культурном значении столицы, отражено понимание взаимодействия научно-технической, образовательной, политической, художественно-эстетической сфер организации культурного процесса.

Ключевые слова: город, столица, урбанизация, культура, цивилизация, межкультурная коммуникация, Нур-Султан.

References

- 1 Lees, L. (2012). Culture Counts: A “New Math” for the Future of Innovative Cities. *Vital Speeches of the Day*, 78 (12).
- 2 Mastenitsa, E.N. (2011). Kulturnoe prostranstvo goroda kak predmet issledovaniia i obekt poznaniia: mezhdistsiplinarnyi podkhod [The cultural space of the city as a subject of study and object of cognition: an interdisciplinary approach]. *Peterburgskie issledovaniia: Sbornik nauchnykh statei — Petersburg studies. Collection of scientific articles*, Vol. 3. Saint Petersburg: Sankt Peterburgskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 3 Richard, F. (2005). *Cities and Creative Class*. New York; Oxon: Routledge.
- 4 Short, John R. (2006). *Urban theory of critical assessment*. New York: Palgrave Macmillan.
- 5 Bodriiar, Zh. (2006). Nenavist i gorod [Hatred and the city]. Moscow: Nauka. Retrieved from <http://www.ruthenia.ru> [in Russian].
- 6 Park, R. (1967). *The city*. London: The University of Chicago Press.
- 7 Glazychev, V.L. (1995). Gorod kak sotsiokulturnoe yavlenie istoricheskogo protsesssa [The city as a socio-cultural phenomenon of the historical process]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 8 Kenzo, T. (1978). *Arkhitektura i gradostroitelstvo* [Architecture and urban planning]. Moscow: Stroiizdat [in Russian].
- 9 Medeuova, K. (2008). *Otrazhenie goroda* [Reflection of the city]. Vilnius: EGU [in Russian].
- 10 Zabirowa, A. (2013). Nur-Sultan: traditsionnyi gorod ili katalizator peremen? [Nur-Sultan: modern city or a catalyst for change?]. Almaty: Kazakhstan. Retrieved from <http://repository.eni.kz/handle/123456789/7923> [in Russian].
- 11 Syrgakbaeva, A.S. (2007). *Filosofiiia goroda* [The philosophy of the city]. Almaty: Print [in Russian].
- 12 Nazarbaev, N.A. (2005). *V serdtse Evrazii* [In the heart of Eurasia]. Almaty: Atamura [in Russian].
- 13 Grevs, I.M. (1921). *Monumentalniyi gorod i istoricheskie ekskursii* [The monumental and historical city tour]. *Ekskursionnoe delo — Excursion case* [in Russian].
- 14 Antsiferov, N.P. (1926). *Puti izucheniia goroda kak sotsialnogo organizma* [Ways to explore the city, as a social organism]. Leningrad: Knigoizdatelstvo «Seiatel» [in Russian].
- 15 Kagan, M.S. (1992). *Kultura goroda i puti ee izucheniia* [The culture of the city and the ways of its study]. Saint Petersburg: Sankt Peterburgskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 16 Simmel, G. (2002). *Bolshie goroda i dukhovnaia zhizn* [Large cities and spiritual life]. *Logos*, 3, 4 (34) [in Russian].

Е.А. Юнисов^{1*}, А.О. Турсынбаева¹, Ш.Б. Сағатова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

²Алматы менеджмент университеті, Қазақстан

(E-mail: unisoversin@mail.ru; aigul_73kz@mail.ru; astana14_14@mail.ru)

Ағылшын мәтіндерінде «ар-ұят» ұғымының зерделенуі

Мақалада «ар» мен «ұят» ұғымдарының ағылшын және қазақ тілдеріндегі мағынасына салыстырмалы талдау жасалған. Қазақ мәдениеті үшін «ар» мен «ұят» ұғымдарының мәні барлық басқа ұғымдардан жоғары екендігі зерделеніп, бұл ұғымдардың қазақ тілінде синоним ретінде қолданылуының себептері анықталды. Ағылшын тіліндегі анықтамалық сөздіктер, Уильям Годвин, Адам Смит, Джозай Ройс, Эйнштейн, Чарльз Дарвин, Джордж Эдвард Мур және басқа да ойшылдардың ағылшын тілінде жазылған еңбектерін зерттеу негізінде ар-ождан мен ұяттың бөлек ұғымдар екендігіне дәлелдемелер қарастырылған. Егер ар-ождан адамның рухани әлеміне байланысты болса, ұят адамның сезіміне байланысты. Осыған орай, мақалада ар-ождан мен ұят ұғымдарының мағыналары ашылған. Бұл ұғымдардың адам өмірі үшін маңызы қандай, неге мәдениеттің бастауы ар мен ұяттан басталады деген сұрақтар төңірегінде ғылыми тұжырымдар негізделген. Адамдардың тіршілігі қандай болу керек деген мәселе бойынша ұлы адамдардың асыл ойларына талдау жасалған.

Кілт сөздер: ар-ождан, ұят, жауапкершілік, анықтама, рухани бостандық, адамгершілік, түсінік, құбылыс, мәтін, маңыздылық, мағына, сезім.

Kipicne

Адам өмірге пенде болып жаратылып келген соң, белгілі бір қоғамда өмір сүреді, қоғам қандай болса да, оның белгілі бір моральдық-этикалық құндылықтары болады. Моральдық-этикалық құндылықтарды дұрыс түсіну арқылы адам қоғамда өзінің алатын рөлі мен мақсатын айқындайды. Мұндай құнды ұғымдарды меңгерудің қоғамды зерттеп қана қоймай, пенденің адами өмір сүріп, келешегін жоспарлауы үшін маңызы зор. Әлемнің барлық тілінде сан алуан әдебиеттерде жазылған моральдық ұғымдар мен адами құндылықтар ұғымын адам санасының дұрыс қабылдауына жол көрсететін герменевтика саласын атауға болады. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «ұғым» дегенді «түсінік, мағлұмат, пайымдау» деп көрсетеді [1: 675]. Сондықтан герменевтикалық әдіс арқылы белгілі бір ұғымды дұрыс түсінуге, қажетті мағлұмат алуға, саналы пайымдауға қол жеткізуге болады. Мақалада моральдық-этикалық ұғымның ағылшын тіліндегі түсіндірмесін зерттеу ұсынылған. Моральдық-этикалық ұғымдарды зерделеу гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі әдістерін және олардың бағыттарын, атап айтқанда этика, философия, психология, этнология, тарих, мәдениеттану әдістерін қолдана отырып, кешенді түрде жүзеге асырылуға тиіс екенін атап өткен жөн.

«Ар, ұят, сенім, ерік, шындық, өмір, тағдыр» т.б. сияқты пайымдау, ойлау тәсілі «мәңгілік» ұғымдарының призмасы арқылы пайда болады. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей, бұл ұғымдардың әр халықта қабылдануы мен пайымдалуының өзінше ерекшеліктері болады. Сүріп отырған орта, атадан балаға келе жатқан салт-дәстүрлер қандай ұғымды болсын, адам жадына сіңіріледі. Қазіргі таңда қазақ қоғамындағы қордаланып жатқан көптеген мәселелердің негізгі себептерінің бірі мәдениет саласы дамуының ақсап жатқандығына тікелей байланысты екені белгілі. Моральдық құндылықтарды сақтау мәдениет саласының дамуының ең басты себепшісі болады. Мәдениеттің бастауы — ұят, себебі ар мен ұят жоқ жерде ешқашан мәдениет қалыптаспайды. Сол себепті «ар, ұят» ұғымының пайымдалуының басқа тілдегі көрінісін салыстыра қарастыруды мақсат етіп алдық.

Ар-ұят — жеке меншік және рухани құндылық ретінде адамдардың қарым-қатынасында және олардың қарым-қатынастарын бағалауда жиі қолданылатын түсінік [2: 413]. Қазақ тіліндегі әдебиеттер күннен күнге сараланып, дамып жатқанымен, «ар, ұят» ұғымының пайымдалуы әлі де өз биігіне көтеріле алмай отыр, оның себебі әр автор бұл ұғымдарға әрқалай түсінік береді. Бұл аталған ұғымның қолданысы өте ауқымды екендігін білдіреді. Қазақ ұғымы ар мен ұятты өте жоғары бағалаған, «өлімнен ұят күшті» деп, адам арының таза болу керектігіне аса мән берген. «Ар, ұят»

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: unisoversin@mail.ru

ұғымдарының мағынасы А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, М. Әуезов еңбектерінде кеңінен зерделеніп көрсетілген. Сонымен қатар қазіргі кездегі ғалымдардың еңбектерінде де аталмыш ұғым жан-жақты зерделенуде.

Осы мақаланың мақсаты ағылшын тілінде жазылған мәтіндердегі «ар-ұят» ұғымын талдау, қазақ мәдени дискурсында осы тұжырымдаманың ассоциативті моделін құру.

Зерттеу әдістері

Зерттеу үшін «ар-ұят» тұжырымдамасының құрылымын модельдеу, яғни ағылшын тілінде жазылған ұғымды пайымдау, ондағы ерекшелік пен ұқсастықтарды зерделеу үшін герменевтикалық әдіс пен салыстырмалы талдау әдісі таңдалды.

Абайша айтқанда, «надандықтың ұяты мен шын ұятты» ажыратып жатқан ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. «Өлімнен ұят күшті» десек те, нақты бір осы ұғымға анықтама табылған жоқ, өйткені «ұят, ар, ұждан, намыс, абырой, абиыр, мерей, құрмет» сияқты ұғымдардың барлығы бір деңгейде, бір түсінікте тұрған сияқты. «Ар, ұяты» сақталған қоғамға заңның қажеті жоқ, себебі ар жазасын ойлайтын адам қылмысқа бармайды. Өкінішке орай, қазіргі қоғамда қылмыс жасаудың көбеюі — «ар, ұят» ұғымының санада дұрыс қабылданбай жатқанының салдары. Ағылшын мәтіндеріндегі ар, ұят ұғымдарын салыстырмалы түрде герменевтикалық тәсіл арқылы зерделеу қоғамдық мәдениеттің дамуына үлес қосары анық.

Ағылшын тіліндегі түсіндірме сөздіктер, орфографиялық сөздіктер, этимологиялық сөздіктер, философиялық сөздіктер және психологиялық сөздіктер мен қоса ғұлама адамдардың айтқан уәждемелері осы зерттеудің негізгі құралы болып табылады. «Этикалық ұғым» бұл қоғамның мәдени көріністерін, оның моральдық көзқарастары мен стереотиптерін көрсететін, құндылық элементін бағалайтын жоғары дәрежесі бар семантикалық бірлік болып табылады.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Ағылшын мәдениетінің адами құндылықтары, жалпы пенденің адамгершілік ұстанымдары, адамның тәрбиелі болуы дейді. Тәрбиелі тұлға дөрекілік, ашкөздік, ластық, тез ашуланшақтықтан бойын аулақ ұстап, белсенділік, ұтқырлық, парасаттылық, романтикалық және қағылезділікпен өзін көрсете білуі керек. Қоғамда өмір сүріп жатқан адамға басқа адамдардың мазасын алмай, зиянын тигізбей күн кешуі міндет. Жеке тұлға, жеке өмір деген құндылықтар қатты сақталады, біреудің ашуына тиіп, оны ашуландырып, жеке тұлғаның көңілін түсіретін әрекеттер жасау — мәдениеттілікке жат құбылыс. Мәдениетті тұлға өзін қоршаған ортаны өтірік айтудан, алкоголь өнімдерін асыра пайдаланудан, қоғамдық тәртіпті бұзудан сақтай білетін тіршілікпен күн кешіп, өз-өзін сақтау, денсаулықтың қадірін түсіне алатын, заңды сыйлайтын және табысты адам болып қалыптасуы шарт.

Тіл ғылымын зерттеген ғалымдар ең маңызды және күрделі тұжырымдамалардың бірі «ар, ұят» ұғымы деп көрсетеді.

Бұл ұғымның күрделілігіне ерекше назар аударылуының себебі, оның христиандық мәдениетіндегі маңыздылығымен байланысты. Ағылшын тіліндегі «ар, ұят» ұғымын саралау арқылы оның ағылшын тілді мәдениеттегі ерекшеліктерін сипаттау ең оңтайлы болып саналады. Қоғамда адамға қатысты барлық саланы ар, ұятсыз іске асыру мүмкін емес, сондықтан бұл тұжырымдама өзінің қиындығымен, беймәлімділігімен барлық ғылымның өзегіне өзінің не жемісін береді, не салдарын береді. Ағылшын тілінде бұл ұғым грек тіліндегі «syneidos» деген, яғни «сана мен танымның бірігуі» немесе «білім мен ақылдың үйлесуі» деген мағынаны білдіреді [3: 336]. Діни мәдениет бойынша бұл ұғым «сана дауысы», «ақыл дауысы», «құдай дауысы» деп тұжырымдаланады [4: 82]. Қазақ тіліндегі «ар, ұят» сөздіктерде негізінен синоним ретінде көрсетіледі, себебі «ұят» сөзін іздесең «ар» ұғымына сілтеме аласың [5: 47], сондықтан алдымен осы қос ұғымдардың әрқайсысына жеке тоқталған жөн.

Қазақ тіліндегі сөздіктер ар мен ұятты синоним ретінде бергенімен, қазақ санасындағы «ар» ұғымының мағынасы тереңірек, кеңірек екені анық, бірақ қаншалықты терең екені беймәлімдеу. Қазақ ғұламаларының ішінде Ш. Құдайбердиев ұятты қозғамаған, ол ардың анықтығын айтқан. Ар ұғымын «жан», «құдай» қатарына кіргізген, демек, ар ұяттан тереңдеу құбылыс. Жоғарыда айтылған «conscience» ұғымын зерделей келе, бұл ұғымды «ар» деп аударуға болады, себебі ардың ұятқа карағанда мағынасы кеңірек екенін 1-кестеден көруге болады. Ар дегеніміз — адамның сезімдік құбылысы, ақылы мен сананың бір бөлігі, ой мен сезім, адамның бір бөлігі, ішкі даусы, өмірлік танымы, қабілеті, тежеуіш күші, қасиеті және білімі. Бұл анықтамаларды жалпы пайымдағанда, ар

дегеніміз жалпы адамның адамгершілік қасиетінің жиынтығы, ар дегеніміз адамды адами жолға бағыт беруші деп айтуға болады (1-кесте).

1 - кесте

Ағылшын тіліндегі «conscience» ұғымының сөздіктегі анықтамасы

№	Автор	«conscience» анықтамасы
1	Cambridge Academic Content Dictionary [6: 191]	Бір нәрсенің дұрыс істелуінің керек екенін және бір нәрсені істеу дұрыс емес екенін білу керек сезімі, егерде дұрыс емес нәрсені жасап қойсаң, өзінді кінәлі санауға мәжбүрлейтін сезімдік құбылыс
2	Meriam — Webster's Advanced Learners English Dictionary [7: 345]	Моральды түрде сіздің әрекетіңіздің дұрыс немесе бұрыс екенін білуге мәжбүрлейтін ақылдың бір бөлігі
3	Macmillan English dictionary [8: 288]	Сізге істеп жатқан ісіңіздің дұрыс, бұрыстығын айтып тұратын ой мен сезім
4	Cambridge learner's Dictionary [9: 141]	Бір нәрсені дұрыс істемегеніңіз үшін өзіңізді кінәлі сезінуге мәжбүр қылатын адамның өзінің бір бөлігі
5	Oxford Dictionary of Difficult Words [10: 92]	Адам іс-әрекетінің дұрыс, бұрыстығын бағыттап отыратын адамның ішкі сезімі немесе ішкі дауысы
6	Simon Blackburn [11: 74]	Белгілі бір әрекеттің моральды түрде істелуінің қажет немесе қажет емес екенін білдіретін адамның танымы
7	C. Stephan. Evans [12: 27]	Моральды түрде адамның жасап жатқан әрекетін қолдайтын немесе қолдай алмайтын адамдық қабілет
8	Nicholas Bunnin [13: 132]	Адамгершілік қасиеттің ең маңызды бір көзі. Адамның белгілі бір әрекетіне моральдық түрде істеуге болмайтынын ескертетін туа біткен тежеуіш күш
9	Robert Audi [14:110]	Адам табиғатындағы адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жақсылық пен бақытқа жетелейтін шынайы қасиет
10	Robert Audi [15: 897]	«Синдересис» ұғымының синонимі, тек синдересис жалпы моральдық қағида немесе ереже болса, ар — жалпы моральдық таным немесе білім

Сонымен қатар ағылшын тілінде «conscience» сөзіне синоним ретінде келетін «shame» деген ұғым бар, енді осы сөздің мағынасына үңіліп көрсек (2-кесте):

2 - кесте

«Shame» ұғымының анықтамасы

№	Автор	«shame» анықтамасы
1	Cambridge Academic Content Dictionary [6: 863]	Біреудің немесе өзінің жаман қылығы үшін өзінді кінәлі сезініп, қысылатын қолайсыз сезім
2	Macmillan English Dictionary [8: 1304]	Біреуді кінәлі сезініп, қысылып, қызаруға мәжбүрлейтін сезім; Өзіңізге немесе біреуге деген сыйыңыз бен құрметіңізді жоғалтатын сезім; Біреуді екінші бір адамға қарағанда өзінің төмендеу екенін білдіруге мәжбүрлейтін сезім
3	Longman Exams Dictionary [15:1407]	Біреуді дұрыс еместігін айыптау арқылы қызартатын сезім, сол айыптау арқылы белгілі бір іс әрекетті солай жасауға мәжбүрлейтін сезім; Өзінің біреуден жоғары екенін есіне сала отырып, ұялдыратын сезім; Біреудің сіздің алдыңызда атақ пен абыройынан айрылғанын ұғындыра алатын сезім
4	Nicholas Bunnin [13: 292]	Кінә; Қоғаммен өзіңіздің құндылық стандартына сәйкес келмейтін кінәлі сезім
5	Simon Blackburn [11: 157]	Кінә, тек кінәнің айырмашылығы сіз істеген дұрыс емес ісіңіз үшін біреудің қаһарына ұшырайсыз, ал, ұятпен біреуге немесе өзіңізге жеккөрінішті боласыз, яғни, эмоционалдық жеккөрініш сезімі

Жалпы алғанда, ағылшын мәтіндеріндегі «conscience» ұғымы қазақша баламасы рухани бостандық деген түсінікке жуықтайды, себебі ар дегеніміз адам бойындағы барлық ізгі қасиеттерден тұрады. Ар бұл тек жеке адамға қатысты нәрсе, ол — адамның санасы, оның қалауы мен жүрегі. Қазақ тілінде ар мен ұяттың ұғымын көбінесе бірге қарастырады, тіпті сөздіктерде екеуіне бір мағына береді. Ағылшын тіліндегі «shame» ұғымының мағынасы «ұят» түсінігіне сәйкес келеді, себебі кінәлі болғаннан, айыпты болғаннан, қысылғаннан, қызарғаннан пайда болатын эмоционалдық сезім.

«Shame» ұғымын «conscience» ұғымы сияқты философтар зерттемеген, егерде «shame» сөзін «ұят», ал «conscience» сөзін «ар» деп алатын болсақ, онда ұят ұғымының философтарға қатысы жоқ екенін аңғаруға болады. Ар адамның көзге көрінбейтін мүшесі немесе адамның ішіндегі құдайы дейтін болсақ, онда ұят деген не деген сұрақ туындайды. Қазақтың ойшылы Шәкәрім «ар» мәселесін көтереді де, «ұят» туралы оған қатыстығын айтпайды. Бұл ұят пен ардың екі басқа дүние екенін білдіреді.

Ар-ұят туралы діни, философиялық, ғылыми, құқықтық және заманауи көзқарастар бар. Көптеген философтар шынайы моральдық ар-ұят ақыл-ойды қолдануды талап етеді деп жазады, басқалары бұл объективті моральдық шындықтың түйсігі деп мәлімдейді. XIX ғасырда өмір сүрген философтар сананы толтыратын табиғи және объективті моральға, шынайы моральдық инстинктке сенуге бейім болды. Ал, XX ғасыр философтары моральдың мәдени және жеке салыстырмалылығын мойындауға бейім, олардың көпшілігі ақыл, эволюция және қоғам туралы ғылыми теорияларға негізделген дәлелдер келтіреді (3-кесте).

3 - к е с т е

Ұлы ойшылдардың «ар, ұят» ұғымына берген анықтамасы

№	Автор	«ар, ұят» анықтамасы
1	2	3
1	Spinoza. Ethics [16].	Голландиялық философ Бенедикт де Спиноза өзінің философиялық қолжазбасында «ар, ұят» ұғымын «мәңгілік» деген ұғыммен пайымдаған. Адам беймәлім бір жақтан ақпарат алады, сол ақпарат арқылы адами шешімдер қабылдайды. Сол шешім пендені жаман әрекетке барудан сақтайды. Бұл дегеніміз мәңгілік құбылыс. Адам ешқашан мәңгілік болмайды, тек адамның жаны мәңгілік болады. Яғни ар, ұят дегеніміз — адамның жаны немесе ол адамның жанында болатын құбылыс. Қазақ тілінде «жаным қиналып тұр, жаным ашыды» деген тіркестер бекерге айтылмайды, себебі жан адамның ішінде және қиналып жатқан сол ішіңіздегі жан. Адамның жаны адам өмірге пенде болып келген соң, адами өмір сүруіне жауап береді, сондықтан адам жаман әрекеттерге барғанда, адамның жаны қиналады, себебі сол жан адамның әрекеттері үшін жауап береді. Тозаққа түсетін, тозақтың отына күйетін адамның өзі емес, адамның жаны.
2	Richard L Gregory [17: 308].	Неміс философы Гегель адам баласының рухани бостандығы дегеннің не екенін барлық адам баласы ұғу керектігін айтады. Ар дегеніміз шынайы бір абсолют деп таниды. Ар, ұятты адам баласының ұғыну себебінің маңыздылығы пенденің өмірге адам болып келген соң, адам болып өмірден өту міндетіне байланысты. Егерде ар, ұятты адамның жанындағы құбылыс десек, сол ар, ұятпен адам бірігіп өмір сүруі керек. Ар, ұят адамға жамандық тілемейді, себебі ол — адами өмірге жауапты құбылыс. Ар, ұятпен санасып, ақылдасып өмір сүрсе, ол адами өмірдің шыңына жеткізеді.
3	Joseph Butler [18: 71].	Джозеф Батлердің ар-ұятты Алланың адамға берген сыйы дей отырып, адамзат өмірінің табиғи бағыттаушысы деді. Адам мен жануардың айырмашылығы адамның жанында ар, ұяттың болуында, ал хайуанда болмайды. Ар, ұятпен бірге өмір сүре алмаған адам хайуанға айналып кететіні сондықтан болар. Өз ар, ұятына бағынбай өмір сүрген адамда бірте келе адамдық бейне ғана қалады. Қоғамда адам миына түсініксіз әрекеттерге барып жатқандар өз ар, ұятына бағынбай өмір сүргеннің әсерінен екені даусыз.
4	John Selden [19].	Джон Селден өзінің әңгімесінде ар-ұятты жабайы жылқы деп айтты. Қолға үйретілмеген жылқыны үйрету, көндіру ары қарай адамның өзіне байланысты, армен бірге жүрсең жеңіске жетесің, ал оған кері жүрсең адамгершіліктен шығасың. Адам өз әрекетіне сыни тұрғыдан баға беріп отыру керек. Ары жоқ, ұятсыз адам өмірге келмейді. Сонда арсыз, ұятсыз адам қайдан шығады? Білім арқылы адамның санасы дамиды, санасы жоғары тұлға арсыздыққа бармайды.

1	2	3
5	Kant I. [19].	Неміс философы Иммануил Кант өмірде өзінің қызыға да, түсіне де алмай жүрген екі құбылыстың бар екенін айтты, алдыңғысы аспан әлемі болса, ал екіншісі — менің ішімде тұрған белгісіз нәрсе. Бұл менің жеке көлеңкем, жеке «мен»—ім деп топшылады. Адамның сыртқы мені көзге көрініп тұр, ал, ішкі мені адамның сыртқы менінен мүлде басқа адам болуы мүмкін. Сондықтан өмірде алдау, арбау, сенімсіздік жағдайлар жетерлік. Адам өмірде өзінің сыртқы мені мен ішкі мені үйлесімділік тапқан кезде ғана, шын рухани бақытқа қол жеткізеді. Күнделікті өмірде болып жатқан өкініш, азап, уайым сияқты ұғымдар адам баласының өз жан дүниесімен келісім таба алмауынан болады. Ішкі менді түсіну — пенденің өмірдегі алғашқы мақсаты. Қартайған кезде пайда болатын өткен өмірге деген өкініш адамның ішкі менін кеш түсінуінен болады.
6	John Plamenatz [20: 383].	Джон Пламенатц Руссоның жазбаларына талдау жасай келе, ар ұяттың адам өмірінде екі түрлі әрекеті бар деп айтты. Ол адам санасы мен құмарлығы арасындағы күрес және қоғам мен жеке тұлға ортасындағы арпалыстық күш, жалпы алғанда ар ұят ішкі күресу сезімі дегенді білдіреді. Өмірде барлық нәрсе жақсылық пен жамандықтан тұрады, ар, ұят адамды жамандықтан қорғаушы періште болса, жамандыққа итермелейтін шайтаны да болады. Сол періште мен шайтанның күресі адамдық биікке шығарады немесе хайуандық бейнеге айналдырады. Өмір — күрес, адами бейнені сақтап қалу үшін өмір бойы іштегі періштені аялап, мәпелеп, дем беріп, қолдау жасап отыру керек. Жамандыққа бой алдырған сайын сол періште әлсірей береді, жаралана береді де, әр адам өз шайтанын жеңе білсе, жеңіске жете алады.
7	William Godwin [19].	Уильям Годвин ар-ұят дегеніміз адамның әртүрлі діни сенімдерге нанудың себебінен пайда болатын тежеуіші деп біледі. Қандай дін болмасын, ол адамды адамгершілік жолға түсуге бағыттайды. Ар, ұят адамды ізгілікке жетелеуші құбылыс десек, бұл дегеніміз — адамның ішкі құдайы деген сөз. Ішкі құдайды тану мен төбедегі құдайға нану — екі түрлі дүние. Адамгершілік адамнан наным арқылы емес, таным арқылы шығады. Наным жаманшылыққа тежеуіш болғанымен, егер ол танымсыз нанымнан пайда болса, қателікке ұрындырады. Сондықтан діни сенімдерге нанудан бұрын, танып барып нануды адамның ар, ұяты деп айтуға болады.
8	Adam Smith [21: 15].	Адам Смит адамдар өз ар-ұятын қолдана білудің ең дұрыс жолы — адам өзін сыни тұрғыдан дамытуы қажет; адамның өзіндік сыни көзқарасы танымдық деңгейдің шыңына жетеді, сонда ғана ненің дұрыс, ненің бұрыстығын шынайы ажырата аламыз деп айтты. Адам әрқашан ізденісте болуы керек, сананы білім арқылы толықтыра отырып, дұрыс сыни көзқарас қалыптасады. Дегенмен, сол дұрыс сыни көзқарасты қалай дамытуға болады? Егерде тек білім арқылы десек, адамзат өміріне алапат қауіп тудырған атом бомбасын білімсіз ғалым ойлап тапқан жоқ немесе оқымаған адамдарды арсыз, ұятсыз деуге де болмайды. Ар, ұят — ішкі жан дүние мен сыртқы бейненің үйлесімділігі, ішкі үн, ішкі үн тыңдау мен түсіну. Атом бомбасын ойлап тапқан ғалым ісінің дұрыс емес екендігін білмейді емес, біледі, тек, ол ішкі жан-дүниесінің үнін тыңдағысы келген жоқ. Адам өмірді өзін танудан бастау керек, алдымен өзгені танып, соңынан барып өзін танығанша көп қателікке ұрынатыны сондықтан. Бала туғаннан бастап, «мен кімін, маған не керек», «мен нені қалаймын» деген тәрбиемен өсуі керек. Қазақ тәрбиесінде бала санасы көбінесе «жұрт не айтады», «ата-анам нені қалайды», «елдің баласы не істеп жатыр» деп өседі де, адамда дұрыс сыни көзқарас қалыптаспайды.
9	Dietrich Bonhoeffer [19].	Бонхеффер ар-ұятты адамның ішінде тұрған екінші адам, сол екінші адамның мақсаты бірінші адамды адамшылық жолдан тайдырмау, бірінші адамға моральдық тұрғыдан қауіп төнсе екінші адам оянып өз жұмысына кіріседі деген тұжырым жасайды. Мүмкін ар, ұят іштегі екінші адам шығар, әлде ол адамның жаны шығар немесе іштегі құдай шығар. Қалай болғанда да, ар, ұят адамға жамандық ойламайды, өйткені оның мақсаты адамды адамдық жолдан тайдырмау. Адамды жамандыққа жетелейтін — оның шайтаны, ал ар, ұят — адамның періштесі, сол періштені тыңдай ма, жоқ әлде шайтанға ере ме, ол — адамның өз еркінде. Өйткені адамда ерік бар, ерікті қолдану санаға байланысты.
10	John K Roth (ed). [19].	Американдық философ Джосая Ройс ар-ұят дегеніміз адамның өзін рухани түрде тереңінен тануы, тану шындығы деп болжады. Ар, ұят — ең алдымен өзінді тану, тану болғанда да, шынайы тану, тереңінен тану. Өмірде әркімнің өз шындығы бар, ненің дұрыс, ненің бұрыс істелуі керектігінің ақиқат шындығын кім біліп жатыр? Тану шындығына жету, шайтанға ермеу, адами жолмен өмірді сүріп, сол өмірден жылап емес, күліп кету — адамның ең бірінші мақсаты.

Бір ерекшелігі, ағылшын мәдениетіне тән индивидуалистік көзқарас негізінде ар, ұят ұғымы дұрыс жағынан да, бұрыс жағынан да түсіндіріледі. Ф. Ницше алғаш рет ар, ұят ұғымына негативті түсінік берді. Оның пікірінше, ар, ұят адамды қинайды және қорлайды. Философ «таза ар–ұят» деп аталатын өтіріктің экстремалды дәрежесінің бар екенін ескертеді, ал жоғары моральдық ұғымды ұстанатын адамдар ар азабын сезіну арқылы өзін-өзі әділеттірек сезінетін айтты [22: 370]. Американдық журналист және сатирик Менкен Генри Луи «ұят дегеніміз ол сенің үйіңнен шықпайтын қайын енен» дейді [23]. Әрине, қайын ененің үйден шықпайтыны жақсы нәрсе емес және қайын ененің сенің үйіңе күнде келудің қажеті де жоқ, бұл дегеніміз ұяттың индивидуалистер үшін аса маңызды емес екенін көрсетеді. Ағылшынның әйгілі драматургі Оскар Уайлд ар–ұят ұғымымен қорқақтық ұғымы бір ұғым деп жазады. «Қандай да бір кінәлі іс–әрекет істесеңіз, сіз не адамнан не құдайдан қорқасыз, яғни сізді мазалап тұрған ұятыңыз емес қорқақтығыңыз» деп ар–ұят ұғымының әлсіз түрін көрсетті [23]. Дегенмен ар, ұят ұғымын қорқақтыққа теңеу шындыққа жанаспайды, өйткені қорқақтық — белгілі эмоциямен келетін құбылыс. Алдымен адамда қорқақтық сезімі пайда болуы мүмкін, бірақ санаға түсіп, зерделенген соң ар құбылысы өз жұмысын атқарады.

«Ар, ұят» ұғымының негізгі айырмашылығы біздің мәдениетте мәдениеттің ұжымдық түріне, ал ағылшын мәдениетінде жеке тұлғаға қатысты фактімен байланысты болатындығында. Әйгілі философтардың тұжырымдамалары негізінде ар, ұят дегеніміз адамның жаны немесе ар, ұят адамның жанында болады, яғни адамды қинайтын адамның жаны болады. О дүниеде адамның жаны тозаққа түсіп, істеген кінәләрi үшін жауап береді, сондықтан адамның жаны сол азаптан қашу үшін алдын ала жұмыс жасайды. Тіпті кейбір деректер ар ұғымын адамның ішіндегі құдайына теңейді. Құдай адамның ішінде тұратын болса, онда көкте құдай жоқ болғаны ғой.

Қазақ қоғамында күнделікті өмірде «ұят болады, ұят болды, жұрт не дейді, елге қайтып қараймын» деген сияқты тіркестер көп. Мұндай тіркестің көптігі қоғамның ұжымдық мәдениетке толығымен кіріп кеткендігін білдіреді. Кейбір адамдардың ерекшеленіп көзге түсіп жатқанын соңғы кездері көбірек байқауға болады. Бұл адамдардың ұжымдық мәдениеттен индивидуалистік мәдениетке ауысуына талпыныс дегенді білдіреді. Дегенмен қазақ қоғамы сол тұлғаны ұжымдық мәдениетке қайтаруға барынша тырысады, барлық ақпарат желісі арқылы өз ойын білдіреді, айтады, жазады, сынайды. Үлкен топ қарсы болып тұрған соң, жеке мәдениеттегі тұлға амалсыздан ұжымдық мәдениетке қайтып оралады. Бұл ұжымдық мәдениетті бір жақты кем деп көрсету емес, сол ұжымдық мәдениет арқылы бауырмашылдық, жанашырлық, қамқорлық, бірліктік сияқты адамгершілік асыл қасиеттер қазақ қоғамын өзге қоғамдардан ерекшелендіреді. Алайда ұжымдық белгілі бір қағидалар адамның өміріне шеңбер құрады, сол шеңбер шын мәнінде дұрыс па әлде жоқ па, оған ешкім алаңдамайды, себебі оның дұрыс екені атадан балаға келе жатқан өсиет немесе міндет тәрізді. Тағы бір мәселе, бұл жағдайда адам өзін жеке тұлға ретінде жоғалтады, себебі ұжымдық мәдениет адамға рухани ерік бермейді. Үшінші мәселе, ар мен ұяттың шатасуы, біреуге «ұят болады» деп айтқан кезде, ол оны арлық санамен қабылдамайды. Жеке адамның өмірі, жеке тұлғаны түсіну жүзеге аспайды, себебі мұндай қоғамда бір сана болу керек. Өмірде болып жатқан өзін-өзі өлтіру (әсіресе жасөспірімдер арасында) қазіргі қазақ қоғамында алдыңғы орында. Оның көп себептерінің бірі адамның өмірде жеке тұлға ретінде өз-өзін жоғалтуы екені нақты дәлелденген тұжырым екені анық. Қазіргі таңда «ұятмен» деген терминнің шығуы да бекер емес, себебі жеке тұлға өзі үшін емес, жұрт үшін өмір сүруден шаршады. «Ұятмен» дегеннің дұрыс түсінігі, «өзгеге емес, алдымен өзіне қарап ал» дегенді білдіреді, себебі біреуге «ұят болады» деп айтқанда, қоғамда эмоциямен ойын білдіру болып саналады, ал, шын мәнінде «ұят болады» деген тіркес сана мен танымнан шығу керек. Ұят дегеніміз — сезім немесе эмоция, ал, ар дегеніміз — таным мен сана. Белгілі бір әрекетті ұятқа жатқызбас бұрын, алдымен оны танымдық санамен ойлау керек, сыни тұрғыдан баға беру керек. Қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жағдайдың көбісі, армен емес, ұятпен жұмыс жасаудың әсерінен болатыны анық. Ар ғылымның басты саласы болғандықтан барлық іс армен жасалуы керек, іс-әрекеттің армен емес, ұяттан шығып жатқаны мәдениеттің құлдыруына әкеліп соқтырады.

Индивидуалистік мәдениетте адам, ең алдымен, өзінің жеке мақсаттарына қол жеткізуді ойлап, соған сәйкес әрекет етеді, өзінің мақсаттарын қоғамдық мүдделерден жоғары қояды. Индивидуалистік мәдениеттегі «мен» ұғымы тәуелсіз тұлға, топсыз бірлік ретінде пайда болады, алайда сол жеке адам қоғамның негізгі бірлігі болып қала береді. Өмірде ең жаман нәрсе үлкен қоғамның ішінде адамның «мен» ұғымын жоғалтуы, бұл дегеніміз адамдар өмірде білгенін істей беру керек деген нәрсе емес. Ар деген сана мен таным болғандықтан, ардың жолына түсу оңай жұмыс емес, білімнің аздығынан адам өзін және өмірді тани алмайды, танымы жоқ адам сезімнің жетегінде

болады. Танымдық деңгейі жоғары адамдар кезіндегі танымсыз адамдардың салған шеңберінен шыға алмайды, себебі қоғамда сол шеңберді аттап өтуге жол берілмейді.

Ұжымдастыруда, керісінше, топтың мүдделері басымдыққа ие, олар жеке мүдделерден жоғары болады. Ұжымдастыру мәдениетте адам өзінің қабылдаған шешімдері мен жүзеге асырылып жатқан іс-әрекеттерін өзінің қоғамдастығында қалай көрініс табатынына үлкен көңіл бөледі. «Мен» ұғымы топтың мүшелік призмасы ретінде қарастырылады, әлеуметтік сәйкестілік жеке тұлғаға қарағанда маңызды, ал әлеуметтік қабылдаудың негізгі бірліктері топтар болып табылады. Қай заманда болмасын, қазақ қоғамында ұят ұғымына қадірмен қараған, дегенмен «ұят болады» тіркесінің түп тамырын санамен, таныммен, жүреппен зерделейтін уақыт жетті. Танымдық санамен шыққан ұят қазақ қоғамындағы мәдениетінің дамуына жол ашады.

Қорытынды

Ағылшын тіліндегі «ар» мен «ұят» ұғымдарының айырмашылығы екі түрлі нәрсе, «ұят» ұғымын психологтар зерттесе, «ар» ұғымы философтарға тәуелді. Ұят дегеніміз адамның сезімі, яғни, қызару, қысылу, масқарасы шығу сияқты адамның эмоционалды сезімдерін білдірсе, ар дегеніміз адамның танымы, өзін тануы, өмірді тануы, ол адамның жаны, құдайы. Егер ағылшын тілінде «ұятсыз адам» сөз тіркесі адамның қысылып-қымтырылмастан, беті бүлк етпестен істеген ісіне қарай айтылса, «арсыз адам» деген сөз тіркесі адамның санасыздығын, санасының төмендігін, құдайының жоқтығын білдіру, көрсету мақсатында айтылады.

Сонымен қатар «conscience» ұғымын екіге бөліп қарауға болады, «con», яғни алдау, арбау деген мағынаны білдірсе, «science» ғылым деп аударылады. Сондықтан дүниежүзі ғалымдары аталған сөзге нақты тұжырым бере алмайды, себебі бұл алдау ғылымы болып тұр. Ғылым мен техника қаншалықты дамып, өмір сүру дағдысы қаншалықты жеңілдесе де, адамның бақытты өмір сүруінің кілтін бүгінге дейін ешкім тапқан емес. Бұл адамды тану ғылымының әлі де толық зерттелмегенін, көптеген сұрақтарға әлі жауап табылмағанын білдіреді. Қазақ ойшылы Шәкәрім үш анық бар деген тұжырым жасайды, бүгінгі күні адам үшін бір анық бар екені анық, ол анық — ардың бар болуы, ардың жан екендігі және оның құдай екендігі екенін түсіну.

Қазақ мәдениеті басшылыққа алатын ұятты түсіндірудің субстанциалды тәсілі үш аспектіні қамтиды: ар, ұят абсолютті ниет ретінде; ұят атадан балаға жалғасып келе жатқан дәстүрлі фактор ретінде; ұят қарыз бен борышты орындау өлшемі ретінде. Барлық осы түсініктемелер жеке моральдық сана (субъективтілік) шегінен шығуды білдіреді. Алайда, еуропалық дәстүрлерге сүйене отырып, ағылшын мәдениеті ұстанатын индивидуалистік көзқарас арды автономды жеке мораль феномені ретінде түсінеді, бұл адамның өзінің адамгершілік қағидаларын басшылыққа алуға деген ниетінде көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық]. Т. 14: – Т – Ұ. / Құраст.: М.Малбақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы: Дәуір, 2011. — 800 б.
- 2 Ляпин С.Х. Факт в пространстве бытия / С.Х. Ляпин. — Архангельск: Наука, 1996. — 413 с.
- 3 Klein E. A comprehensive etymological dictionary of the English language / E. Klein. — New-York: Elsevier Publishing company, 1966. — 1776 p.
- 4 Лютер М. Избранные произведения / М. Лютер. — СПб.: Андреев и согласие, 1994. — 430 с.
- 5 Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы: Дайк-пресс, 1999. — 776 б.
- 6 Cambridge Academic Content Dictionary. — New-York, USA: Cambridge University Press, 2009. — 1143 p.
- 7 Meriam — Webster's Advanced Learners English Dictionary. — Massachusetts, USA: Merriam — Webster, Incorporated Springfield, 2008. — 1994 p.
- 8 Macmillan English Dictionary for advanced Learners of American English. — Oxford: Macmillan Education, 2005. — 1664 p.
- 9 Cambridge learner's Dictionary. — New-York, NY: Cambridge University Press, 2002. — 768 p.
- 10 Oxford Dictionary of Difficult Words. — Oxford: Oxford University Press, 2001. — 484 p.
- 11 Simon B. Oxford Dictionary of Philosophy / Simon B. — Oxford: Oxford University Press, 2005. — 407 p.
- 12 Stephan Evans C. Pocket dictionary of Apologetics and Philosophy of Religion / C. Stephan Evans. — Illinois, USA: Inter — Varsity Press, 2002. — 127 p.
- 13 Nicholas B. The Blackwell Dictionary of Western Philosophy / B. Nicholas, Y. Juluan. — Carlton: Australia: Blackwell Publishing, 2004. — 766 p.

- 14 Robert A. The Cambridge Dictionary of Philosophy / A. Robert. — New-York, USA: Cambridge University Press, 1999. — 1001 p.
- 15 Longman Exams Dictionary. — London, England: Pearson Education, 2006. — 1883 p.
- 16 On the Origin and Nature of the Emotions. Retrieved from [https://en.wikisource.org/wiki/Ethics_\(Spinoza\)/Part_3](https://en.wikisource.org/wiki/Ethics_(Spinoza)/Part_3).
- 17 Richard G. The Oxford Companion to the Mind / G. Richard. — Oxford: Oxford University Press, 1987. — 1004 p.
- 18 Joseph B. «Sermons» in the Works of Joseph Butler / Joseph B. — Oxford: Clarendon Press, 1896. — 464 p.
- 19 Conscience. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.wikiwand.com/en/Conscience>.
- 20 John P. Man and Society / P. John — London, England: Longmans, 1963. — 455 p.
- 21 Adam S. The Theory of Moral Sentiments. Indianapolis / S. Adam — Indiana: Liberty Fund, 1984. — 412 p.
- 22 Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира / Б.А. Серебренников, Е.С. Кубрякова, В.И. Поставалова. — М.: Наука, 1988. — 216 с.
- 23 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://eng.goodspot.ru/themes/37>.

Е.А. Юнисов, А.О. Турсынбаева, Ш.Б. Сагатова

Значение понятия «совесть – стыд» в английских текстах

В статье проведен сравнительный анализ значения названного выше понятия в английском и казахском языках. Отмечено, что, в целом, для казахской культуры значение понятия «совесть и стыд» стоит выше других. Выяснена причина того, почему в казахском языке данные понятия используются как синонимы. На основе исследования справочных словарей на английском языке, работ У. Годвина, А. Смита, Дж. Ройса, Эйнштейна, Ч. Дарвина, Дж. Э. Мура и других мыслителей, написанных на английском языке, выявлено, что совесть и стыд — это отдельные понятия. Если совесть зависит от духовного мира человека, то стыд — от чувств человека. В этой связи авторами настоящей работы раскрыто содержание понятий «стыд» и «совесть». Кроме того, поставлены и получены ответы на следующие вопросы: «Какова важность этих понятий для жизнедеятельности человека?», «Почему начало культуры начинается с совести и стыда?». Обращено внимание на благородные мысли великих людей о том, каким должно быть, в целом, человеческое существование.

Ключевые слова: совесть, стыд, ответственность, определение, духовная свобода, нравственность, понятие, явление, текст, значимость, смысл, чувство.

Ye.A. Yunissov, A.O. Tursynbayeva, Sh.B. Sagatova

The meaning of the concepts of “conscience and shame” in English texts

The article presents a comparative analysis of the meaning of the concepts of conscience and shame in the English and Kazakh languages. It is noted that for the Kazakh culture, the meaning of the concepts of conscience and shame are above all other concepts. The reasons why these concepts are used as synonyms in the Kazakh language are identified. Based on a study of reference dictionaries in English, the works of William Godwin, Adam Smith, Josiah Royce, Einstein, Charles Darwin, George Edward Moore, and other thinkers written in English, it is noted that conscience and shame are separate concepts. If conscience depends on the spiritual world of a person, then shame depends on the feelings of a person. In this work, the content of the concepts of shame and conscience is covered. Questions are raised about the importance of these concepts for human life, why the beginning of culture begins with conscience and shame. Attention is drawn to the noble thoughts of great people about what human existence should be.

Keywords: conscience, shame, responsibility, definition, spiritual freedom, morality, concept, phenomenon, text, significance, meaning, feeling.

References

- 1 Malbaqov, M.T., Yesenova Q., & Khinaiat B. (Eds.). *Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. [15 tomdyq]. 14-tom — [15 volumes]. Vol. 14.* Alma-Ata: Daur [in Kazakh].
- 2 Liapin, S.Kh. (1996). Fakt v prostranstve bytiia [Fact in the space of being]. Arkhangelsk: Nauka [in Russian].
- 3 Klein, E. (1966). A comprehensive etymological dictionary of the English language. Amsterdam. London. New York: Elsevier Publishing Company, 1776.
- 4 Lyuter, M. (1994). Izbrannye proizvedeniia [Selected works]. Saint Petersburg: Andreev i soglasie [in Russian].
- 5 Qazaq tilinin sozdigi (1999). [Dictionary of Kazakh language]. Almaty: Dayk Press [in Kazakh].
- 6 Cambridge Academic Content Dictionary (2009). New-York, USA: Cambridge University Press, 1143.

- 7 Meriam — Webster's Advanced Learners English Dictionary (2008). Massachusetts, USA: Meriam — Webster, Incorporated Springfield, 994.
- 8 Macmillan English Dictionary for Advanced Learners of American English (2005). Oxford: Macmillan Education, 1664.
- 9 Cambridge learner's Dictionary. (2002). New-York, NY: Cambridge University Press, 768.
- 10 Oxford Dictionary of Difficult Words. (2001). Oxford: Oxford University Press, 484 p.
- 11 Simon, B. (2005). Oxford Dictionary of Philosophy. Oxford: Oxford University Press, 407 p.
- 12 Stephan Evans, C. (2002). Pocket dictionary of Apologetics and Philosophy of Religion. Illinois, USA: Inter — Varsity Press, 127 p.
- 13 Nicholas, B., & Julian Y. (2004). The Blackwell Dictionary of Western Philosophy. Carlton. Australia: Blackwell Publishing, 766 p.
- 14 Robert, A. (1999). The Cambridge Dictionary of Philosophy. — New-York, USA: Cambridge University Press, 1001 p.
- 15 Longman Exams Dictionary. (2006). — London, England: Pearson Education, 1883 p.
- 16 On the Origin and Nature of the Emotions. Retrieved from [https://en.wikisource.org/wiki/Ethics_\(Spinoza\)/Part_3](https://en.wikisource.org/wiki/Ethics_(Spinoza)/Part_3).
- 17 Richard, G. (1987). The Oxford Companion to the Mind. Oxford: Oxford University Press, 1004 p.
- 18 Joseph, B. (1896). "Sermons" in the Works of Joseph Butler. Oxford: Clarendon Press, 1896. — 464 p.
- 19 Conscience. Retrieved from <https://www.wikiwand.com/en/Conscience>.
- 20 John, P. (1963). Man and Society. — London, England: Longmans, 455 p.
- 21 Adam, S. (1984). The Theory of Moral Sentiments. Indianapolis. — Indiana: Liberty Fund, 412 p.
- 22 Serebrennikov, B.A., Kubriakova, E.S., & Postovalova, V.I. (1988). Rol chelovecheskogo faktora v yazyke: Yazyk i kartina mira [The role of the human factor in the language: Language and the picture of the world]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 23 Retrieved from <https://eng.goodspot.ru/themes/37> [in Russian].

Г.М. Жалелова¹, С.К. Рахимжанова^{2*}, А.М. Маликова³

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

² С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

³ Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: gulzhan-z@mail.ru; rahimzhanova.82@mail.ru; malikova.asel@mail.ru)

Мультикультурализмнің мәдени-әлеуметтік негіздері

Мақалада «мультикультурализм» түсінігіне анықтама берілген. Авторлардың пікірінше, негізінен бұл әртүрлі этникалық топтардың азаматтардың діни, мәдени, нәсілдік ерекшеліктерін сақтауға және дамытуға арналған мультимәдениеттік философия. Сонымен қатар, мультикультурализм Қазақстан қоғамын ілгері дамытуға ықпал ететіндігі айтылған. Осы тұжырымдаманың постмодерндік парадигмасының теориялық негіздеріне талдау жасалған, сонымен қатар оның анықтамалары мен негізгі сипаттамалары философиялық тұрғыда түсіндірілген.

Кілт сөздер: мультикультурализм, этногенез, ұлт, ұлтаралық қатынастар, бірегейлік, философия, мәдениет.

Кіріспе

Мультикультурализм қоғамда теріс және оң қырлары бар күрделі әлеуметтік құбылыс. Мультикультурализмнің тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік астары тереңде, көпжақты. «Мультикультурализм» құбылысы ХХ ғасырдың 60 жылдарынан бастап жаһандану дәуірінің постмодерндік парадигмасына айналды. Жаһандану мен ақпараттық қоғам заманында әр түрлі мәдениеттердің тоғысуы әлемдік сипатта үрдіс алып отыр. Бұл мәселе әртүрлі қырынан көрінбек, біріншіден, мәдени кемелденудің негізі болса, екінші қырынан алсақ, әртүрлі ұлттар мен халықтардың, этностардың бір-бірімен тәжірибе алмасуы. Жаһандану – мәдениеттің көптүрлілігі, өзге мәдениеттермен ықпалдасу арқылы бүгінгі таңда бұрын-соңды болмаған жаңа мәдени әртүрлікті туғызып отыр. Жаһандану заманында ұлт өмірінің, ұлтаралық қатынастардың мемлекет тұрғысынан барынша өркениеттендірудің басты шарасы ретінде мультикультурализмді жатқызамыз. Кейбір ғалымдар мультикультурализмді елдің өркениетті құлдырауынан құтқаратын құбылыс ретінде сараптайды. Мультикультурализмдегі басты мәселелердің бірі ұлттық мәдениетіміздің жетістіктерін сақтау, қазақ ұлтына тән ұлттық құндылықтарымызды таза қалпында сақтап қалу. Бүгінгі таңда еліміз полиэтникалық мәдениеттегі мемлекетке айналуы, мультикультурализм мәселесін мәдени-философиялық талдауды қажет етеді. Қазақстандағы мультикультурализм мәселесін талдап, полиэтникалық мемлекет құрудың жолдарын саралау үшін философиялық зерттеулер қажет болғандықтан болашақ жастарға дұрыс жол көрсету мақсатында осы мақала жазылды. Мақала мультикультурализм мәселесінің мәндік негіздерін анықтауға арналған.

Зерттеу әдіснамасы

Мақаланың зерттеу әдіснамалық негізі ретінде антропологиялық, теориялық, герменевтикалық зерттеу әдістері қолданылады. Зерттеу барысында сипаттау, баяндау, бақылау, жіктеу, салыстыру, индукция, дедукция әдістері пайдаланылды. Ұлттық қарым-қатынас мәселесіне талдау жасалынып, сыни ойлау әдістері де жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысында философиялық зерттеу әдістері арқылы объективті зерттеу жүргізіле отырып, сонымен қатар, құрылымдық талдау, салыстырмалы мәтіндік талдау, жүйелеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Мультикультурализм қоғамда мәдени әртүрлілікпен қарым-қатынасты сипаттайтын бағыт. Мультикультурализм қоғамдағы әртүрлі мәдениеттерге әділ қарым-қатынас жасаумен айналысатын әдіс. Ғылыми болжамдарға сүйенетін болсақ әртүрлі мәдениеттердің үйлесімді өмір сүруі қоғамда әлеуметтік-саяси тәртіпке қауіп төнбейтіндігін саралайды. Ол қоғамдық ортада екі негізгі теорияда

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: rahimzhanova.82@mail.ru

анықталған «балқу» және «салт ыдысы» теориясы бағытында анықталған. Балқу теориясына тоқталсақ, әртүлі иммигранттар өзінің төл мәдениетінен бас тартып, өз өмір сүріп жатқан ұлттың мәдениетімен бірігіп кетеді. Оған Канада, АҚШ елдерін жатқызуға болады. Салт ыдысы теориясында адамдар өмір сүріп жатқан ортасында өзінің дәстүрлі мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін сақтап, біртекті емес қоғамды сипаттайтын бағытын қарастырамыз. Олардың түсінігі бойынша белгілі бір ұлт мүшесі болу үшін, ұлттық мәдени мұрадан бас тартудың қажеті жоқ деп таныған. Америка Құрама Штаттары, «Кішкентай Үндістан», «Кішкентай Одесса» және «Чинатаун» сияқты этникалық қауымдастықты осы салт ыдысы теориясына жатқыза аламыз. Мультикультурализм ол қоғамдағы әртүрлі нәсілдердің, этникалық топтардың бір қоғамдастықта бірігіп өмір сүретін адамдар тобынан жиналған ұлт өкілдері. Сонымен қатар, мультикультурализм әртүрлі мәдениетті жетілдірудің кілті ретінде танылмақ, мәдени әртүрліліктен қоғамда ойлаудың жаңа тәсілдері қалыптаспақ. Бүгінгі таңда Қазақ еліндегі мультикультурализм мәселесіне тоқталсақ, ол көне заманнан бастау алған. Қазақ жерінің геожағдайын оңайластырған «Жібек жолы» Еуропа мен Азия арасын жалғастырған дәліз жолы болғандықтан біздің елімізде көптүрлі мәдениет формалары сақталуы заңды құбылыс. Бүгінгі заманда елімізде мультикультурализмнің болуы тарихи сабақтастықтың бір көрінісі ретінде танылмақ. Әрбір халықтың мәдени құндылықтарын құрмет тұту бүгінгі таңда ел саясатында бастапқы орында және бұл құбылыс қоғамда құқықтық, демократиялық, зайырлы қоғамды нығайтудың басты жолдарының бірі ретінде болмақ. Сондықтан мультикультурализм мәселесі қазіргі кездегі заманауи Қазақстан қоғамын дамытушы фактор ретінде танылмақ.

«Мультикультурализм» термині ең алғашқыда 1957 жылы төрт тілде сөйлейтін және әртүрлі дінге сенетін Швейцария мемлекетінің саясатын сипаттау үшін қолданылды, кейіннен бұл ұғым өзінің аясын кеңейте түсті [1: 49–51]. Мультикультурализм терминінің авторы ретінде негізінен Г. Маркузе, И. Берлин, Х. Гайсселерді атап айтуымыз керек. Мультикультурализм мәселесін талдаудың мәдениеттанулық теориясын жасаған ойшылдар Н.С. Злобин, М.С. Каган, В.М. Межуев сияқты ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады.

Мультикультурализмнің семотикалық тұжырымдамаларын Ю.М. Лотман мәдениет теориясы тұрғысынан жан-жақты ашып қарастырған. Ал, мультикультурализм мәселесін әлеуметтану қырынан Б. Малиновский, Т. Персонс, П. Бергер, С. Хантингтон, Э. Гидденс өз пікірлерін білдірген. Олар мультикультурализмді қоғамдағы әртүрлі мәдениет өкілдерінің бір-бірімен бейбіт өмір сүру құбылысы ретінде таныды. Мультикультурализмнің посмодерндік теориясына Ж. Делез, Ф. Гваттраи, Ж. Бодийяр, С. Жижек секілді ойшылдардың туындыларын жатқызуға болады. Ойшылдар өз дүниетанымдарында мультикультурализм ұғымын толеранттылықтың аспектілерінің бірі ретінде зерделеді. С.И. Некрасов, В.В. Платошина қоғамда мультикультуралистік жіктелу мәселелерін өз дүниетанымдарында қарастырды. Н. Глейзер болса мультикультурализмнің қосымша, трансформациялық және афроцентризм сияқты формаларын ұсынды [2: 106–110]. Қоғамдағы мультикультурализмді әртүрлі ұлт өкілдеріне әділ қатынас жасаумен айналысатын тәсілдер жиынтығы ретінде талдаған. А.И. Куропятник мультикультурализмді түсінудің үш түрін: демографиялық, идеологиялық және саяси түрлерін атап көрсетеді [3: 124–125]. Ол мультикультурализмді мәдени әртүрлілікпен айналысатын әдіс ретінде анықтады. Ал В.С. Малахов, Г.Д. Дмитриев ұлтшылдық, нәсілшілдік, этноцентризм сияқты сезімдерді жою мақсатында құрылған құрылым ретінде «мультикультурализм» ұғымын саралады [4: 124–125]. Ғалымдар мультикультурализм терминінің қалыптасуын мәдениеттердің өзара ықпалдасуы, жаһандану ұғымымен тығыз байланысты деп есептейді.

Жаһандану, әлемдік ауқымдану, глобализация, ғаламдану (ағылш. Global – әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) — жаңа, жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі [5: 12]. Әлемде бүгінгі таңда рухани, мәдени құндылықтардың шұғыл алмасуы көз ілеспейтін жылдамдықпен жүріп жатыр. Ғылыми прогрестің жетістігі жаһандану болып табылса, ешбір этнос жаһандық үрдістерден оқшау қала алмады.

Француз философы Жак Деррида «Жаһандануды бүгінгі әлемнің қайтаруға келмейтін заңды процесі. Сондықтан да оны, асқан байыптылықпен терең зерделей отырып, оңды және теріс қырларын ашып алған жөн. Оңды жағы, жаһандану — әлем халықтарының мәдениетін, экономикасын, саяси және ақпараттық жүйелерін барынша жақындата, кіріктіре түсетін қасиеті бар құбылыстар қатарына жатады. Сөйтіп, жаһандану елімізге жер бетіндегі интеграциялық үрдістердің нәтижелерін, әлемдік дамудың игіліктерін алып келсе, ал екінші жағынан, ол ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық мәдениетті барынша бедерсіздендіруге итермелейді және саяси, әлеуметтік тәуелсіздіктің

қағидаттарына барынша немқұрайдылықпен қарайды. Кейбір әлсіздеу мәдениет пен өркениеттерді жұтып қоюға дайын тұратын қасиетімен, этностық келбетімізді жойып жіберуге бейімдігімен қауіпті» [6: 5]. Жаһандану процестерімен ілесе келген өзіншілдік, безбұйректік, менмендік оқшаулануға деген бейімділік көптеген ұлттың рухани құндылықтарын бедерсіздендіру үстінде. Жалпы ұлттардың мәдениеттерінің, экономикалық интеграциясы үдерісінің дамуы мультимәдени орта қалыптастыруда. Қоғамда түрлі жаңарулар орын алуда. Себебі, жаһандану үдерісі түрлі мультимәдени тоғыстарды қалайды. Мәдениеттер тоғысуынсыз жаһандану жүзеге аспайды, сондықтан қазіргі қоғамда мультикультурализм процесінің алатын орыны айрықша. Мультикультурализм процесінде қоғамда әр ұлт, этноқауымдастық мәдениеттер өзара пәрмендеседі. Бірақ мультикультурализм процесін жүзеге асыруда әр ұлт өз «менін» сақтап қалуға тырысуы заңды құбылыс. Онсыз ұлттың келбеті жоғалып кетуі де ғажап емес.

«Ұлттық өзіндік ерекшелік басқа ұлттармен салыстырғанда ғана түсінікті болады, оны басқаша айқындау мүмкін емес. Ұлтаралық қарым–қатынас болмаса, ұлттық өзіндік ерекшелік өз мәнін жоғалтады. Өзінің ұлтынан айрылған жеке адам ұзақ уақыт бойы өзінің ұлттық қасиетін сақтап қалады. Егер ол сіңісіп кететін болса, бұл процесс кемінде бір ұрпаққа жалғасады» [7: 8]. Мультикультурализм жаһандану қоғамында айрықша орын алмақ, ол қазіргі қоғам үшін маңызды процестердің бірі ретінде танылмақ. Себебі, кез келген жеке адам, этникалық қауымдастықтардан, әлеуметтік құбылыстардан, мәдени құндылықтардан оқшау өмір сүре алмайды, олар субъектімен қарым–қатынас жасауға, өзара байланыста болуға ұмтылады. М. Бахтин адамзат өміріндегі қарым–қатынас мәселесі туралы былай байыптаған болатын: «Адамның өзіндік болмысы (ішкі және сыртқы) түгелдей дерлік қарым–қатынастан тұрады. Болу дегеніміз — қатынаста болу дегенді түсіндіреді» [8: 312]. Ғалымдардың сараптаулары бойынша мультикультурализм терминінің негізінде ұлт мәселесі жатыр, сол ұлтқа тән ерекшеліктерді жоғалтпай, қарым–қатынастарды сақтап, толерантты өмір сүру кезеңінде бұл әдіс айрықша қызмет көрсетпек.

«Ұлт дегеніміз ортақ тілі бар, мәдениет пен психиканың салыстырмалы орнықты кейбір жалпы белгілері бар, өзінің аты арқылы (этноним) айқындалатын, жалпы өзіндік санасы бар белгілі бір мекендерде тарихи қалыптасқан адамдардың тұрақты жиынтығы» [9: 22]. Белгілі бір ұлт өкілдерімен басқа ұлт өкілдерінің мәдениетінің тоғысуында айрықша орын алатын құбылыстардың бірі мультикультурализм. Ол әр ұлт өкілдерінің мәдениетін байыта кетпек қасиеті де бар, себебі мультикультурализм басқа ұлттың құқықтарын құрметтеуде айрықша қызмет көрсетпек. Сондықтан, мультикультурализм ұғымы қоғамда этникалық топтар арасында қақтығыстың болуына кедергі көрсетпек. Мультикультурализм ұлт пен мемлекет шеңберінде түрлі мәдениеттерді тасымалдауда үйлесімді қызмет атқармақ.

Мультикультурализм әдісіндегі басты мәселелердің бірі сан алуан мәдениеттердің өзіндік ерекшелігін сақтау және алуан түрлі дамудың үрдістері. Мультикультурализмнің негізінде бостандық, теңдік, бауырластық секілді философиялық құндылықтар бар. Бүгінгі таңда мультикультурализм мәселесі қоғамда діни, саяси, әлеуметтік, мәдени қақтығыстарды шешуде маңызы айрықша. Батыс Еуропа, Солтүстік Америка жерлерінде мультикультурализм жақсы дамыған. Демократияның жақсы дамуы мультикультурализмнің таралуына ықпал етті. Канада мемлекеті мультикультурализмді саясат негізі деп таниды, себебі мультикультуралық әдіс қоғамда шиеленістердің болуын бәсеңдетті. Мультикультурализм әдісі қоғамда алғаш қалыптаса бастаған кезеңдерде түрлі сынға ұшырай бастады. Мысалы, АҚШ–тағы егіздер мұнарасының жарылуы, Мадриттегі және Лондондағы террористік шабуылдар саяси қақтығысқа ұласты. Еуропада бұрыннан келе жатқан күрделі жағдайлар бар. Испаниядағы баскілер, Солтүстік Ирландиядағы діни жанжалдар, Бельгия еліндегі шиеленістер мәселелерін көрсетуге болады. У. Кимлика өз дүниетанымында: «...адам өз мәдениетін сақтаудың екі себебін ашып көрсетеді: біріншісі жекелік, екіншісі автономия. Біріншіде, әрбір мәдениетке тән икемділік, дәстүр, мінез–құлық бар. Екіншіде, әрбір ұлттың өзін–өзі бағалауда мәдениеттің алатын орыны айрықша», – деп өз көзқарасын білдіреді [10: 166]. Мысалы, америкалық мультикультурализм мәселесін алатын болсақ, философиядан бастап қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтыды. Мультикультурализм сондықтан қоғамдық өмірге өз әсерін тигізді, түрлі этникалық ұлт өкілдері бір ұлттың іргесінде өмір сүрді. Сондықтан бүгінгі таңда Америка елі кез келген ұлт өкілінің бақытқа жетуіне айрықша әсер ететін гүлдену қоғамы ретінде танылып, әлемнің сан алуан елінен келген мигранттардың өзін қызықтыруда.

Қоғамда мультикультурализм құбылысын таза американдық әдіс ретінде танитын ойшылдар жетерліктей. Кейіннен, бұл құбылыс Австралия, Колумбия, Парагвай, Оңтүстік Африкада кеңінен

тарап, қоғамдық өмірдегі маңызды әдістердің біріне айналды. Мультикультурализм терминінің астарында толеранттылық, бірегейлік, жаһандандыру, гендерлік саясат, саяси консенсус, тәжірибе алмасу секілді құндылықтар бар. Қазір әлемде 3000-ға мыңға жуық ұлттар мен ұлыстар өмір сүруде. Олардың 200-ден астамы бірнеше мемлекетке біріккен. Әлем бойынша көптеген мемлекеттер бірыңғай ұлтты емес, көп ұлтты мемлекет. Ұлттардың бір-бірімен қатынас жасау барысында, бір ортада өмір сүруінің салдарынан олардың мәдениеті өзара бір-бірімен кірігуде. Көп ұлтты мемлекеттерде қоғамдық ортада ұлтаралық шиеленістердің күшеюі немесе қақтығыстар, жанжалдар ол сол қоғамда өмір сүріп жатқан ұлт өкілдерін алалаудан болатындығы айдан анық құбылыс. Тарихқа жүгінсек ұлтаралық, дінаралық қақтығыстар, шиеленістер жер бетінен көптеген мемлекеттердің жойылып кетуіне себеп болды. Қазақ халқының бүгінгі таңда тәуелсіз ел атанып, ұлт ретіндегі бірегейліктің жойылмауында мультикультурализм құбылысының орыны айрықша. Қазақ халқының өмір сүру болмысында халықтар достығының адамзат өмірі үшін алатын орыны айрықша. Соның салдарынан қазақ елі бүгінгі таңда бірлігімен достығы жарасқан бейбіт ел атануда. 1943–1944 жылдары мындаған қалмақтар, қырым татарлары, қарашай-балқарлар, чешендер, ингуштар саяси жүйенің әсерінен біздің елге жер аударылды. Соғыс кезінде қазақ жеріне 2,5 миллиондай басқа ұлт өкілдері қоныс аударды. 1992 жылы қазақ халқының Ассамблеясы құрылды. Ассамблеяның 350-ге жуық мүшесі бар. Ассамблеядағы негізгі мәселелердің бірі ұлтаралық қатынастарды қадағалау, ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту, Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдерінің арасында достық қарым-қатынастың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясатты жүргізу ісімен айналысады. Қазақстан елінде түрлі ұлт өкілдерінің өз мәдени орталықтары бар. Ол орталықтардың негізгі міндеті өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, тарихын, салт-дәстүрін кейінгі жастарға үйрету, ұлттар мен ұлыстардың бірлігін күшейту. 2021 жылы елімізде өткен халық санағы бойынша, жалпы Қазақстандағы халықтың саны 19 миллион адамды құрайтындығы анықталған.

Мультикультурализмнің мәдени-әлеуметтік негізінде мынандай философиялық мәселелер бар: басқа ұлт өкілдерінің құқықтарының парасатты үйлесім табуы, ұлттар арасында ұлтаралық келісім, ізгілік, татулық, ынтымақтастық мәселелерінің жоғалмауы, жалпы адамзаттық құндылықтардың үйлесімділігін сақтай отырып, қоғамда тұрақтылық пен тұтастықты жоғалтпау, қоғамда өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың ұлттық ерекшеліктерімен мүдделерінің қорғалуы, ұлттардың әлеуметтік-экономикалық және рухани даму теңдігінің тең болуы. Ұлтаралық бірегейліктің сақталуы барысында Қазақстанда 140 этника мен 46 конфессия бейбітшілікпен өзара келісімділікте өмір сүруде. Бүгінгі таңда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында шетелден инвестиция құйылып, өңірлерде өндіріс іске қосыла бастады. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында шетелдік компаниялар инвестиция құюда, сырттан көшіп келушілердің саны артты. Қазақ дүниетанымында нәсіліне, ұлтына, діни сеніміне байланысты бөлінбеу тарихтан қалған әлеуметтік тәжірибе ретінде танылmaq. Бабалар өмірімен тәжірибе алмассақ, бірлігі жарасқан елдің ғана болашағы берік болмақ. Қазақ елі үшін мультикультурализм мәселесі бүгінгі күннің ғана негізінен келіп туған мәселе емес, өткен, қазіргі, болашақ өмірдің таңдаулы жобаларының бірі болып табылмақ. Ұлт мәселесін зерттеуші ғалымдардың көзқарастарына, ой-пікірлеріне тоқталсақ: «қалыптасқан әлемдегі қақтығыстар негізі қайнары идеология мен экономика емес, адамзатты айтарлықтай шекараға бөліп тастаған және қақтығыстарда басымдылыққа ие мәдениетте болады. Ұлт — мемлекеттің халықаралық қатынастарында басты әрекет етуші субъект ретінде қала береді, бірақ жаһандық қақтығыстардың маңызды деген қақтығыстары түрлі өркениеттердің өкіліне жататын ұлттар мен топтар арасында қыза түсуде. Өркениеттер қақтығысы әлемдік саясаттың жетекші факторына айналады. Өркениеттер қақтығысы әлемдік болашақ майдан алаңдары», — деп тұжырымдаған болатын [11: 166].

Қазіргі таңда Қазақстан әлемнің дамыған елдер қатарына қосылуды басты мақсат ретінде қойып, жаһандану дәуірінде өркениеттік қақтығыстың алдын алудың басты бағыттарының бірі ұлттар арасындағы бірегейлікті сақтау талабын күшейту. Мультикультурализм мәселесінің адамзат өмірі үшін философиялық мәні тереңде және қоғамда бірегейлікті сақтау негізі. Мультикультурализм әдісінде қоғамда кез келген ұлт өзінің ұлттық мәдениетін сақтау ең басты мәселелердің біріне айналған. Кез келген ұлт үшін ұлттық мәдениет адамзат қоғамында айрықша орын алатын білімдер жүйесі. Оған адамзат өмірі үшін маңызды саяси, философиялық, экономикалық, діни, әлеуметтік, тарихи, эстетикалық, этикалық, мәдени құндылықтардың барлығын жатқызамыз. Бұқаралық мәдениеттің қарқынды даму салдарынан бүгінгі жаһандану қоғамында ұлттық құндылықтар мен мәдениеттер үлкен өзгеріске ұшырауда. Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы — Нұрсұлтан

Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарымызды сақтауды міндеттейді: «Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың ең басты шарты — сол ұлттың кодын сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніміз құр жаңғырыққа айналу оп–оңай. Бірақ, ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, ала бастайтын қасиеттерді де, жежесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық–рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдыреттерімен маңызды. Бұл — тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт–дәстүрлерін алдағы өркендеулердің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қараймын» [12: 2]. Елбасымыз осынау сөздер арқылы ұлтымыздың рухын көтеруге деген ниеттің сара жолын көрсетіп отыр, ұлтымызға рухани жол көрсететін озық ойлы мәлімдеме ретінде тануға да болады.

Кез келген ұлтты ұлт етіп көрсетіп отырған ол — ұлттың рухани коды. Қазақ халқының рухани кодына ұлтымызға тән тіл, дін, мәдениет, дәстүр, тарихымызды жатқызамыз. Ұлттық кодын мойындамау, сол ұлтты мүлдем мойындамауға ғана алып келмейді, ұлтты мәнғүрттендіріп, тіпті тұлғалық бейнесінен айырмақ. Бүгінгі таңда қоғам өмірінде көптүрлі мәдениеттілік адам санасының тұйықталуына, адамның адамдық түпкі негізден, яғни өз–өзінен, өзінің ұлттық тегінен жатсынуға әкеп тіреуде. Осының нәтижесінде, бүгінгі күні қоғамда адам арасында өз ұлтына тән атадан балаға мирас болып қалған ұлттық құндылықтарына өгейсіну құбылыстарыда көрініс беруде. Ал біз төл мәдениетімізді сақтау арқылы ұлттық келбетімізді сақтаймыз. Өркениетті дамыған елдерге көз жүгірте қарасақ, технологиялық дамумен қатар ұлттық руханиятымыз да дамып келе жатыр. Жапония елі технологиялық дамумен қатар, ұлттық сананың жоғарлауына айрықша мән беруде. Бүгінгі таңда әлем елдері осы саясаттың тиімділігіне көз жеткізе білді. Ресейлік ғалымдардың зерттеулеріне тоқталсақ, полиэтникалық мемлекеттерде тек бір ұлтты ғана ұлт ретінде мойындау, қоғамды тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін деген тұжырымдар айтады. Қазіргі таңда ұлттың басқа ұлт өкілдерімен қатынасын мынандай үш бағытта өрбіткен абзал.

Біріншіден, ұлттық мәдениетімізді қайта түлетіп, нығайта білу керек. Олай болмаған жағдайда тұтынушының психологиялық талаптарын орындайтын нигилистіктен прагматистік мәдениет басады.

Екіншіден, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Әрбір қазақ азаматын отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Үшіншіден, еліміздегі барлық ұлт өкілдерінің бірегейлігімен төлтумалығы мойындалып, жалпы адамзатқа ортақ рухани байлықты дамыта түсу шарт. Көпэтникалық қоғамда толеранттылық мәселесі қоғамдағы көптеген этникалық мәселелерді орнықты шешпек. Қазіргі таңда қоғамымызда ұлтаралық кикілжіндер жоқ, Қазақстан көп ұлтты мемлекет болсада унитарлы мемлекет. Өткенді бүгінгі күнмен, бүгінгіні болашақпен сабақтастыратын ол ұлттық мәдениет. Кез келген ұлт үшін мәдениеттің адамзат дамуында алатын орыны айрықша және ұлттың рухани дамуына негіз болатын құндылық. Мәдениет бүгінгі таңда қоғамды біріктіруші, топтастырушы, ықпалдастырушы күшке айналса, қоғам да ұлтаралық қатынаста рухани негіз қаланып, әлеуметтік иммунитет қалыптаспақ. Бір жыныстық неке мәселесі бойынша мультикультурализм арақатынасында күрделі мәселелер туындап отыр, қоғамдық ортада бұл мәселеге әртүрлі баға беріліп келеді. Ұлыбритания елінде бір жынысты некені тіркеуден бас тартқан неке тіркеуші қызметін сотқа берді. Қазіргі таңда әлем елдері бойынша құндылықтар төңкерісі болып жатыр. Жер бетінде бірнеше ұлттар жойылып кетуде және кейбір ұлттар жойылуының алдында тұр. Сондықтан мультикультурализм мәселесіне келгенде қоғамда қазақ халқының қонақжайлылық пен ізгілік қасиетін өзге ұлттар өз мүддесіне пайдаланбауы тиіс. Мультикультурализм жағдайында қазақ халқының ұлттық құндылықтары басымдылыққа ие болып отыруы шарт. Сонда мультикультурализм мәселесін бірегейлендіруде қайшылыққа келмейміз.

Қазіргі ұлттық құндылықтарымыз дамыту мен мультикультурализмді дамыту қатар жүретін және бірін-бірі байытатын үрдіс ретінде құрылуы тиіс. Өйткені полиэтникалық қоғам өзіндік мәдениетті тану, өте қиын болып табылатын қоғам. Басқа ұлттармен ұлттық бірегейлік орнату, ең бірінші әрбір ұлттың өзіндік ұлттық болмысын сақтаудан бастау алмақ. Ұлттық құндылықтардан

айырылу ұлт үшін өте қауіпті құбылыс. Жаһандану жағдайындағы мультикультурализм мәселесі дегенде ол ұлтты ұлт етіп отырған құндылықтарды төмендету емес, керісінше, ұлттық құндылықтарды бағалай отырып, өзге ұлт өкілдерінің төл құндылықтарына да құрметпен қарау. Ұлтаралық қатынас біздің елімізде кенеттен, кездейсоқ орнықпаған құбылыс, ол ерекше этноәлеуметтік феномен ретінде тарихи, мәдени және рухани қайнар бастаулармен байланысты. Сондықтан, мультикультурализм қоғамдағы көп жақты құбылыстардың бірі — ол қоғамның барлық салаларын қамтиды. Р.Б. Әбсаттаров өзінің «Ұлттық қатынастардың дамуы» атты еңбегінде социализм дәуіріндегі ұлттар арасындағы қатынастарда мәдени сұхбаттың маңызы жоғары болғанын атап өтеді. Ол ақын-жазушылардың үздік шығармаларының бір тілден екінші тілге аударылуы, олардың насихатталуы сол тарихи кезеңдегі халықтар ынтымақтастығын нығайтқан маңызды рухани үрдіс болғандығын және соның арқасында қоғамда ұлыстар арасында, қарапайым ұлт өкілдері арасында мәдени сұхбат орныққанын пайымдайды [7: 85]. Мультикультурализм қоғамның мәдени салаларынан бастап рухани салаларының барлығында айрықша орын алатын құбылыс. Елімізде тарихи тұрғыдан өзін дәйектеген бір ғана ұлт — қазақ ұлты бар. Ал қалғандары этникалық топтар болып табылады, басқаша тілмен айтқанда этникалық диаспоралар.

«Қазақстандағы мультимәдени қоғамның ұйытқысы не болады?» деген философиялық және саясаттанулық дүниетанымдық сауалға «... ең алдымен мемлекет құрушы этнос — қазақтың мәдениеті, ділі, мәдениеті мен тілі дегенге келеміз. Қазақ халқының қанында бар басқа ұлтқа — адамзат баласына деген жанашырлық, толеранттық қатынас. Міне, бұл да Қазақстандағы мультимәдени қоғамның бір ерекшелігі» деген сараптауға қосылуға болады [7: 4]. Адамзат жер бетінде тіршілік ету барысында, бір-бірін құрметтеу, сыйлау және бір-біріне жанашыр болуға тиіс. Қоғамда ұлтқа бөлініп, жіктелулердің ұлттарды бір-біріне жау етіп тіресуі, адамзатқа үлкен қасіреттер әкелетіндігі тарихтан бәрімізге белгілі. Ұлтаралық қатынастарда адамзат игілігі үшін, толеранттылық таныту қажет.

Қорытынды

Жаһандану қоғамында мультикультурализм әлеуметтік үрдіс, одан шет қалу мүмкін емес. Кейбір мемлекеттерде бұл саяси қалыптасқан үрдіс болса, көптеген елдерде енді қалыптасып келе жатқан құбылыс. Мультикультурализмнің мәдени-әлеуметтік негіздеріне тоқталу арқылы, оның алғышарттары ретінде ұлтаралық ынтымақтастық, мәдени плюрализм, еркіндік қағидасы, сөз бостандығы, жеке құқықты құрметтеу, мәдени және діни толеранттылық сияқты ұстанымдарды жатқызамыз.

Мультикультурализм саналуандықтан құралған қоғамды білдіреді, түрлі мәдениеттер өзара кірігіп, тату өмір сүруі. Қазақстанда мультикультурализм мәдени-тарихи, әлеуметтік-саяси негізі бар құбылыс. Мультикультурализмнің басты мәселелерінің бірі ұлттық мәдениеттің прогрессивті жетістіктерін сақтау. Сондықтан, бүгінгі таңда Қазақстан қоғамы үшін мультикультуралық қатынаста ұлтымызға тән құндылықтарды сақтау басты орында болу шарт, ол мультикультурализм құбылысына қайшы емес, керісінше үндестікте. Мультикультурализм құбылысы қазіргі таңда Қазақстан қоғамын дамытушы факторлардың бірі ретінде танылмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Козлик И.В. Мультикультурализм и методологические проблемы литературоведения / И.В. Козлик // Вестн. Том. гос. ун-та. Сер. Филология. — 2009. — № 2 (6). — С. 41–58.
- 2 Глейзер Н. Мультиэтнические общества: проблемы демографического, религиозного и культурного разнообразия / Н. Глейзер // Этнографическое обозрение. — 1998. — № 6. — С. 106, 107.
- 3 Куропятник А.И. Мультикультурализм: проблемы социальной стабильности полиэтнических обществ / А.И. Куропятник. — СПб.: СПб. гос. ун-т, 2000. — 320 с.
- 4 Дмитриев Г.Д. Многокультурное образование / Г.Д. Дмитриев. — М.: Прогресс, 1999. — 208 с.
- 5 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. — 720 б.
- 6 Нысанбаев Ә. Тәуелсіздік философиясы / Ә. Нысанбаев // Адам әлемі. — 2006. — № 83. — Б. 9–16.
- 7 Шалабаева Г.К. Евразийство сквозь призму изобразительного искусства Казахстана / Г.К. Шалабаева. — Алматы, 2010. — 251 с.
- 8 Бахтин М. Эстетика словесного творчества / М. Бахтин. — М.: Мысль, 1980. — 356 с.
- 9 Борисов В.А. Население мира. Демографический справочник / В.А. Борисов. — М.: Мысль, 1989. — 477 с.
- 10 Гуссель Э. Кризис европейского человечества и философия / Э. Гуссель. — М.: Наука, 1995. — 430 с.

- 11 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций / С. Хантингтон; пер. Е.Д. Руткевич. — М.: Медиум, 1995. — 323 с.
12 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. — 2017. — № 70 (29051).

Г.М. Жалелова, С.К. Рахимжанова, А.М. Маликова

Социально-культурные основы мультикультурализма

В статье дано определение понятию «мультикультурализм». По мнению авторов, это философия поликультурности, направленная на сохранение и развитие религиозной, культурной, расовой идентичности граждан разных этнических групп. Кроме того, отмечено, что мультикультурализм способствует дальнейшему развитию казахстанского общества. Проведен анализ теоретических основ постмодернистской парадигмы данного понятия, а также с философской позиции освещены его определения и основные характеристики.

Ключевые слова: мультикультурализм, этногенез, нация, межнациональные отношения, идентичность, философия, культура.

G.M. Zhalelova, S.K. Rakimzhanova, A.M. Malikova

Socio-cultural foundations of multiculturalism

The article analyzes the philosophical, cultural and spiritual foundations of multiculturalism in the era of globalization. It is assumed that multiculturalism is a philosophy of multiculturalism aimed at preserving and developing the religious, cultural, and racial identity of citizens of different ethnic groups. The article emphasizes that multiculturalism contributes to the further development of Kazakh society. An analysis of the theoretical foundations of the postmodern paradigm of the concept of multiculturalism are philosophically analyzed with its definitions and main characteristics.

Keywords: multiculturalism, ethnogenesis, nation, interethnic relations, identity, philosophy, culture.

References

- 1 Kozlik, I.V. (2009). Multikulturalizm i metodologicheskie problemy literaturovedeniia [Multiculturalism and methodological problems of literary criticism]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya Filologiya — Bulletin of Tomsk State University. Philology Series*, 2 [in Russian].
- 2 Gleizer, N. (1998). Multiethnicheskie obshchestva: problemy demograficheskogo, religioznogo i kulturnogo raznoobraziia [Multiethnic societies: problems of demographic, religious and cultural diversity]. *Etnograficheskoe obozrenie — Ethnographic review*, 6 [in Russian].
- 3 Kuropiatnik, A.I. (2000). Multikulturalizm: problemy sotsialnoi stabilnosti polietnicheskikh obshchestv [Multiculturalism: problems of social stability of multiethnic societies]. Saint Petersburg: Sankt-Peterburgskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 4 Dmitriev, G.D. (1999). *Mnogokulturnoe obrazovanie [Multicultural education]*. Moscow: Progress [in Russian].
- 5 Nysanbayev, A. (Eds.). (2001). *Qazaqstan. Ul'tyq entsiklopediia [Kazakhstan: national encyclopedia]*. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 6 Nysanbayev, A. (2006). Tauelsizdik filosofiiasy [Philosophy of independence]. *Adam alemi — The Human world*, 83, 9–16 [in Kazakh].
- 7 Shalabaeva, G.K. (2010). *Evraziistvo skvoz prizmu izobrazitel'nogo iskusstva Kazakhstana [Eurasia through the prism of fine art of Kazakhstan]*. Almaty [in Russian].
- 8 Bakhtin, M. (1980). *Estetika slovesnogo tvorchestva [Aesthetics of word creativity]*. Moscow: Mysl [in Russian].
- 9 Borisov, V.A. (1989). *Naselenie mira. Demograficheskii spravochnik [Population of the world. Demographic directory]*. Moscow: Mysl [in Russian].
- 10 Gussel, E. (1995). *Krizis evropeiskogo chelovechestva i filosofiiia [The Crisis of European Humanity and Philosophy]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 11 Khantington, S. (1995). *Stolknovenie tsivilizatsii [The clash of civilizations]* / (E.D. Rutkevich, Transl.). Moscow: Medium [in Russian].
- 12 Nazarbayev, N.A. (2017). *Bolashaqqa bagdar: rukhani zhangyru [Future Orientation: Spiritual Revival]*. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*, 70 [in Kazakh].

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ INFORMATION ABOUT AUTHORS

- Abdiraiymova, A.S.** — Candidate of historical sciences, Professor, Head of Department of Social and humanitarian disciplines and physical education, Academy of logistics and transport, Almaty, Kazakhstan.
- Abil, Ye.A.** — Doctor of history sciences, Professor, Director of the Institute of State History, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Abisheva, A.K.** — Master student, Abai Myrzakhmetov Kokshetau University, Kazakhstan.
- Akanov, K.G.** — PhD, Senior Researcher, Department of Eurasianism and Political Studies, Institute of History of State Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Akhmetova, I.A.** — PhD student, Department of philosophy and theory of culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Akhmetshina, G.U.** — Master of history, Senior Lecturer, Arkalyk Pedagogical Institute named after Y. Altynsarin, Kazakhstan.
- Amanova, A.S.** — Candidate of historical sciences, Associate Professor of the Higher school of humanitarian sciences, Pavlodar Pedagogical University, Kazakhstan.
- Baizhanova, G.N.** — Master in humanities, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan.
- Berikbolova, A.N.** — Master's degree student, Department of Pedagogy of choreography, T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan.
- Imyrova, Z.S.** — PhD, Associate Professor–Researcher, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan.
- John, A.A.** — Candidate of historical Sciences, Senior Research fellow, Center for Dungan and Chinese studies, Institute of history and cultural heritage, NAS KR, Bishkek, Kyrgyzstan.
- Junusbayeva, A.M.** — Candidate of historical sciences, Senior Lecturer, Almaty Technological University, Kazakhstan.
- Kabyltayeva, S.K.** — PhD, Senior Lecturer of Department of History of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Kaliyeva, B.T.** — PhD Student, Department of history of Kazakhstan, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
- Kapyshev, A.K.** — Candidate of historical Sciences, Associate Professor, Abai Myrzakhmetov Kokshetau University, Kazakhstan.
- Karin, E.** — Candidate of political sciences, Chairman of the Kazakhstan Council on International Relations Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Karipbaev, B.I.** — Doctor of philosophy sciences, Professor of the Department of philosophy and theory of culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Konuspayev, Ye.** — Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Kozhirova, S.B.** — Doctor of Political Sciences, Professor, Institute of the Oriental Studies of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

-
- Ksenzhih, G.** — Doctor of history sciences, Professor, Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan.
- Kuzembayuly, A.** — Doctor of history sciences, Professor, A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kazakhstan.
- Makasheva, K.** — Doctor of history sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Malikova, A.M.** — PhD, Senior Lecturer of Department of actor of drama theater and directing, Kazakh National University of Arts, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Manassova, M.M.** — PhD, Assistant Professor of the Department of philosophy and theory of culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Mukatayeva, L.K.** — Candidate of historical Sciences, Associate Professor, Department of the General Education, M.Narikbayev KAZGUU University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Mukhamadeyeva, I.A.** — Candidate of historical Sciences, Associate Professor, Department of the International Relations, History and social Work, Abai Myrzakhmetov Kokshetau University, Kazakhstan.
- Mukhtarova, K.** — Doctor of economics sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
- Panto, D.** — PhD, chief specialist, Museum of World War II, Gdansk, Poland.
- Patnaik, A.** — Doctor, Professor, Jawaharlal Nehru University, New Delhi, India.
- Rakimzhanova, S.K.** — PhD, Senior Lecturer of the Department of Philosophy, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Razumov, V.I.** — Doctor of philosophical sciences, Professor of Department of Philosophy, Omsk State University named after F.M. Dostoevsky, Russia.
- Sabdanbekova, Z.A.** — Candidate of historical sciences, Associate Professor of the Higher school of humanitarian sciences, Pavlodar Pedagogical University, Kazakhstan.
- Sadykova, A.M.** — PhD, Associate Professor of the Higher school of humanitarian sciences, Pavlodar Pedagogical University, Kazakhstan.
- Sagatova, Sh.B.** — Candidate of philological sciences, Associate Professor of the Center of languages, Almaty Management University, Kazakhstan.
- Sailaubayeva, N.E.** — Candidate of historical sciences, Associate Professor, Department of history of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Saktaganova, Z.G.** — Doctor of history Sciences, Professor, Department of Archeology, Ethnology and Kazakhstan History, Director of the Center for Ethnocultural, Historical and Anthropological Research, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Salymatova, N.R.** — Master in humanities, Senior Lecturer of Department of philosophy and theory of culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Sarsenbayev, A.B.** — Candidate of historical sciences, Associate Professor of Department of Social and humanitarian disciplines and physical education, Academy of logistics and transport, Almaty, Kazakhstan.
- Seifullina, G.R.** — Candidate of philosophical sciences, Professor of Department of the social-political disciplines and Assembly of people of Kazakhstan, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Kazakhstan.
- Shotbakova, L.K.** — Candidate of historical Sciences, Associate Professor of the Department of Archeology, Ethnology and Kazakhstan history, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.
- Tukpatullin, T.S.** — PhD student, Department of social and humanitarian disciplines A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kazakhstan.
- Turlyayev, V.A.** — PhD student, Department of philosophy and theory of culture, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Kazakhstan.

-
- Tursun, Kh.M.** — Candidate of historical sciences, Professor, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.
- Tursynbayeva, A.O.** — Candidate of philosophical sciences, Professor of Department of philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Yunissov, Ye.A.** — PhD student, Department of philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Zhalelova, G.M.** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Zhamelov, B.A.** — PhD student, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.
- Zholdassuly, T.** — PhD, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan.
- Zhumatay, S.** — PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- Zhuikova, L.A.** — Candidate of Art History, Professor, Department of Pedagogy of choreography, T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan.